



М. Тапашев

ҰЛЫТАУ АҚЫНДАРЫ

(жалғасқан дәстүр)



М. ТАПАШЕВ

ҰЛЫТАУ АҚЫНДАРЫ

(ЖАЛҒАСҚАН ДӘСТҮР)

Зерттеу

Көкшетау 2010

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3Қаз
Т 20

Ө. Ө. Байқоныров атындағы Жезқазған университетінің
ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған.

Пікір жазғандар:

Б. Әбдіғазиев, филология ғылымдарының докторы,
профессор

А. Еспенбетов, филология ғылымдарының докторы,
профессор

Тапашев М.

**Т 20 Жалғасқан дәстүр. Зерттеу. – Кокшетау,
2010. – 144 с.**

ISBN 978-601-231-291-1

Зерттеу еңбекте Ұлытау-Жезді өңірінде ғұмыр кешіп,
артына мол көркемдік мұра қалдырған айтулы сөз зергерлері
Қ. Тоқсанбаев, И. Жылқайдаров және Б. Қожабаевтардың
шығармашылығы жан-жақты талданып, ғылыми баға беріледі.

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3Қаз

ISBN 978-601-231-291-1

© М. Тапашев, 2010

КІРІСПЕ

Өздерінің аты-жөндері сақталып, сандаған ғасырды артқа тастап бүгінгі күнге жеткен ақын-жыраулар поэзиясы – ұлттық сөз өнерінің негізін қалыптастырып, халықтың көркем ойлау деңгейін, эстетикалық талғамын танытып келді. Сонымен бірге, қоғамды, өмірді тану, ақиқатты анықтап айта білу, рухани құндылықтарды бағалау қырларын да көрсетті. Мұндай поэзияда халықтың философиялық көзқарастары да көрініс беріп отырды. Халық поэзиясы оның өткен күндерінің шежіресі десе де болатындай. Әсіресе тарихи жырларда халықтың тарихы жақсы танбаланды. Тіпті аймақ, өңір тарихынан орын алатын деректі мәні бар мәліметтер поэзияда көрініс тауып жатты. Қазақ тарихындағы қоғам-мемлекет қайраткерлерінің, би-шешендерінің, хан-батырлардың, т. б. өміршен істері де өлең-жырларда бейнеленді. Осындай шығармашылық қызмет атқарған ақын-жыраулар поэзиясы бүгінгі күнге толық жетпегені жазылып та, айтылып та жүргені шындық. Ақындар мұрасын зерттеп-зерделеу ең әуелі өткенімізді терең тану арқылы бүгінгіміздің мәнін жете парықтауымыз үшін қажет. «Кешегіміз түгенделмей, бүгінгіміз бүтінделмейді» [1, 45] деген К. Кеменгеровтің пікіріне ден қоймасқа болмайды.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басын қазақ халқының рухани-мәдени өміріндегі айрықша бір кезең десе де болады. Сондықтан да осы кезең әдебиетінің дамуына атсалысқан әрбір ақын, жазушының шығармашылық әлемін нақты әрі жан-жақты қарастыру бүгінгі таңда толғақты да маңызды. Олай етпейінше, бұл дәуірдің

шын суретін көзге елестету мүмкін емес. XIX–XX ғасыр әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірсыпыра шығармалары біздің дәуірімізге біршама жақын болғандықтан жетіп отыр. Соның нәтижесінде, бұл тұстағы әдеби мұраның барлығы болмаса да, біршамасы түрлі зерттеу еңбектерге арқау болғаны анық. Ал бұлардың сыртында қаншама сөз зергерлерінің есімдері мен шығармалары шағын ғана әдеби-ғылыми ортаға мәлім болмаса, былайғы көпшілік қауымға әлі де беймәлім күйде қалып келеді. Зерттеу еңбегімізге арқау болып отырған Қожабай Тоқсанбайұлы, Иманжан Жылқайдарұлы және Болман Қожабайұлының шығармашылық тағдыры жөнінде осыны айтуға болады. Бұл ақындардың әдеби мұрасы ғылыми айналымға түсуге лайық, талдап тануға тұрарлық біршама құнды дүниелер болып табылады. Әйтсе де, осы уақытқа дейін ақындар шығармашылығын ғылыми тұрғыдан бағалап пайымдаған іргелі зерттеу еңбектер жазыла қойған жоқ. Халық ақындарының шығармашылығын, айтыс өнерін зерделеген монографиялар мен ғылыми еңбектерде ақындар шығармашылығына назар аударылғанымен, жан-жақты талданып талқыланған емес. Мұнымен қатар, ақындардың жекелеген өлең-толғаулары, айтыс ақыны ретінде шеберлігі туралы мерзімді баспасөз беттерінде арагілік бірлі-жарым мақалалар жарияланып тұрғанын да жоққа шығара алмаймыз. Алайда, бұл еңбектерде ақындардың шығармашылығы ғылыми тұрғыдан жан-жақты, кең көлемде, жүйелі зерттелген емес, сондықтан баспа бетін көрген азды-көпті дүниелерді місе тұтуға болмайды. Бұл айтылған кемшіліктер, аталған ақындардың әдеби мұрасын танып білуге кесдергі болатындығын дәлелдеп жатудың қажеті болмас. Біздің мақсатымыз осы кемшіліктерді жою, ендігі жерде болдырмау үшін күресу болып табылады. Міне, тақырып өзектілігі осыдан көрінеді. Академик С. Қасқабасов «халыққа мұра болып жеткен рухани

мәдениетіміздің мағынасын, мәнін, маңызын ашып беру, рухани мұранын ел өмірі мен тарихында атқарған ролін, болмыстағы қызметін көрсету» [2,48], әдебиет тарихының басты міндеттері екенін атап көрсетеді.

Ақындардың шығармашылығына қатысты мәлімет деректерді «XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы» жинағынан, Е. Ысмайылов, М. Жармұхамедов, С. Негимов, Т. Тебегенов, К. Сейдаханов, Б. Жүсіповтардың зерттеу еңбектерінен тауып, ғылыми жұмыстың мақсат-мұратына қарай пайдалануға тырыстық. Сондай-ақ, аталған ақындардың әдеби мұраларын ел арасынан жинап, ғылыми-зерттеу орталықтарына тапсырған А. Қаражігіттовтің, С. Бүкіровтің, Қ. Ахметовтің, Т. Құлмановтың, Б. Мырзабековтердің мәліметтері де зерттеу жұмысын жазуда кәдеге асканын айтуымыз керек.

Өздерінің халқы алдындағы ақындық міндеттерін толық өтеп кеткен Қожабай Тоқсанбайұлы (1841–1918), Иманжан Жылқайдарұлы (1882–1973), Болман Қожабайұлы (1880–1972) шығармашылық мұралары алдында күні бүгінге дейін қарыздар болып келеміз. Олардың ақындық қабілетін, шығармашылық шеберлігін шыңдаған әдеби ортасы, ақындық айналасы толық зерттелген емес. Сондықтан ақындардың буынын бекітіп, томағасын сыпырып қияға ұшырған орта мен ақындық мектепті таныту жауапты міндеттердің бірі. Зерттеуіміздің тағы бір мақсаты халық ақындарының әдеби мұраларында бейнеленген дәуір шындығын байыптау, замана көріністеріне зер салу, өлең-толғауларының идеялық-тақырыптық ерекшеліктерін ашу, сол арқылы халық поэзиясы өкілдері арасында алағын орындарын айқындау болып табылады. Осы талап тұрғысынан қарағанда халық поэзиясының дамуына үлес қосқан, сөйтіп артына мол әдеби мұра қалдырған ақындардың шығармашылығын жаңаша пайымдаудың қажеттілігі өзінен-өзі туындайды.

Ақындардың өздеріне дейінгі және тұстас сөз зергерлерімен үндестігін, әдеби сабақтастығын талдап, таразылау арқылы олардың өлең-толғау, жыр-дастандарының көркемдік деңгейін анықтау, сапалық айырым-белгілерін ажыратып, айтыс өнеріндегі ізденістерін тарихи-әдеби үрдіспен байланыста алып зерттеу, міне, бұл салада да атқарарлықтай іс жетерлік. Ендігі жерде ақындардың өлең-толғауларының, жыр-дастандарының тағдырын қазбалап танытып, тереңіне бойлап, олардың ақындық шеберлігіне дәлел болатын туындыларының көркемдік сапасын айқындау, талдап-таразылау «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жүргізіліп жатқан мақсатты жұмыстарға үн қосу болып та табылады. Бұл да өз кезегінде зерттеу еңбектің өзектілігін байқата алады. Сол себепті, Қожабай, Имаишан, Болмандардың шығармалары зерттеу еңбектің нысанына алынып, ғылыми айналымға түсуі қоғам сұранысы, уақыт талабы екені даусыз ақиқат.

АҚЫНДЫҚ ОРТА ДӘСТҮРІ

Қазақ жерінің басқа өңірлері сияқты Орталық Қазақстанда, оның ішінде Ұлытау-Жезді аймағының өнері мен мәдениетінің тарихы да өз желісін әріден бастайды. Небір дүлдүл ақын-жыраулардың, жыршы-термешілердің, әнші-күйшілердің қазақтың ғасырлар бойы жасаған рухани құндылықтарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, кейінгі өнерпаз, талантты өнер иелерін баулуға, олардың әдебиет пен өнерге құштарлығын арттыруға елеулі әсер етіп, ықпал жасағаны мәлім.

Өңірдің өткен өміріне бір сәт қана ой жүгіртіп көз алдымызға слестетсек, Ұлытау – географиялық атау ғана емес, бай тарихы, сарқылмас сыры, таусылмас жыры, күмбірлеген күйі бар шежірелі де өнерлі өлке. Саналы ғұмырын эмиграцияда өткізген гуманист ғалым П. Н. Савицкий: «Қазақстанның інжу-маржаны қандай керемет. Мұғалжар қандай ғажап! Ұлытау қандай керемет! Бұлардың бәрі байтақ даладағы қорықтар, жай ғана дамудың орталықтары ғана емес, этностардың өсіп-өну орталықтары, киелі орындардың ең бір құдыретгілері [2,16] – деп тебірене әрі толғана баға беруі тегін болмаса керек.

Ұлытау-Жезді өңірі – иісі қазаққа қаншама ақын-жырауларды, әнші-күйшілерді, жыршы-термешілерді сыйлап, өнер аспанында шок жұлдыздай жарқырап қалған талай-ғалай маркасқа таланттарды берген қасиетті де киелі өлке. Бұл өңірде Кетбұға, Кербұға, Ершегей, Тайлақбай, Саймақ, Қанқожа, Қойлыбай, Байсал, Жанкісі Бөрлібайұлы, Нияз Ожанұлы, Тайжан Қалмағанбетұлы, Иманжан Жылқайдарұлы, Қожабай Тоқсанбайұлы,

Нұрғали Итембаев, Болман Қожабаев, Жанкісі Өтемісұлы Мұқан Бәлтекеұлы, Бәлтекей Тұрғанұлы, Көккөз Мәденұлы, Жабай Келді шайыр, Қунак Келдіұлы, Омар Қунақұлы, Қожас Шеген сияқты ақын-жыршылардың шығармашылық өнері ақындық, жыршылық, күйшілік синкретті сипатымен ерекшеленеді. Демек, бұл ақындардың шығармалары сол кездің өзінде белгілі бір дәрежеде ақындық дәстүрдің, көркемдік эстетикалық танымның қалыптасқан мектебі болғандығын меңзейді.

Ақындық мектеп – әрбір жекелеген ақынның шығармашылық тұрғыдан дамуының жетістіктерінен құралатын көркемдік-эстетикалық, жанрлық-тақырыптық ізденістер жүйесі. Ақындық мектептің көрнекті өкілдері шығармаларының көркемдік-эстетикалық қуатын қоғамдық шындықпен ұштастырып, халықтың рухани-мәдени сұранысына жауап іздейді. Ақындар шығармашылығы көркемдік қасиеті мен ұлттық проблемаларға дер шағында үн қосуынан қоғамдық сұранысқа ие болады. Ел өміріндегі елеулі оқиғаларды жырлауынан ақындардың ортақ мүдделерді көздегенін көреміз. Ақиқатында, ақындардың шығармашылық үндестігі тақырыптық-идеялық ұқсастығынан, көркемдік-эстетикалық тектестігінен анық байқалады. Сол себепті ақындық мектептегі алмасулар мен шығармашылық әсер-ықпал ақындық өнердің дамып жетілуіндегі шешуші фактор екені даусыз. «Жалпы әлемде еш саңылаусыз, томаға тұйық, өз қалпымен, өз сұраныс талаптары тұрғысында ғана өмір сүретін әдебиет жоқ. Қай әдебиеттің жүріп өткен жолына қарасаң да, қандай айқын қайталанбас жағдайда қалыптасса да, сол не өзге деңгейі басқа әдебиеттер жетістігінен көрініс береді. Тек өз тұрғысында және бірыңғай өзінің ғана күш-қайратынан нәр алып өркендеген әдебиет жоқтың қасы» [3,76] – деген Г. И. Ломидзе пікірі жалпы әдебиеттің даму тарихында

шығармашылық байланыстын алар орны ерекше әрі маңызды екенін қапысыз ұғындырады. Жалпы, әдеби сабақтастық, шығармашылық байланысу мәселесі ең әуелі ақындардың көркемдік дамуында ортақ заңдылықтардың болуына қатысты болса керек. И. Т. Неупокоева айтады: «Әдеби, байланыстарды аймақтық аспекті де қарастыру өте маңызды, себебі, бірқатар жағдайларға сәйкес мұнда алмасу, үрдісі өте қарқынды болмақ» [4, 12], – деп. Кең байтақ қазақ жерінің әр түкпірінде бой тіктеген ақындық мектептің біріне-бірі ұқсамайтын дамып-жетілуіндегі өзіндік ерекшеліктері болғаны даусыз.

Ақындық мектеп ешқашан тақыр жерден, тұтқиылдан пайда болмайды. Олардың бастау бұлағы, қайнар көздері болуы шарт. Ақындық өнердің пайда болып қалыптасуына негіз болған арналары бар екені даусыз. «... Жетісу аймағындағы Сүйінбай бастаған импровизатор ақындар тобы, Семей алқабындағы Абай өнегесінен өрбіген жазба әдебиет дәстүрі, Аркадағы Біржан, Ақан, Балуан Шолақ, т. б. арқылы танылатын әншілік салт, Сыр бойының прогресшіл Шығыс үлгісіндегі ақындар ортасы, Қазақстанның Батыс өлкесіндегі Асан, Сыпыралардан тараған ақындық, жыраулық, жыршылық дәстүр – бұлардың барлығы телегей теңізіндей халық әдебиетіне құятын арналы әдеби бастаулар» [5,18]. Әрине, әдеби орта, ақындық дәстүр сөз зергерлерінің белгілі бір ортада шығармашылық дәстүрін қалыптастыруынан, өзінен кейінгіге үлгі-өнеге тастауынан барып қалыптасады. Өз аймағының ақындық ортасы мен әдеби дәстүрлеріне сүйеніп, шығармашылығын жетілдіріп-дамытқан ақындық мектептер қазақ даласында аз болмаған. Міне, сондай ақындық орта, әдеби дәстүрі бар аймақ – Ұлытау-Жезді оңірі. Осы өңірден шыққан ақын, жыраулар шығармашылығы өзіндік әдеби ортасын, көркемдік дәстүр жалғастығын байқатағын сапа-белгілерге ие.

Ұлытау-Жезді аймағы – жыраулық өнерді қадір тұтқан қасиетті мекен. Бәрінен бұрын бұл атырапта Кетбұғадай жыраудың өнегесі мен өнері ертеден бері мәлім еді. Сондықтан бұл өңірде жыраулық өнердің ұстаздық-шәкірттік жолдары қалыптасты. Бұл жыр-дастандардың жаңа нұсқаларының пайда болып, ілгері дамуына игі әсер етті. Сол дәстүр сабақтасып, жалғасын тауып жатты.

Бұл өңірде өзіндік үн-мақамымен, ақындық мүмкіндігімен жарқырай көрінген ақындардың бірі – Қожабай Тоқсанбайұлы. «Әр адам мұратына іздеп жетер» деп ақынның өзі айтпақшы, Қожабай жас кезінен өлең-жырға әуес болып өседі. Әкесі Тоқсанбайдың інісі Тайлақбай ауыл-аймағына белгілі сыбызғышы-күйші болған. Жас Қожабай аға тәрбиесін көріп өседі. Ескіше сауатты, хат танитын Тайлақбай аңыз-әңгімелерді, жыр-дастандарды, тарихи оқиғаларды жақсы білетін көкірек көзі ояу жан болған. Сыбызғымен күй тартқан Тайлақбай Қожабайды еркелетіп, жақсы тәрбие көрсетіп өсіреді. Халқымыздың киелі-қасиетті, ежелден батырлық, даналық мекені болған Ұлытау өлкесінің тумасы Қожабай бала күнінен бастап ән мен жырдың, өлең мен күйдің небір гажап нұсқаларын тыңдап ер жетеді. Аса мол рухани байлықты бойына сіңірс бастайды. Тайлақбайдай сыбызғышыдан күй тыңдап, ақыл кеңестерін алуы Қожабай үшін зая кеткен жоқ. Шоқан Уәлихановтың: «Бұл халықтың ертеден өзіне тән тұрмысында есте қалдырмаған бірде-бір маңызды оқиғасы, бірде-бір тамаша адамы жоқ деуге болады. Олардың біреуін суырыпсалма ақындар мен жыршылар жыр етсе, екінші біреулерінің атын кейінгі ұрпақ естерінде ұмытылмастай етіп белгілі бір сыбызғышы не қобызшы музыканттар гастап кеткен» [6,17] дейтіні осыдан.

Есіл-Көкше өңіріне данқы шығып, есімдері қазақ даласына мәшһүр болған Шөже, Орынбайлар – Ұлытау-Жезді аймағында сан мәрте болып, жұртшылықты ақындық-жыршылық өнерлерімен талай рет тамсантқан сұнғыла ақындар. Оны тарихи деректер де растайды. Ұлытау-Жезді өңірінде аға сұлтандық лауазым дәрежесін иеленіп, ел билеген Ерден Сандыбайұлының ордасында Шөже, Орынбайлар эпикалық жыр-дастандарды алғаш айтып таратушылар болып саналады. Әйгілі «Қозы-Көрпеш» жырының ең көркем нұскасы Шөженің айтуымен тарағаны белгілі. Бұл өңірге Орынбайдың да ақындық данқы ерте кезден мәлім. Ұлы Шоқан екеуінің де ақындық, жыршылық өнерін жоғары бағалаған. Ерденнің ордасы Шөже, Орынбай, Жанақтардай ақын-жыршылардың, Сегіз Сері, Ықыластардай әнші-күйшілердің, Бозай, Шоқай сияқты жыршы термешілердің думанды ордасы болғаны анық. Міне, осындай ортаның тағылымын көріп өскен Қожабайдың ақындық жолға түспеуі мүмкін емес еді. Ол әрбір орындалған ән, күй, термелерді зердесіне құйып, әрі жаттап өседі. Толғау мен терменің бір-біріне табиғатының жақын екенін ұғады. Жыршылық өнерге біршама жақындайды. Шәкірт болып олардың шығармаларын жаттайды. Олардың ақындық ізденістерінен гибрат алады.

Жасымнан базар едім, жаңа ашылған,
Құрыш ем қайнап шыққан шын асылдан.
Оп үште Бағаналы-Қожабай деп,
Атағын орталыққа бір шашылған, – деуіне қарағанда,
Қожабай ақындық өнерге ерте кезден ден қойған. Ауыл-аймағында Мәденұлы Көккөз ақын, Шеген, Мұқан, т. б. ақындардың өлең-жырларын естіп, жаттай жүріп есейген Қожабай ендігі жерде өзіндік қабілет-қарымын да байқата бастайды. Яғни, Қожабайдың ақындық өнер жолына

түбегейлі бет бұруына аталған ақындардың шығармашылық әсер ықпалының болғанын да жоққа шығара алмаймыз. Осы тұста зерттеуші ғалым Е. Ысмайыловтың пікірін келтіре кетуді жөн санадық. «Қазақ ақындарының үйрену, оқуында жазып немесе кітаптан оқып үйрену әдеті сирек, мұнда ауызша үйреніп жаттау негізгі ақындық дәстүр. Сыншылдық, шешендік, тапқырлық өнер, лирикалық, эпикалық жырларды, мақал-мәтелдерді, аңыз-әңгімелерді, халықтық сатираны әрі шығарып, әрі орындап, дамытып отырып, кейінгі ұрпаққа аса қызықты қазына етіп, жеткізетін шығармашылдық тәжірибе, үлгі қазақтың ақын, жыршы, жырау, әнші, өлеңшілерінің дәстүріндегі негізгі ерекшелік» [7, 88]. Демек, Көккөз ақын, Мұқан, Шегендердің ақындық дәстүрі Қожабайдың идеялық-көркемдік тұрғыдан өсіп-жетілуіне ғана емес, сонымен қатар, шығармашылық бет-бағдарын айқындауға да кең жол ашқаны анық. Сонымен бірге, бұдан Қожабайдың Ұлытау-Жезді өңірінде эпикалық жырларды айтып таратуынан да біраз жайды аңғаруға балады. Бұдан шығатын түйін мынау – Қожабайдың шығармашылық ізденісі қабілет-қарымына байланысты болмай, өз ауыл-аймағының талап-тілектері мен ұсыныс-сұранысына қарай қалыптасқандығы. Ақындық қабілеті бар Қожабай үшін мұның бәрі шыңдалу, жетілу мектебі болды.

Қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Ә. Тәжібаевтың: «Жырау сөз жоқ, ақын. Ақын болмай жұрт қадірлейтін жырау атану мүмкін емес. Ақындығы күшті жыраулардың жалынды жырлары үнемі жаңғырып, кейінгі ұрпаққа сикын бұзбай, көрікті күйінде жетіп отырады. Ал, жыраулық ертеден келе жатқан халық поэзиясының үлкен бір дәстүрлі сапасы» [8, 16] – деген пікірі ақындық өнердің қайнар көзі жыраулар поэзиясынан бастау алатындығын дәлелден көрсетсе керек. Қоғамдық-әлеуметтік ой-

пікірлерінің көш басшысы болған Бұқар, Үмбетей, Ақтанберділердің толғауларынан халықтың қайғы-қасіреті, ұрпаққа айтар өсиеті, қуаныш-сүйініші анық байқалады. Демек, Қожабайдың өлеңдері дидактикалық мазмұндағы жыраулардың дәстүрімен шығарылуы табиғи құбылыс. Жыраулық дәстүрді Қожабай өз уақытының талабына қарай жаңғыртып, ақындық бет-әлпетін айқындаудың негізгі қазығы етті.

Қожабайдың ғибрат алған өнеге көздердің қатарында күрескер жыраулар Нысанбай, Досбер Саурықұлын ерекше ағауға болады. Олардың саналы ғұмыры Ұлытау-Жезді өңірімен тығыз байланысты болды. Оған дәлелді ақып-жыраулардың өлеңдерінен көптеп кездестіре аламыз. Досбер Саурықұлының: «Мақсаты – ата жаумен бір айқасу», «Кенестің бір тілегі еді», «Үш жүз боп Ұлытауда бас қосуға», бекініп қатарларын тізеді енді», деуінен аңғарылса, Нысанбай жыраудың «Кенесары, Наурызбай», «Абылайханның баласы», «Әуелгі мекен тұрағы», «Көкшетаудың даласы», «Жазғы жайлау қонысы», «Ұлытаудың саласы», деп ой түюінен көп жайды бажайлауға болатын сияқты. Бұлардың толғауларындағы патриоттық, отаншылдық сарындар Қожабай шығармашылығына ізін қалдырмай, әсер етпей қоймаған. Демек, Досбер, Нысанбайлардың ақындық өнегесі Қожабайға белгілі бір дәрежеде әсері болғаны тарихи шындық.

Шешендік пен ақындық – өнер бір-бірінің жалғасы іспеттес егіз өнер. Осы екі өнердің жақындығы жайында зерттеуші Б. Адамбаев: «Ақындық пен шешендік – егіз өнер, әдетте, қазақтың ақыны шешен, шешені ақын. Мәселен, қазақ әдебиетінің классиктері Бұқар Қалқаманұлы, Махамбет Өтемісұлы, Абай Құнанбайұлы әрі ақын, әрі шешен болған» [9, 89], – деп тұжырым жасайды. Зерттеушінің қалыптастырған концепциясынан

шешендік өнердің ақындық дәстүрді дамытуға, жетілдіруге жасайтын ықпалы, тигізетін шапағатының да мол болатынын байқауға болады. Ұлытау-Жезді өңірінде шын мәнінде шешендік өнерді дәуірлеткен Жанкісі, Қунақ, Бидаш, Төбет, тағы басқалардың тағылымды сөздері Қожабайдың шығармашылығына бабадан балаға мұра болып келе жатқан суырыпсалмалақ өнерді дамытуға, сөйтіп ақындық жолға мықтап ойысуға бағыт сілтегенін жоққа шығаруға болмас. Би-шешендердің тағылымды сөзі халықтың қайрат күші мен эстетикалық деңгей дәрежесін бейнелей алғандықтан рухани-көркемдік көрсеткіші де бола білді. Қожабайдың өлеңдері мен би-шешендердің сөздерінің үн-ырғағымен жымдаса кететін тұстары аз емес. Қожабайдың шығармаларындағы гибрат, тағылымды гүйін-тұжырымдар мен Бидаш, Қунақ, Жанкісідей билердің сөзімен арудың бұрмындай өріліп, үйлесе кететіні табиғи заңдылық. Өйткені шешендік сөздердегі адалдық, адамдық, т. б. тамаша қасиеттер Қожабай дүниетанымының ең терең және етене қабаттары еді. Шешендік өнер, билер сайысы – ұлттық ауыз әдебиетінде ерскше өріс алып, жедел дамыған, мазмұн, форма жағынан поэзиялық туындыларға өте жақын нұсқалар. Қожабай қазақтың ежелгі шешендік өнері арқасында жетілген билік айту дәстүрін өз өлеңдеріне зор ақындық шеберлікпен енгізеді. Бұл қасиет – Қожабай өлеңдерінің көркемдік пішінімен біте қайнасып кеткен, өлең-жырларына рең беріп, әрлендіріп байытып тұрған компоненттердің бірі. Қожабайдың өзі туып өскен Ұлытау-Жезді өңірінің шешендік өнерінен, ақындық өнегесінен тыс тұруы мүмкін емес, олай болса шешендік сөздер мен ақындық өнер түп-тамыры бір, бүтін құбылыс деуге толық негіз бар.

Академик С. Қирабаев: «Қоғамдық даму өзгерістеріне қаламгердің өсуі, ізденіс ерекшеліктеріне байланысты стилі де өзгеріп, дамып, жанарыш отырады»,

[10,2 5] – дейді. Расында, қоғамның дамуы әдебиеттің де жаңаша қарқынмен күш-қуат алуына септігін тигізуі де заңдылық. Қоғам әдебиеттің алдына жаңа міндеттер жүктеп, оның замана сұраныстарына лайық дамуын жеделдетеді. Ал, шығармалары қоғамдық-рухани сұранысты қанағаттандыра алмаса, онда ақынның бәсі біраз төмендейтінін жақсы сезінген Қожабай ақындық ізденістер жасаудан әсте жалықпайды. Өзіне дейінгі ақындар дәстүрін берік ұстаған Қожабай олардың шығармаларынан өнеге де таба білді. Олардың шығармаларындағы түйінді пікірлерді нысана ету, басты көркемдегіш құрал есебінде пайдалану – Қожабай поэзиясына тән көркемдік тәсіл, шығармашылық ізденіс нышаны. Қожабай Шортанбай, Дулат, Шөжелердің де өлендерінен нәр алды, олардың дәстүрлеріне табан тірей отырып, өзіндік жол тауып, жаңа ізге түсті. Қожабай шығармаларының бет-бейнесі өзі үлгі-өнеге алған Дулат, Шортанбай, Шөжелерге ұқсас сарындас. Тарихи-әдеби байланыстардың әсерін Қожабай да айқын сезінді. Бұлай деуімізге негіз де жоқ емес. Академик Н. Қаратаев былай дейді: «XIX ғасырда ұлан-байтақ қазақ даласының әр киыр, әр бұрышынан дербес өзгешеліктері бар авторлардың ақындық мектебі қалыптасты», Орталық Қазақстанда – Шортанбай, Дулат, Шөже, ...секілді жазба ақындар ...» [11, 215] – деген пікірі ойымызды дәлелдей түседі.

Ақындық мектептің даму тарихында дәстүрдің орны ерекше. Кез келген ақын өзіне дейінгі жасалған көркемдік игіліктерді меңгеріп, оның озық дәстүріне сүйеніп, көркемдік эстетикалық, жанрлық-тақырыптық ізденістерін ламыта отырып, жетіледі. Сол себепті, Қожабай шығармашылығы өзінің құрылысы мен мазмұны, жанрлық-тақырыптық ерекшелігі тұрғысынан Шөже, Шортанбай, Дулат өлендерімен етене туысады. Яғни,

Қожабай да Шортанбай, Дулаттардың мұрасына сусындап өсті. Солардан үйрену арқылы Қожабай шығармашылық жолын анықтап, ақындық өрісін кеңейтті. Қожабай қазақ басына төнген қасіретті торығу сарынымен жырлады. Осы кездегі қоғамдағы қайшылықтар Қожабай дүниетанымына әсер етпей қалған жоқ. Ақын отарлау саясатының қазақ қоғамына тигізген кесір-кесапатына, көптеген қайшылықтарды алып келгеніне қатты қынжылыс білдіреді. Ол болып жатқан өзгерістерге өз көзқарасы тұрғысынан қарап, халқы үшін қабырғасы қайысып, өз заманының күйін шертеді. Бұл ақынның «Жел, Қожабай, сөз сөйле заманының зарынан» деген өлеңінде анық байқалады. Қожабайдың осы өлеңіндегі элеуметтік ойлары Шортанбай, Дулаттардың өлеңдеріндегі ой-пікірлермен де үндесіп жатқандай. Бұл Қожабайдың шығармашылық бет-пердесінің қалыптасуына, өлеңдерін патриоттық рухта шығаруға үлкен әсерін тигізді.

Қожабай өзінің шығармашылық даму жолында Шортанбай, Дулаттардың дәстүрінен үйреніп, олар көтерген ой-пікірлерді жырлауды жалғастырды. Осыдан бастап қоғамдық шындықты бейнелеумен ағартушылық идеялардың дамуы Қожабай шығармашылығының қайнар көзі болып табылады.

Шығыс әдебиеті мен Қожабайдың шығармашылық байланысы, әсіресе, ақын өлеңдеріндегі діни сарындардан жақсы байқалады. Бұл ерекшелік ақын өлеңдеріндегі ой ортақтығы мен өлең өрнегіндегі үлгілерден де біршама айқын сезіледі. Демек, ол Қожабайдың дүниетанымына, әсіресе, өлең-дастандарына әсер етпей, ізін қалдырмай тұра алмаған. Қожабай шығыс елдері ақындарының шығармаларымен азды-көпті таныс болған. «Көкелташ медресесі тек дін оқуын ғана емес, гүрлі ғылым саласында жан-жақты оқытумен ерекшеленген айтулы білім ордасы болған. Көкелташ медресесін тәмамдап шыққандар

арасында тәжік халқының ұлы ақыны Садриддин Айни, атақты Фирлаусидің «Шаһнамасын» қазақша сөйлеткен Тұрмағамбет Ізтілеуов болған. Осындайда мынадай ой келеді. Егер Қарнақ медресесі Көкелташтың филиалы болса, олардың өзара тығыз байланыс жасап тұруы даусыз. Оқыған уақыты шамалас екенін ескерер болсақ, Сарымолда С. Айнимен, Т. Ізтілеуовпен кездесуі мүмкін. Сарымолданың да табиғат сыйлаған дарыны, яғни, ақындығы мол болғаны осындай ойларға жетелейді» [12, 4], – деп А. Дастановтың жазуы да тегіннен-тегін болмаса керек. Әрине, біз Сарымолданың С. Айни, Т. Ізтілеуовтармен кездесті ме жоқ па? – деген сауалға жауап бере алмасымыз анық. Әзірше нақты дерек жоқ. Сондықтан кесіп-пішіп ештеңе айта алмаймыз. Бірақ бір пәрсе айқын – ол Сарымолданың тәжік пен қазақтың қос ақынының шығармаларын оқымауы, білмеуі мүмкін емес. Сарымолданың діни сарында жазылған шығармаларды көкірекке көбірек тоқып, тереңірек танып жадында ұзақ сақтағаны талас тудырмайтын даусыз шындық болса керек. Сондықтан ол Ұлытау-Жезді өңірінде Алланың ақ жолын нұсқап, құран хадистерін насихаттап қана қоймай, мектеп-медреселердің көптеп ашылуына да ұйытқы болды. Сонымен қатар, Ұлытау-Жезді өңірінде мұсылман дінін берік ұстанып, құран хадистері мен қағидаларының ел арасына кең таралуына үлес қосқандардың қатары көптеп саналады. Олардың арасында Аппақ ишан, Ахмет молда, Қасым молда, Әбділдә молда, Ысқақ молда, Хамза молда, т. б. шоқтығы биік көрінеді. Мұның бәрі Қожабайдай ақынның рухтың қуат көзі құранда деп үғынуына ғана септік етпей, оның діни сарындағы шығармаларды оқып, жете түсінуіне ықпал жасаған шығармашылық күш екені ақиқат. Соның нәтижесінде Шығыс шайырларының шығармашылығынан ғибрат алғаны шүбәсіз. Академик Р. Бердібай Шығыс әдебиеті

мен қазақ әдебиеті шығармашылық байланысын айта келіп, былайша тұжырым жасайды: «Шығыс деп отырғанымыз – мәдениеті мен дәстүрі қазақ халқына ежелден етене жақын боп кеткен араб, парсы, түркі әдебиеті» [13, 5]. Шынында Қожабай мен шығыс шайырлары шығармаларындағы кейбір ой-пікірлер сабақтастығын салыстыра қарағанның өзінде-ақ белгі беріп, менмұндалап тұратын іліктестіктер жоқ емес, баршылық. Дәстүрге берік Қожабай ислам дінін насихаттау мақсатында «Төлен қажы», «Бименде қажы» сияқты дастандар шығарды. Өз ойларын ұтымды етіп жеткізу үшін Шығыс поэзиясында танымал Қорқыт, Атымтай, Қарынбай, Рүстем, Наушаруан, т. б. әдеби кейіпкерлерді өлеңдерінде пайдалану мәнері Қожабайға да жат емес. Қожабай өлеңдерінде аты-жөнін қосып отырады, бұл Шығыста бар мәнер. Сонымен қатар, Қожабай ғұмыр кешкен кезеңде Тұрмағамбет, Шәді, Молда Мұсалардың шығармашылық қызметі өте зор болған. Ұлытау-Жезді өңірінде ақындық өнерді белгілі бір белеске көтерген Қожабай шығармашылығынан жоғарыда аталған ақындарға тән басты ерекшеліктерді танып білуге болатын сияқты. Түйіп айтқанда, Қожабайдың үздіксіз ізденістер жасап, ақындық өнердің өрнегіне үлес қосқаны ақиқат.

Айтыс өнерінің ақындардың шығармашылық тұрғыдан шындалып жетіле түсуіне жасаған ықпалының зор болғандығын жоққа шығара алмаспыз анық. Айтыс ақындардың қабілет-қарымын сынға салатын өнер бәсекесі ғана емес, сонымен бірге, олардың шығармашылығын ширата түсетін шындалу мектебі болғаны да даусыз. Айтыс жанрын зерттеуші М. Жармұхамедовтың: «Ең алдымен дәстүрлі ақындар айтысы ел өмірінде үлкен өнер саналған. Үлкенді-кішілі айтыс ақындарының бәрі де өздерінің талант-талғамы мен шеберлігін осы өнер

мектебінде жетілдіріп отырған» [14, 98], – дейтіні сондықтан. Демек, Аркадағы ақындық ортамен етене араласқан Қожабайдың шығармашылық шеберлігін шыңдауына айтыстың оң ықпалын тигізгені ақиқат. Аты мәшһүр Есенбай, Құлтумалармен шығармашылық бәсекеге түсіп, өнер жарыстыру арқылы Қожабайдың қабілет-қарымы әр қырынан танылды. Ақын ойының алғырлығы, айтылған сөздің қисындылығы шешуші фактор болғандықтан, айтыс өнері Қожабайдың халық тарихынан, мәдени-рухани өмірінен, т. б. көптеген жайлардан мол хабардар болуын талап етті. Қоғам құбылыстарын қадағалау, замана алмасуларын бағамдау Қожабайды өткенмен жанды байланыс жасап отыруға итермеледі. Қожабайдың туған өлкесі Ұлытау-Жезді өңірінде ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында айтыс кең өріс алып, қанатын кеңге жайды. Қожабайдың көптеген ақындармен сөз жарыстырып, айтысқа түсуі де оның шығармашылық тұрғыдан ширап, жетіле түсуіне әсер-ықпалы күшті болған.

Қожабай шығармашылығы негізінен халық ақындары дәстүрінен үйреніп, қоғам шындығын бейнелеу арқылы ақындық бет-әлпетін айқындап, өз идеяларын байытты. Қожабайдың өлеңдеріндегі айтпақ ойы мен сөз саптауы, бейнелеу үлгілері, т. б. ерекшеліктер түптеп келгенде халық поэзиясының жемісі екені даусыз. Көрнекті ғалым Ғ. Ысмайылов: «Ақындыққа үйренудің, қалыптастырудың бірнеше кезеңдері, өсу сатылары бар. Жас баланы шу дегеннен-ақ ақындыққа, ән-күйге, өлең-жырға қызықтыратын өз үйінде, өзінің ауыл-аймағында үлгілі ақындық дәстүр болады. Жоғарыда айтылғандай, баланың әке-шешесі, не нағашысы немесе ауылдасы жұртты таңқалдыратын ақын, әнші, жыршы болса, дүниенің бәріне қызыға еліктей қарайтын жас бала алдымен домбыраға, өлең-жырға әуестенетіні сөзсіз. Мұнан кейінгі екінші

сатыдағы үйрену дәуірі белгілі ақынның алдын көру, өзін сынға салудан басталады» [7, 78] – дейді. Яғни, Абайдың Қожабай мен Есенбайдың айтысына төрелік айтып, әділ бағасын беруі Қожабайдың мерейін өсіре түсті. Ұлы Абайдың алдында өзін сынға салуы Қожабайдың шығармашылық шабытының ширыға түсуіне себепкер болды. Ендігі жерде ақын өлеңдерін Абай дәстүріне еліктеп шығара бастайды. Абай өлеңдерін алғаш ел арасында Ұлытау өңіріне таратушы да Қожабай болған. Оның «Әлмәмбет болысқа айтқаны» атты арнау өлеңі Абайдың «Болыс болдым, мінекей» өлеңімен үндес, сарындас келеді. «Абай өлеңдері қазақ арасына тарай бастағаннан бері далада жырдың түрі өзгерді, жаңа сипат алды» – дейді екен ақын. Қожабай осы өлеңімен Абай дәстүріне жай ғана еліктеп қоймай, сыншыл реализм дәстүрін де менгере бастағанын да байқатқан. Бұны Қожабай ақын үшін үлкен көркемдік жетістік болды деп айтуға әбден болады. Абайдың алдын көріп, өнегелі сөзін тыңдауы ол үшін өмір бойы ұмытылмас үлгі калпында сақталған. Жас кезінде көбіне суырып-салмалыққа ден қойса, кейіннен Абай дәстүріне еліктеп, домбырадан гөрі қаламды жақын тартады. Оған ақынның:

Қожабай, неге отырсың қағаз жазбай,

Алашқа болып едік өнерпаздай [15, 17] – дегені дәлел.

Ақындық өнердің жана сапалық қасиетке ие болуы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің өзара байланысының, бір-біріне ықпалының үзілмей желі тартып келгенін көрсетеді. Әдеби дамудың заңдылықтарына қарай осылардың біреуі алдыңғы шепке шығып отырған. Солай бола тұрса да, әдебиеттің дамуында ортақ заңдылықтар жоқ емес. Ол ауыз әдебиеті дәстүрінің бірте-бірте жазба әдебиетке ұласуы дер едік.

Өлең өнерінің биік үлгі-өнегесімен Абай поэзиясының дәстүрі қашан да бағалы. Ұлттық мінез-құлықты шебер бейнелеуімен терең психологизммен, көркем тіл өнерінің қызметтілігі және байлығымен Абай Қожабай шығармашылығының дамып-жетілуіне зор ықпал жасады.

Қожабай шығармашылығының идеялық мазмұны мен тарихи тамырлары ақын-жыраулардың өлең-жырларында жатыр. Әрбір шығармашылық тұлға өзіне орта жасап алатыны сияқты, Қожабай да өз жолын қуған ізбасар, шәкірттерін тәрбиелеу арқылы өзіне ақындық орта жасап алады. Қожабайдың өлеңдегі дәстүрін Болман, Иманжан, Тайжан, Нұрғали, Қунақтың Омары, Нияз, т. б. әрі қарай дамытты. Олар халықтың әлеуметтік теңсіздігіне қарсылығын тереңрек жырлап, ескі көзқарасты сынап, қазақ қоғамындағы қайшылықтарды жан-жақты ашып көрсетті. Иманжан, Болман, Тайжан, Нұрғали, Ибраһим, т. б. Қожабай өлеңдеріндегі осындай озық үлгілерді дамытып, көркемдік ізденіс барысында одан ылғи үйреніп отырады. Ақындық қабілетін шыңдауға оларға Қожабай шығармалары үлгілі мектеп болғаны даусыз.

Тайжан мен Қожабайдай болмақ қайда,

Әншейін біздікі бір жоспар дағы.

Сіздер бір ақиықтың тұқымысыз,

Айналған желді күнгі аспандағы [16, 3], – деп Нұрғали Итембаевтың Қожабай мен Тайжанның данқын аспандата, асқақтата құрмет тұта сөйлеуі де жайдан-жай емес шығар. Бұл ақындар – Ұлытау-Жезді өңірінде ақындық мектептің бой тіктеп, қанатын кеңге жаюына әсер еткен шығармашылық тұлғалар.

Кез келген халық ақындарының өмірбаяндарына үңіліп, шығармашылық бастауларына зер салсақ, өздеріне дейінгі халық ақындарының жолы бұларға жат болмағанын

көреміз. Қожабайдың әкесі Токсанбай қобыз тартып, күй шығарған өнерлі жан болған. Қожабайдай әкенің тәрбиесін көрген Болман да қаршадайынан өлең-жырға әуес болып өседі.

Домбыра алып толғанып,

Сөйлеп едім 10 жаста, [17, 60] – деуі де тегіннен-тегін болмаса керек. Жаратылысынан пысық, зерек бала оқып білім алмаса да, жастайынан ән мен өлеңге құмар болады, ақындық өнерді сүйеді. Жасынан өлең-жырға әуес Болман ауызекі естігендерін жаттап алып жүреді. Қазақтың ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілерінен көп үйренген Болман өзінің өлең шығару шеберлігін де, айтыстағы шеберлігін де артыра түседі. Болман ақынның өлең-толғау, жыр-дастандарының негізгі идеялық көркемдік, тарихи тамырлары тікелей оның алдында өткен Бұқар, Көтеш, Шал, Қожабайлардың шығармаларында ғана жатқан жоқ, әлдеқайда әрде, тым тереңде – қазақтың көп ғасырлық сонау көне заманғы ауыз әдебиетінде жатыр. Болман да ғасырлар бойы ұлттың рухани өмірімен біге қайнасқан асыл қазынасы ауыз әдебиетін, ақындық өнерін жаттап өсті. Соның нәтижесінде ол өзінің шығармашылық даму жолында, ақындық ізденістерінде ауыз әдебиеті жасаған бай, құнарлы мұралардан әр кез үйреніп үлгі-өнеге алып отырды. Бұл жөнінде профессор С. Негимов былай дейді: «Ақындар халықтың ғасырлар бойы жасаған мәдени-рухани байлығын ана сүтіндей бойына сіңіруі қажет» [18, 28]. Мұны академик З. Қабдолов та құптайды. Ол: «Халықтың ақындық қайнары, сөз өнерінің тамыр тартар топырағы» [19, 47], – дейді. Ауыз әдебиетінің дәстүрі ұлттың ғасырлар бойғы құдіретті сөз қуатын барынша пайдалануға мүмкіндік қана туғызып қоймайды, оның ақындық жолға түбегейлі бет бұрып, ден қоюына мұрындық болғаны ақиқат. Қысқасы, ауыз әдебиеті

Болманның тағылым алған, үйренген мектебі болғаны даусыз.

Ақындық дәстүрдің заманалар бойы желісін үзбеген эстетикалық рухани байланысын. Қожабайдың ақындық дәстүрін Болманның жалғастырмауы тіпті де мүмкін емес еді. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» – демеуші ме еді казак. Болман да қаршадайынан Қожабайдың ақындық өнерін, өнерпаздық өнегесін көріп, өлеңдерін жаттап өсті. Бұл Болманның Қожабаймен кейбір тақырып, өлең өлшемі жағынан үндес, сәйкес келуі де табиғи заңдылық еді. Бұлардың өзі кейде жәй ғана сырттай ұқсастық, кейде әдейі еліктеушілік болуы мүмкін деу де негізсіз емес. Бірақ та, осы ұқсастықтар идеялық жағынан жақындасудың, өлең өрүдегі өзіндік өрнектердің пайда болуының, ақындық шеберліктің шындалуының айқын бір көрінісі болды.

Ұлытау-Жезді өңірінде Қожабайдан басталған ақындық дәстүр бастапқы калпында қалып қоймай, Тайжан шығармашылығы арқылы берік ірге тепті де, жетіле дамып кейінгі дәуірде жаңа сапамен, өзгеше нышан-белгілермен толықты.

Академик М. Қаратаев: «Тайжан жаңа заманға үн қосқан жыршы, орақ ауыз, от тілді ақын, өзінің үлкен тұлғаны арқасында қазақ әдебиетінің шоқтығын биікке көтергендердің бірі болды» [17,6], – деген пікір айтады. Демек, Тайжан өлеңдері Болманның шығармашылығына орасан зор идеялық-эстетикалық әсерін тигізген ықпалды ақындық мектеп болды. Атақты Нартайдың «Тайжанға деген халық сүйіспеншілігі көл дария, оның елге деген махаббаты одан да зор. Менің табынатыным оның әні, шебер сөздері, әсем дауысы. Мен Тайжанды ұстаз тұттымын, гұмыр бойы мақтан етемін» [17,7] – деп жазуы тегінен-тегі болмаса керек. Олай болса Тайжаннан тәлім алмаған, оны ұстаз тұтпаған бірде-бір ақын Ұлытау-Жезді

өңірінде болған жоқ десек, мұнымыз артық айтқандық болмайды. Болман да Тайжан шығармашылығынан нәр нақыштар алып, қоғам шындығын бейнелеудің түрлі амалдарын үйренді. Тайжандай сұңғыла акыннан үйрену Болманның өзіндік ізденісін жоққа шығармайды, керісінше, оның ақындық қуатының пәрменінше толыса беруіне жәрдемі тиген. Сөйтіп, Тайжанның өлеңдерінде айтылатын рухани құндылықтар Болманның шығармаларында жалғасын тапты.

«Поэзия алыптары Жамбыл, Шашубай, Доскей, Нұрпейістермен кездесіп, олардың өлең-жырын тыңдау – Болманға үлкен мектеп еді» [17, 6]. Болманның нағыз акын болып қалыптасуына сол дәуірдің сөзге ұста би-шешені, өлең-жырға әуес өнерпаздар болды дегенімізбен, негізгі нәр-нақыш, өлеңге деген құмарлық Болманмен тікелей қарым-қатынаста болған ақындардан келетіні дау тудырмаса керек. Жас Болманның сана-сезіміне ақындықтың алғашқы тұқымын еккен өз әкесі Қожабай, кейіннен Шашубай, Жамбыл, Доскейлермен рухани жақындасулар Болманның ақындық жолында айтарлықтай азық болды. Өйткені, олардың өмір сүрген ортасы, заманы, жалғас, жақын, сол дәуірдегі қоғамдық өмірдің келенсіз тұстарын, әр түрлі әлеуметтік топтардың мінез-кұлқы бейнелеп көрсетуінде де ұқсастық, сабақтастық бар. «Арамызда Нұрпейіс, Доскей сияқты бірнеше ірі ақындар бар. Біз тыңдаушы ғана. Аға ақындар өнер, өлең туралы әңгіменің тиегін ағытты». [17, 31] – деуіне қарағанда, бұл ақындардың өнер, өлең туралы толғаныс-тебірепесті әңгімелерінің маңызы Болман үшін күшті болған. Осыдан кейін ол өлеңнің қадір-қасиетін терең түсінеді, өлеңнің қоғамдық мәнін жақсы ұғынады. Ендігі жерде, Болман қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді көтеріп қана қоймай, өлеңдерін көркем етіп шығаруға бейімделе бастайды. Сөйтіп, өзіне ғана тән шығармашылық ізденіспен ақындық

жолға түбегейлі бет бұрады. «Ұстаз алдындағы шәкірттей өзімді өте ықшам ұстап, әкейдің 1902 жылғы Есенбай пкынмен айтысын айтып бердім. Онымен қоса Жәкең Алматыны алғаш көргенде ойға оралған «Гүлденген өңір» өлеңімді домбырамен орындап шықтым... Ұстаз сынынан сүрінбей өткен соң, көңілім өсіп желпініп қалдым» [17, 33] – дейді Болман. Яғни, үлкен сыннан абыроймен өткен Болман ендігі жерде шығармашылық тұрғыдан ширай түсіп, өлеңдерін көркем етіп әруге ден қойып, ақындық ізденістер жасайды. Түштеп келгенде, мұның бәрі – Болманды есейіп ер жеткен, жан-жақты толысқан ақын ретінде танытты.

Болманның шығармашылық даму жолына зер салған жан сонау көне дәуірден үзілмей келе жатқан бір ұлттық идеяны көреді. Ол әрдайым рухани ұйытқыға, ұлттық мүддесін көздеп әрдайым халық жанынан табыла білді. Оның өлеңдерінде көбіне елдік мәселесі басым шығып отырды. Сондықтан Болманның өлеңдері Жезді-Ұлытау оңірінде еркін естіліп жатты. Оның өлең-толғауларының идеясы ғана емес, шығармашылық ізденістері де ақындық мектептің қалыптасуына мұрындық болды. Ол замана шындығына, халықтың ой-санасына арман-тілегіне сай өлеңдер шығарды. Бұл жайлар әдеби сабақтастықтың жалғасуын, ақындық жолдың өміршеңдігін дәлелдеді.

Ақындық мектептің көркемдік ағымдарында өзіндік үнімен, қолтаңбасымен із қалдырған ақындардың қатарында Иманжан Жылқайдарұлының сыншыл көзқарасы белгілі бір идеялық-көркемдік бағыттарды меңзейді. Ақынның әкесі Жылқайдар от ауызды, орақ тілді шешен адам болған деседі. Жылқайдар ескіше оқыған, сауатты, көкірек көзі ояу жан болған. Баласы Иманжанның сауат ашып, хат тануына әкесі Жылқайдардың ықпалы күшті болған. Атағы Арқа еліне танымал Сәмбеттей күйшіден домбыра тартуды үйренуі де зерделі жастың

өнерге деген қызығушылығын арттыра түскен. Көрнекті ғалым Е. Ысмайылов Иманжан ақын туралы былай дейді: «Ел басынан кешкен тарихи оқиғалар туралы аңыз-әңгімелерді, өлең-жырларды, факторларды мол билетін үлкен жыршы, әңгімеші» [7, 18], – деп үлкен баға береді. Бұдан Иманжан ақынның ел тарихына қанықтығы, ауыз әдебиетінен мол сусындағаны, мәдени мұраны көздің қарашығындай сақтап, кейінгі дәуірлерге жеткізуші өнерлі жан болғандығы аңғарылады. Әрине, ауыз әдебиетінің әсер-ықпалы Иманжанның қиялына қанат бітріп, сана-сезімін оятты. Иманжанның ауыз әдебиетімен шығармашылық байланысын аңыз-әңгіме желісімен өлеңдер шығаруынан көруге болады.

Ақынның бірсыпыра өлеңдері халық арасына кең тараған кейде әңгіме, кейде ертегі сипатында айтылып келген сарынмен жаратылғаны мәлім. Иманжанның ауыз әдебиеті мен үндестіктері ақынның шығармаларының мазмұндағы ұқсастықтарымен ғана шектелмей, өлең өруде пайдаланатын қаншама сөздер мен бейнелеу құралдарында «менмұндалап» көрініп тұрады. Бұл қасиеттер ақын өлеңдеріне айырықша ажар қосып, оның сөз кестесін көріктендіре түскен. Иманжан ақын үшін ауыз әдебиеті шыңдалу мектебі болды. Халықтың тіл құнарын бойына сіңіріп, ауыз әдебиетінен тағылым алып өскен Иманжан олардан өнеге де таба білді.

Жалпы, Иманжанның шығармашылық ізденістеріне зер салған кезде, олардың өлең-толғауларынан ауыз әдебиетінің дәстүрі мен қоса шығыс поэзиясының нышан-белгілерін аңғармау ағаттық болар. Шығыс ақындарының шығармалары ежелден-ақ қазақ даласына нәзира дәстүрімен жырланып, кең тараған. Халық ақындары олардың сюжетін пайдаланып, эпикалық дастандар жазғаны әдебиет тарихынан аян.

Зерделі де зерек Иманжанға алғашқы ұстазы Әмірғали Құлтыбайұлы: «Ақын болғың келсе, шығыс шайырларын оқып үйрен» [21, 4] деп кеңес береді. Әрі Иманжанның араб, парсы, шағатай тілдерін меңгеріп оқып-жаза білуіне көмегін тигізеді. Әрине, бұндай қамқорлықтар Иманжанның шығыстық қисса-дастандарды түпнұсқадан оқып білуіне үлкен мүмкіндік береді. Әсіресе, Шығыс поэзиясының көрнекті өкілдері Хафиз, Физули, Науаи, Низами, Фирдоуси шығармаларын жанына жақын тартып, қатты құрмет тұтады. Иманжанның Шығыс шайырларының шығармаларына тікелей еліктеу түрінде шығарған өлеңі «Гүлжаһанға» деп аталады. Бұл өлеңде шығыс поэзиясының әуен-мақамы, үн-ырғағы, үлгі-дәстүрі ашық байқалады. Шығыс ақындарының өлеңдеріндегі тән сипаттық сарын жиі кездеседі. Міне осы игі дәстүр Иманжан өлеңінде де көрініс берді. Зерттеуші ғалым М. Мырзахметұлы: «Шығыстық қисса-дастандардың қазақ даласына келу тәркіні жағынан үш ошағы, яғни, рухани кийнамадары барлығы байқалады» [20, 14]. – дейді. Өткен ғасырларда Шығыс әдебиетінің тандаулы туындыларын халық арасына тарату, оларды қазақ әдебиетінің қорына қосу ісіне үлкен мән берілді. Базар, Қожабай, Құлыншак, Мийлықожа, Сүйінбайлар шығыс ақындарының шығармаларымен таныстырып қана қоймай, ақындық өнердің қарыштап дамуына үлес қосты. Иманжан өлеңдерінен осы ақындар шығармашылығына тән басты ерекшеліктерді танып білуге болатын сияқты.

Қазақ әдебиеті мен шығыс әдебиетін алып қарасак, өнердің өзара байланысының тарихи тамырлары тым әріден басталатынын байқаймыз. Шығыс әдебиетіндегі сюжеттердің қазақтың аңыз-әңгімелеріндегі сюжеттермен үкесі келуі бұл халықтардың ежелден бір-бірімен рухани байланыста, әдеби-мәдени жалғастықта ғұмыр кешуінен анық аңғарылады.

Иманжан өзінің шығармашылығын шығыс әдебиетінен аудармалар жасау арқылы толықтырып отырды. Оның «Іскендердің дуалы», «Разы қызы Фаридаға» деген аудармалары шығыс әдебиетінен жасалған. Сонымен бірге, Шығыс поэзиясының классигі Ә. Науаидың бірқатар ғазалдарын қазақшалау ісімен айналысқан. Иманжанның Шығыс әдебиетіне ден қоюының нәтижесінде, оның ақындық мәдениеті қалыптасып дамыды. Иманжанның «Қасқыр мен Тырна», «Құтырған Қасқыр», «Қасқыр мен Қозы» мысалдарында Шығыс әдебиетімен тығыз шығармашылық байланыс барлығы сезіледі. Бұл тұста Иманжанның Шығыс әдебиетімен рухани жақындығы тіпті бұрынғыдан да ілгері дамыған. Олардың шығармаларындағы ортақ жайттар Иманжан шығармашылығының дамуына оң ықпалын тигізген. Өйткені, Иманжан поэзиясы да жалпыға ортақ процестерден тыс емес. Иманжан ақындығының нысанына, шығармашылық тұрғыдан өсіп-жетілуіне зор ықпалы болғаны ақиқат. Шығыстың классикалық поэзиясы Иманжан шығармаларын тақырып, мазмұн жағынан байыта түсті.

Дәстүрлі айтыс өнерінен Болман, Иманжандар да шет қалмаған. Олар да сәтіне, ретіне қарай ірілі-ұсақты айтыстарда шеберлік ширатып, дәлірек айтқанда, дарын қуатын сынасып отырған. ХХ ғасырда айтыс қайта жаңғырып, жанданды. Халықтың рухани өмірінде маңызы ерекше айтыс өнері ақындық поэзияның негізгі жанрына айналды. Ұлттық проблемалар, қоғамдық құбылыстар халық поэзиясының ең бір соқталы түрі айтысты да айналып өтпеді.

Айтыс өнері ХХ ғасырдың 20–30 және 40-жылдары ерекше сипатта жарқырай көрініп, киелі өнердің небір дүлдүлдерін өмірге әкелді. 1943 жылы Қарағанды қаласында республикалық ақындар айтысы

ұйымдастырылады. Осы айтыс туралы академик-жазушы Г. Мүсірепов былай дегенді: «Ақындар айтысының басқа жерде емес, Қарағанды облысында туып, тез аяктанып кетуіне бірнеше негізгі себептер бар. Орталық Қазақстан деп аталатын кең арқа осы күнгі түгелге жуық осы облысқа қарайды. Елдің арғыдан келе жатқан ұлттық мәдениеті осы орталықта көбірек сақталған. Басқа облыстармен салыстырғанда мұнда халық ақындары да көп» [21, 4]. Ұлы қиамгердің бұл пікірі Арқа жерінде таланттардың еңқашан толастамағанын, ақындық өнердің туы әлі де желбіреп тұрғанын меңзеп көрсетеді. Бұл өңірінде Иманжан, Болман, Тайжан, Омар, Нияз, Айтбай, Нұрғалилар қасиетті айтысты шын мәніндегі өнер өлесекесіне, ақындықты шыңдауға, ұштауға қарай бұрды. Болманның, Шашубайдың, Тайжанның, Иманжанның, Омардың, Нияздың, Ибадулланың, Күлжәмиляның, Нұрғалилардың үлкенді-кішілі айтыстары ақындық өнердің байи түсуіне, түрленіп түлей түсуіне ықпалын тигізді. Қожабай заманынан бері айнытпай айта алатын ақындық дәстүр желісі үзбей жалғасып келіп, бері де Иманжан, Болман, Тайжан, Нұрғали, Нияздарға дарыса бұл сол ғасырлар бойы өр рухын түсірмеген дәстүр жалғастығының жемісі. Кешегі Кеңес тұсының дәмін тигізіп, қызыл саясаттың өтінде тұрған Болман, Тайжан, Иманжандарға өкпе айтудың реті жоқ еді. Өйткені, олар да бабадан балаға мирас болып жеткен шындықты айту дәстүрінен жаңылған жоқ. Шашубай мен Болманның, Иманжан мен Қалканың айтыстары аталы сөздің алдындағы адалдықтың белгісі болғанын сөз танытын адам ұғынары даусыз. Демек, айтыс кешегі Кеңес дәуірінде де қоғамның талап-тілектеріне жауап беріп, жаңа заман өмірін көрсете аларлық мүмкіндігін танытты.

Ақындық орта қалыптастыруда Қожабай, Иманжандардың қалдырған әдеби мұра байлығы ерекше

орын алады. Иманжан, Болмандар өздерінің шығармашылық ізденістерін ағартушылық бағытта бастады. Олар ауыз әдебиеті дәстүрлерінен үйреніп, Қожабай, Тайжандар көтерген ой-пікірлерді жырлауды жалғастырды. Өмірді шыншыл бейнелеу мен гуманизм мен демократтық көзқарастарды Қожабай дәстүрінен алып, Иманжан, Болмандар өздерінің шығармашылық ұстанымдарына қарай лайықтап дамытты. Сондықтан бұл дәстүрлер Иманжан, Болмандардың шығармашылығының кайнар көзі болып табылады.

Ақындық мектеп – әдеби дамудағы дүниетаным көзқарастары ұқсас, бағыт-бағдары бір, мәнер-машығы үндес қалыптасқан шығармашылық тұлғалардың көркемдік-эстетикалық дәстүрі. Ақындық мектеп ұғымының аясында стиль, ағым, бағыт категориялары қамтылады. Л. И. Тимофеевтің пайымдауынша, «Әдеби ағым дегеніміз – бір-біріне идеологиялық және өмірлік тәжірибесі, өзіндік көркемдік әдісі жағынан жақын жазушылардың шығармашылығында белгілі бір кезеңде байқалған негізгі идеялық-көркемдік ерекшеліктердің бірлігі» [22, 78]. Әдеби мектеп көбіне әдеби ағымның нәтижесінде қалыптасатынына, сондай-ақ, әлеуметтік жағдайлардың ұқсастығына байланысты басқа елдің әдебиетінде дәл осындай ағымның көрініс беретініне және бұлардың бір-біріне әсер ететініне көңіл бөлмеу әсте мүмкін емес. Бұлай болжам жасау ақымды қоғамдық құбылыстардан бөліп қарауға болмайтындығын көрсетеді. Әрбір шығармашылық тұлға, ақын – өз дәуірінің, өз қоғамының перзенті.

Сол себепті ол өз заманының әлеуметтік ғынысы, тұрмыс-тіршілігін толғайды. Өзі өмір сүрген кезеңнің зердесіне қарай, өз көзқарастары тұрғысынан қарайды.

Профессор Ж. Дәдебаев: «Творчество адамның нағыз бейнесі, өмірі және ол өмір сүрген дәуір табиғаты, оның

творчествосында да барынша толық бейнеленеді. Бұл тек теориялық болжам емес, реалды шындықтың өзі» [23,14], – дейді. Сөз арқауындағы ақындар шығармасын осы жигидаға сүйене отырып зерделесек, олардың басты тақырыбы тәуелсіздік, азаттық екенін аңғарамыз. Бұл мәселе, Иманжан, Болмандар шығармаларында айырықша мәнге ие. Олардан қалған қолда бар мұраларға қарай отырып, ақындар өмір сүрген дәуір дидарын да, өзінің шығармаларының бейнелерін де анық көреміз.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі Иманжан, Болмандардың репертуарын өлең-толғау, жыр-дастандармен байытты. Олар ақындық өнерін халық мүддесіне жұмсап, азаттық күресіне үндеген өлең-толғау шығаруға атсалысты. Иманжан, Болмандардың шығармашылығының негізгі идеялық сарыны – халықтың тәуелсіздігі мен отаршылдықтан азат болуды аңсаудан туды. Осы себепті, олардың тақырыптары Жамбыл, Сәт, Омар, Төлеулердің шығармаларымен сарындас, мазмұндас. Ұлт бақына бұлт үйірілген шақта тарих сахнасына шыққан Токпи, Бекболат, Амангелділердің бейнесін Жамбыл, Сәт, Омар, Төлеулер өз өлеңдерінің өзегіне айналдырды. Осы сақтарып Иманжанның «Амангелдіге», «Әділбек», Болманның «Атыңнан айналайын, Амангелді», «Қарамағай», т. б. арнау өлеңдерінде жалғастық тапты. Бұл айтылған Иманжан, Болмандардың ақындық ізденістерін, шығармашылық бет-әлпетін айқындай түсті.

Ақындық мектептің дамуы қоғам құбылысымен, иман өзгеруімен тығыз байланысты болады. Профессор Г. Кәкішев айтады: «Социалистік реализм әдебиеті» деген тұжырыммен үркүдің қажеті жоқ. Өйткені, тіле мейлің, тілеме мейлің, 1917 жылдан 1991 жылға дейін Кеңес өкіметі болғанын, сойылын соққан идеологиясы, оның ең бір маңызы құралы – әдебиет болғанын ешкім жоққа шығара алмайды» [24, 73], – деп. Иманжан, Болмандардың осы

тұста шығарған өлеңдері жаңа өмірдің тікелей әсері нәтижесінде туғаны анық.

Бұл тұстағы Иманжан, Болмандардың шығармашылығы Жамбыл, Шашубай, Төлеу, Кенен, Қайыптардың өлеңдерімен үндесе келе, бір тілекті, бір мақсатты жырлай келді. Әуелде ағартушылық сарында өлеңдер шығарған Болман, Иманжандар ендігі жерде жаңа қоғамды жырға косты. Соның нәтижесі Болман, Иманжандардың ақындық өнерінің өсіп-жетіліп, дамып келе жатқандығын көрсетті. Осы кезеңде Шашубай, Доскей, Жамбыл поэзиясынан үйрену, үлгі алу, көркемдікті, идеологиялықты игеру Иманжан, Болмандардың шығармаларында кең етек алды.

Жамбыл, Шашубай, Доскейлер Иманжан мен Болманға игі ықпалын тигізді, өнегесін бойларына сіңірген рухани ұстаз да бола білді.

Жаңа замандағы жырлау ізденістері Болман, Иманжандардың өрісін кеңейтіп, оларды жаңа талаптарға жігерлендіреді.

Ақын өз дәуірінің, өз уақытының терзенгі. Сондықтан, Иманжан, Болмандардың кеңестік дәуірде дүниеге келген шығармаларынан айып іздеу, жазғыру жөнсіз деп білеміз.

Сонымен қатар, бұл ақындар Жамбыл, Тайжан, Шашубайлардан нәр, тағылым алуымен бірге, Сәкен, Сәбит, Бейімбет, Әбілда, т. б. жазба әдебиет өкілдерінің шығармаларын көп оқып, көп ізденіп, ақындық шеберліктерін ұштай түсті.

Дәстүр қоғам дамуының заңдылығына қарай өзгеріп, түрленіп отырады. Бұл пікірімізге ақындық дәстүрді жалғастырып келген ақындар мұрасы дәлел бола алады. Ақындардың шығармашылық тағдырына қатысты тағы бір мәселені айтқанда, олардың кейбір өлеңдерінен Қайып,

Жолдыкейлермен қатар Нарманбет өлеңдерінің сарыны да жақсы байқалады.

Сағаның суы қандай сылдыр қаққан,
Торғайдай Қараталға күліп аққан.
Сымбыл су бойларында сылаң қағып,
Қамыстар бұйрығымен бетін жапқан.
Шілденің тас қыздырар ыстығында,
Луру жан суын іпсе шипа тапқан.
Қаратал Сағамменен екі өзенді,
Мекендеп, әкем марқұм қазық қаққан [25, 73].

Ақындардың шығармашылық даму тарихында Нарманбет ақынмен әдеби байланыс, қарым-қатынас дәстүрі қалыптасып, қоғам құбылыстары мен өміселіктеріне сай нығайып, ақындық дәстүрдің оркендеуіне, ауқымы кеңеюіне, дәреже деңгейі бийктеуіне дәнекер болды, ықпал етті. Нарманбет дәстүрі Иманжан, Болмандардың шығармашылық мақсат-мұратына, қажет-мүқтажына сәйкес мән-мазмұн, сыр сипат ала дамыды. Ақындардың Нарманбетпен шығармашылық байланыс жасау үрдісінің кезендері, ерекшеліктері пайда болды. Иманжан, Болмандардың шығармашылық өнері биікке өрлеткен сайын Нарманбет ақынмен шығармашылық қарым-қатынас, байланыс жасау мүмкіндіктері арта түсті.

Ақындық поэзия өкілдерінің шығармашылық дәстүрін жалғастырған Қайып, Жолдыкей, Нұрғали, Нияздар өздерінің дидактикалық сарындағы өлең-толғауларымен Иманжан, Болмандардың дүниетанымынан қалыптасуына, ақындық тұрғыдан толысып өсуіне он әсерін тигізді. Ғалым С. Негимовтың пікірін осы тұста көзге кеткенді жөн көрдік: «Арқаның Біржан сал, Ақан сері, Елау Мұса, Жарылғапберді, Үкілі Ыбырай, Ғазиз, Батуан Шолак, Құлтума, тағы басқалар сияқты әйгілі қазақ

композиторларының толқынды әндерін қазақ даласының төрт бұрышына жеткізуші – Тайжан Қалмағамбетұлы» [26, 79]. Әнші ақын Тайжан арқылы Болман, Иманжандар Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырайдың әндерін тыңдап, эстетикалық талғамын қалыптастырады, шығармашылық шеберліктерінен өнеге-ғибрат алады. Бұл қасиеттер ақындардың шығармашылық қабілетінің даралық қалпымен толысуына ықпал етті.

Ұлытау-Жезді өңіріндегі ақындық мектеп туралы сөз қозғағанда аты ерекше аталатын ақынның бірі – Қожабай. Қожабайдың жырларын Иманжан, Болман, Нияз, Нұрғали, Омарлардың тыңдап өскенін ескерсек, ауызша жеткен басқа да сөз зергерлерінің өлеңдеріне қарағанда Қожабай өлеңдерінің Иманжан, Болмандарға, олардың шығармашылығына аса жақын болуы заңды. Сондай-ақ, Қожабайдың Болманның әкесі болуы да – екі ақын арасын жақындастыра түсер негізгі факторлардың бірі. Қожабай өлеңінде заман шындығының өткір қойылып жырлануы Болман шығармаларында өзіндік сипаттарымен ерекшеленіп көрінеді. Ақындық мектептің дамып, қалыптасуында Тайжан Қалмағамбетұлының шығармаларының алар орны ерекше екенін Қунақтың Омарының мына бір өлең жолдары нақты дәлелдеп көрсететін сияқты:

Әкем Қунақ, Найманмын,
Шәкіртімін Тайжанның [15, 35].

Расында, Ұлытау-Жезді өңірінде ғұмыр кешіп, артына мол әдеби мұра қалдырған Нияз, Нұрғали, Айтбай, Ибраһим, Омарлармен қатар, Болман, Иманжандар да өздерін Тайжанның шәкірті санайды. Өйткені, бұл ақындардың өмір сүрген ортасы, заманы жалғас, жақын, сол дәуірдегі қоғамдық өмірдің қайшылықтарын, әр түрлі

әлеуметтік топтардың мінез-құлқын бейнелеп көрсетуінде де ұқсастық, сабақтастық бар.

Ұлытау-Жезді өңірі ақындық дәстүрдің, әдеби мектептің алтын бесігі болғаны аян. Атақты Қожабай, Тайжан, Иманжан, Болман, Омар, Нияз, Айтбай, Ибраһим, Нұрғалилар – ақындық мектептің шаңырағын биікке көтерген өнер тарландары. Осы шоқтығы биік ақындық өнердің шыңдалуына бағыт беріп, ұстаздық еткен Қожабай, Тайжандар болғаны анық.

Көркемдік жағынан да, поэтикалық құндылығы жағынан дамыған ақындық мектептің көп талантты өкілдерін, әр қилы туындыларын тоғыстырып тұрған алтын арқау ортақ тақырыптар да осы тұста айқындала түсті. Қоғамдық әлеуметтік проблемалар ақындық мектептің қозғаушы күшіне айналған болатын. Ақындық мектеп өкілдері рухани ұйытқыға, ұлт мүддесін көздеуші байрәткерге айналды. Уақытқа қарай саяси-әлеуметтік тақырып өзіндік үнімен көтеріліп көркемдік танымды бағытта түсті. Ақындық мектеп осы тұста саяси-әлеуметтік, халықты біріктірушілік сипаттармен ерекшелене түскен. Ақындық мектептің көрнекті өкілі Қожабай шығармалары әлеуметтің даму заңдылықтары қалыптастырып нығайтқан дәстүрлі эстетикалық таным мектептері болумен қатар, өнері өмір сүрген жылдар шындығының шежіресін жаздыра алды. Қожабай – ақындық мектепті әр қырынан байытқан, мәңгілік мол мұра қалдырған айтулы сөз зергері. Ақындық мектептің тынысын кеңейтіп, поэтикалық құндылық күшейткен ақын. XX ғасырдың басында Ұлытау-Жезді өңірінде Қожабай түрлен салған тақырып келер ұрпақтарға ақындық дәстүрдің негізіне айналды. Сонымен қатар, Қожабайдың өлең-жырларында өзіндік дәстүрі ақындық өнердің ерекшеліктері айқындала бастады.

Жалпы, ақындық мектеп өкілдері шығармашылығы жағынан да өзгешеленіп ерекшеленеді. Мәселен,

Қожабайдың өлеңдерінде ауыз әдебиетінің, жыраулар поэзиясы, шығыстың классикалық әдебиеті дәстүрі анық басымдықпен байқалады. Сонымен бірге тақырып, ой-тебіренісі орайында Дулат, Шортанбай, Нарманбет дәстүрлерінің де нышан-белгілері көрініс беріп отырды. Оның кейбір өлеңдерінде қоғамдық-әлеуметтік сарып қуаты байқалса, кісілік, адалдық, тұрмыс-тіршілік, т. б. тақырыптарға арналған шығармалары да жоқ емес. Қожабай – жыраулық дәстүрді, діни-ақылақаттық толғаныстармен қатар тарихи жырлар үлгісін жалғастырған ақын.

Ақындық дәстүр ерекшелігіне қарай ой толғаған Болман, Иманжандардың шығармашылық қызметі ХХ ғасырдың екінші жартысына сәйкес келді де, ақындық ізденістері, тақырыбы, әдеби дәстүрі жағынан да басқаша тараптан дараланады.

ХХ ғасырдағы қоғамдық-әлеуметтік жағдайлардың шиеленісуі, ақындық ізденістердің көркемдік сапаға ұмтылысы әдеби мектепке де ықпал етті. Ол ерекшелік ақындардың қоғамдық-әлеуметтік көзқарасынан, шығармаларының жанрлық-тақырыптық бітімінен анық байқалды.

ХХ ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси мәселелер (Патшаның тақтан түсуі, большевиктердің мемлекет басына келуі) Болман, Иманжандардың да өлеңдерінен көрінді, поэзияның саяси-әлеуметтік мәнін биіктетті. Жаңа заман әусні, тақырыбы ақындық мектеп өкілдерінің шығармашылығының даму заңдылықтарына тікелей әсер етті. Қазақ даласына келген жаңа басқару жүйесі, тағы басқа сол дәуірдегі өзгерістер ақындық мектептің даму үрдісін мүлдем жаңа бағытқа бұрды. Осы заңдылықтар ақындық мектептің қоғамдық құбылуларға орай түлеп-түрленуіне, жедел дамып қалыптасуына себепші болды.

Әлеуметтік сипат ақындарды дамытушы күшке айналдырды. Дәл осы кездегі Болман, Иманжандар

қонамдық-әлеуметтік өзгерістерді жырлау арқылы ақындық мектептің бағдарын мүлдем жаңа бағытқа бұрды.

Ақындық мектеп дамудың заңдылықтарының негізімен өзінің жаңа көркемдік-танымдық ізденістерін мүмкіндігінше анықтап алды. Сонау ғасырлардан бастау алған жыраулық дәстүр, эстетикалық түсінік-наным мектебі жаңа сипатты әдеби ағымдарға ұласты. Жыраулық поэзияға тән қасиеттер де бұл кезеңде де көрініс тауып жатты. Заман талабына сай ақындық мектеп өкілдерінің шығармалары да мазмұны мен тақырыбы жағынан алуан еліңгір болды. Ақындар шығармаларының мұндай көпқырлылығы (синкреттілігі) ақындық мектептің дамуындағы өзіндік ерекшеліктерін аңғартса керек.

Ақындардың шығармашылық даму жолына назар аударып келе мынандай мәселелерді анықтадық.

Халық ақындарының шығармашылық даму жолында, біріншіден, ақындық, жыршылық, жыраулық дәстүрдің жалғастық табуын байқасак, екіншіден, бұл аймақта белгілі бір ақындық мектептің қалыптасқандығын анықтадық. Қожабай, Иманжан, Болмандардың шығармашылық болмысында ақындық-жыршылық, айтыскерлік дәстүрдің сабақтастығы анықталды. Бұл тұста біз мынандай мәселелерді нақтыладық, яғни, үш ақын да өлең қосын, құт дарыған Ұлытау-Жезді өңірінің тумалары, екіншіден, ортақ ақындық мектептен тәлім-тәрбие алуы, үшіншіден, сан қырлы өнердің олардың бойынан табылуы, сонымен бірге, шығармашылық ізденістеріндегі үлестіктер де, ақындық дәстүрдің сабақтастығын анықтауда негіз болды.

ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ ЖӘНЕ АҚЫНДЫҚ ІЗДЕНІСТЕР

Әдебиет – үнемі даму үстінде болатын құбылыс. Әдебиетте тоқтау болмайды, ізденістер үнемі үздіксіз жүріп жатады. Жалпы, әдебиеттің даму заңдылығында дәстүрдің алар орны ерекше. Дәстүрге сүйенудің нәтижесінде, әдебиет дамудың жаңа белестеріне көтеріледі. Демек, дәстүр әдебиеттің дамуындағы негізгі фактор. Дәстүрден үлгі-өнеге алуды, тек оны жалғастыру деп біржақты түсінуге әсте болмайды. Шығармаларына дәстүрлік ең-белгілерді дарыта отырып, соны бет бұрыстар жасағанда ғана, ақындар өзіндік кескін-келбетін байқата алады. Дәстүр-ақындық өнердің дамуы тарихында заңды жалғастық тауып, жан-жақты байып келе жатқан рухани арна. Расында, әсіресе, көркемөнер әдебиеттің өсіп-жетілуінде дәстүрдің алар орыны ерекше. Белгілі ғалым Т. Жұртбай әдебиеттегі дәстүр сабақтастығын былайша түсіндіреді: «Көркем әдебиеттегі дәстүр үндестігі рухани тұрғыдан бағаланғанда ғана байсалды ғылыми тұжырым жасалмақ. Сонда ғана шығарманың және тұлғалы таланттың тылсым құпиясы ашылмақ. Бұл пікірдің дау туғызбайтынына Шалкиіз бен Мұраттың, Бұқар мен Шортанбайдың, Ақтамберді мен Дулаттың арасындағы тығыз байланысты еске сала кетсек те жеткілікті» [27, 18–19].

Халық ақындарының шығармашылығын жеке алып зерделегенде аңғаратын нәрсеміз – ол барлық халық поэзиясы өкілдерінің өлең-толғау, жыр-дастандарының тамырластығы, әдеби сабақтастығы. Идеялық-тақырыптық ізденістердің бірлігіне байланысты халық поэзиясының

осу, өрістеу сипаты негізінен бір бағытта болды. Ол ерекшелік заман алмасуларының нәтижесінен, қоғам құбылыстарының салдарынан жақсы байқалды.

Халық танымы да қоғам өзгерістеріне байланысты өмірседі. Соған орай қоғамдық саясатқа сай жаңа таным, дүниеге тың көзқарас, өзгеше мінез, машық қалыптасады. Ханнықтың іргесі берік өзіндік мемлекеттігі бар жерде әріден келе жатқан ұлттық мінез-құлық көп өзгеріске ұшырамай, ескі мен жаңа сипаттағы халықтық қасиеттері бірін-бірі толықтырып, өз топырағында тамырын тереңге жіберген бәйтеректей өсіп-өніп, көктей бермек.

«Ақын – уақыт пен кеңістіктің үні мен сөзі. Өзі өскен кеңістік оның өлеңінің өзегі. Ақын өскен ортасы мен кеңістіктің жыршысы» [31, 73]. Демек, ақын өзі өскен, қасиетті ортаның адамы. Олай болса, ақынның сол ортасын айтырауын заңдылық дер едік. Халық ақыл-ойының көшбасшысы болған ақындар заман шындығын айтудан өте жылықпаған. «Мың өліп, мың тірілген» халықтың тарихына көз жіберер болсақ, онда қазактың ұзақ жолғы өмір сапарында мамыражай, алаңсыз күндерінен, қасірет негізін азап арқалаған шақтары көп болғанын байқау қиын емес. XIX ғасыр да қазакқа қырын келді. Сан ғасырға соғылған отаршылдық езгі, қорқыту, әлім-жетікпен билеп-төстеген өктемдік ұлттық мінездің жақсы сипаттарына дақ салды. Өуелдегі орысқа бодан болу сезімі келе-келе тақсы жиманды талғамай қабылдай беретін бас ұрған бұддық сезімге айналды. Бұған қарсылық білдіріп, амал тапсаңдар қолма-қол жойып жіберілді. Бұны Дулат Раббитайұлының:

Жан қарасы көрінді,
Қабындап басты жерінді.
Кетпенсіз-ақ қаздырды,

Өтіңе өз көрінді. [28, 178] – деуінен анық байқауға

болмай. Өлеңнің ой-астарында удай ащы қоғам

шындығының күйікті, күйзелісті көрінісі жатқанын аңғарасың. Қазаққа әкелген отарлау саясатының зардаптары мен қасіретін Дулаттай жеріне жеткізе ашық айтып, шындықтың қанын тамшылата көрсете жырлаған ақын көп емес, сирек. Бұдан Дулаттың қоғам сырын терең танығаны, ұлттық мүддені басты орынға қойғандығы анық аңғарылады. Бұндай өлең жолдары халықтың қамын «Едігедей» жеген нағыз ұлтшыл ақынның азаттықты ансап қазаққа қарата айтқан камқор сөзіндей естіледі. «Дулат жырларының күш-құдыреті оның көркемдік қуаты, мазмұн байлығымен қатар, замана келбетін бар бедерімен көрсете білген шыншылдығында» [29, 32], – дейді М. Мағауин.

Отаршылдық саясаттың сұрқиялығын әшкерелеп, қоғамдық қайшылықтарды шынайы әрі сыншылдықпен көтерген Дулат өлеңдеріндегі ата жауға қарсы күреске үндеу, ерлікке жігерлендіру идеясын дамытып жалғастырушылар қатарында Нарманбет есімі алдыңғы сапта аталады. Ұзақ жындар бойы «зар заман ақыны» деген айдар тағып, ескішіл, керітартпа ақындар санатына қосып, зерттеп-зерделеуге тыйым салынған Нарманбет туындылары тек ұлттық проблемаларды дер кезінде көтеруімен ғана емес, көркемдік қадір-қасиетімен қашанда бағалы.

Нарманбет өлеңдерінің негізгі лейтмотиві – заман шындығы. Дулат дәстүрінен мол үйренген Нарманбет қоғам шындығын бүкпесіз ашық жырлауда үнемі алдыңғы шептен көрініп отырады. Өз заманының озық ойлы ақыны Нарманбет шынында ірі реалист суреткер еді. Көрнекті ғалым Е. Ысмайыловтың: «Нарманбет сөзсіз ірі, талантты ақын, ол өз дәуірінің зор реалист сыншысы», [30, 98] – дегені біздің ойымызды дәлелдей түсетіндей.

Нарманбет сол тұстағы қазақтың басына төнген қауіп-қатердің қою қара бұлты сейілмей қойғанына қатты

қамығып қайғырады. Ақын өлеңдерінде қоғам шындығын баямсыз, қаз-қалпында бейнеленеді.

Қалмады, ей Сарыарқа, сенде қызық,
Сандал тау, сары өлкені алды мұжық.
Қолынан келер де жоқ, өнер де жоқ,
Баласы байғұс қазақ қалдың мыжып. [31, 45]

Тақырып, көркемдік шешім шығару тұрғысынан Қожабай өлеңдері негізінен Нарманбет шығармашылығын еске түсіріп отырады. Бұған мысал ретінде «Кел, Қожабай, сен сойле замананың зарынан» деген өлеңін жатқызуға болады. Қожабай осы толғауында қазақ даласында хандық тәртіп жойылып, жаңа билік басындағы би-болыстардың патша әкімшілігіне бағыныштылығы бұрынғыдан да күшейе түскенін барынша шыншыл бейнелейді. Мұның өзі елдің тұрмыс-тіршілігіне көптеген күрделі өзгерістерді әкелді. Солардың ішіндегі ең бастысы кен сахарадағы көшпенді өмірдің өрісі тарылып, халықтың жартылай егіншілікке қалыпқа ауысуы еді. Бұрын қауымдаса тірлік етіп көрмеген елде, ендігі жерде әркім әл-ауқатына, шама-шарқына қарай жеке басын күйттейтін, от басының қамын ойлаптып заман туды. Ауыл ішіне жік кіріп, бай-кедейге бөлшектен болды. Әрине, бұл өзгеріс бір күнде бола қалған жоқ. Бұдан бір ғасыр бұрын пайда болған бодандық жағдайдың даму қисыны біртіндеп келіп осындай халге келген еді. Қожабайдай саңлақ ақынның:

Бұл күнде қазақ айрылды,
Қазақшылық салтынан.
Шыма қылып байқасақ,
Қазақтар асып барады,
Қазақтың ноғай, сартынан.
Мил біткені би болып,
Күнде жеп параны,
Түгімен жұтып қараны,

Жақсы айрылды калпынан, [15, 38] – деп түйіндеулер жасауынан қоғам шындығы жақсы аңғарылады. Қожабай заманның қыспақты тарлығының түп негізі – қазақтың дербестіктен айырылып, Ресейдің басыбайлы отарына айналуында жатыр деп түсінеді. Қазақ қоғамының болашақ жай-жоспарын ойлап, қабырғасы қайысады. Өз заманының отаршылдық нәтижесінде туған сұрықсыз көріністерін жете таныған ақын қалың бұқараны кембағал күйге түсірген патша әкімдерін де, олардың сойылын соққандарды да, жеке басының қамын күйттегендерді де аямайды, бәрiнiң де келеңсiз iстерiн, арамдығын, паракорлығын әпкерелейдi. Дулат пен Нарманбет заманының күйi Қожабайдың осы өлеңiнде айқын көрiнiс бердi.

Қай дәуірдің ақыны болмасын, егер ол шын талант болса, жүректің сөзін айтпай тұра алмайды. Егер шындықты айналып өтіп, жалғандыққа жол берсе, онда ол ақынның қас талант, нағыз дарын болмағаны. Бұл тұрғыдан зерделегенде Қожабай өз заманының бар ақиқатын шындыққа суарылған өлеңдерімен ешбір бүкпесіз өрнектеп бере алған ақын.

Жиырмасыншы ғасырдың басында қазақ әдебиеті сан алуан тақырыптарды қамтумен қатар, көркемдік-идеялық ізденістерге батыл барды. Осы тұста халық поэзиясы да кең мүмкіндік алып, жанаша мазмұнда дами түсті. Жамбыл бастаған халық поэзиясының көрнекті өкілдері Нұрпейіс Байғанин, Кенен Әзірбаев, Доскей Әлімбаев, Шашубай Қошқарбаев, Нұрлыбек Баймұратов, Нартай Бекежанов сияқты суырыпсалма ақындар өз өлеңдерінде жаңарған заманды ерекше шабытпен жырлады. Бұл үрдістен Болман ақын да сырт қалған жоқ. Заманды жырлауды басты тақырып етіп алған Болманға, өткеннің жайына жаңаның мәнін қосып сөйлеуіне толғау жанры көп мүмкіндік берген сынайлы. Зерттеуші Н. Төреқұлов толғау жанрына

былайша анықтама береді. «Ақын-жыршылар жұртқа мінтәйіп деген ойларын, бастан кешкен оқиға, өмір тәжірибелерін, болашақ арман, мақсаттарын, ақыл, насихат мәселелерін, философиялық, психологиялық ойларын поэтикалық көркем сөзбен толғайды» [29, 118]. Осы тәртіптегі ерекшеліктер ақынның «Толғау» деп аталатын арнауында көрсетіледі:

Көңі көрген көнемін,
Жүрегім толы жыр дастан.
Сый етіп халқым беремін,
Іткенше демім тынбастан.
Замана болды сонау бір,
Біс қосып кедей мұңдасқан.
Жиуыздықтың бұлты торлады,
Көрсетпей жүзін нұрлы аспан.
Халықты байлар қанады,
Ұлықпен бірге жымдасқан.
Іткен еңбек еш болды,
Ұзақгы күн тынбастан.
Ел аңсады еркіндік,
Жирқырап бір сәт таң атты,
Сәулеге бөлеп алапты.
Елге орнатып әділдік,
Жүртты өзіне қаратты [17,46].

Жимбыл, Нұрпейістердің дәстүрімен төкпелей келіп Болман оған жаңаның сөзін қосады. Өзгерген қоғамды, өткен заманды жырлайды. Бұл толғауында ақын дәуір аяқтарынан, халық басынан өткен оқиғаларды өз атынан баян етеді. Толғауда айтылған қуаныш, сүйініш өз басынан өткендей күй кешеді. Ол ой-армандарын, шаттанған көңіл-күйін жеке бастың емес, жалпы халықтық сипат бере отырып жырлайды. Әдебиетке жаңа заман мүлдем өзгеше табыстар қойды. Бұған Болман әр түрлі шығармашылық

жолмен келді де, әр түрлі ізденістерін байқатты. Сол себепті, бұл тақырыпты оның шын ниетімен жырлағаны анық.

Иманжан да ұлтқа бостандық әкелді деп Қазан төңкерісіне үлкен үміт артты. Ол қиялдаған арман-мақсатының жүзеге асқанын шабыттана жырлады.

Ей, халқым, қуанамын жеткенге аман,
Шүкірлік арнаулы үлес тиді маған [30, 14].

Ақын лирикалық-толғаныстарымен қазақ елінің экономикасы мен мәдениетінің өскенін тебірене бейнелейді. Ол өзі суреттеп отырған қазақ қоғамындағы құбылыстарды өмірдің терең тамырлы оқиғаларынан алып суреттейді. Сонымен қатар, Иманжан, Болмандардың өлең-толғауларында адам еңбегін, жеңісін қуатын айту сарыны да кездеседі. Бұл ерекшелік, әсіресе, Болманның «50 жылға тартуым», «Жалықпаймын жырлаудан», «Ұлы той» деген өлеңдерінде кездесе, Иманжанның «Қазақстанның 30 жылдығына», «Танысу жолы», «Қазақтың жана театры», т. б. өлеңдерінің негізгі тақырыбы болды. Бұл Болман, Иманжандардың ең көп жырлаған тақырыптарының бірі болды. Осы кезеңдегі халық поэзиясында, олардың өлеңдеріне тән ерекшеліктерді, бүгінгі күні кемшілік десек те, айтуға тұрарлық олқылық-мінді алғаш аңғарған, тап басып тауып айтқан ғалымның бірі – Р. Бердібаев. «Өлең-толғауларда көп тақырыптық басым болды. Ақындар белгілі бір оқиғаға өлең арнай отырып, басқа да талай мәселені қамтып кете беретін... көп проблеманы қабаттап қосу өлең көлемін шамадан тыс ұзартып, әрі поэзияның эмоциялық күшін әлсірететін еді», [13, 28] – деп ғалымның байқағанындай, Болман, Иманжандар да кезең дәстүрінің игісін игерумен қатар кемшілігінен де аулақ кете алған жоқ. Өмір шындығы көбінесе бір қырынан ғана көрсетуге

ауыстырушылық ақындар шығармашылығының жалпы сипатына әсерін тигізбей қоймады.

Қожабайдың Болман мен Иманжандарға қарағанда таныны басқа, қоғамы өзгеше еді. Қожабай – Шортанбай, Мүрат, Дулат, Нарманбеттермен замандас, бір мезетте өмір сүрген ақын. Сондықтан оның өлеңдерінде бұл ақындарға тән ерекшеліктердің көрініс беруі әбден орынды еді. Қожабайдың толғауында қоғамның міні айтылып, кемшілігін сынау басым жатса, Кеңес заманында жасаған Болман Иманжандар тек қоғамның жақсылығын айтып, жасалмағандығын жырлаудан әсте танабады. Мұны ақындар шығармашылығындағы негізгі ерекшелік десе де болады.

Асылы, ақындар шын мағынасындағы азаматтықты ұлттық мұрат тұтып, соны өнерде де, өмірде де дәріптей білсе ғана, шығармашылық биік белестерге, көркемдік дамуының жаңа сатыларына көтеріледі. Ақын-жырауларды өмірдегі мақсатсыздық пен күйкілік кейбір адамдар болғаны да кездесетіндігі ойлантпай қоймайды. Әрине, адам болған соң, әйтеуір бір мақсаты болатыны даусыз, сойтса да мақсаттың да мақсаты бар. Қарақан басының аман күйттеген эгоистік мақсат та бір, мақсатсыздық та бір емес пе? Яғни, мұндай күйкі мақсаттан өткен өмір – мақсатсыз өткен өмір. Осындайда адамды адам еткен және өтетін де әлеуметтік мұрат, азаматтық арман мен қоғамдық мақсат екендігі ойына орала береді. Сондықтан болу керек:

Үш-ақ түрлі өмір бар – бәрі де мас,
Бір рәуішті болады шал менен жас.
Ең керекті дегенің ортаншы өмір,
Түгел қолың жетпейтін бір жанталас.
Қаны өткізбе сол кездің бір сағатын,
Оқитың қалмайды кетсе ағатың.

Күш-түні дей көрме, ғылым ізде,

Елелен десең артыңда адам атың! [31, 7] – деген Шортанбайдың өлең жолдарындағы терең ойға да еріксіз ден

қоясың. Ақын адам өмірінің бүкіл мәні білім-ғылыммен өлшенетіндігін, ол жоқ жерде тіршіліктің де түкке тұрғысыз нәрсе екендігін батыл көтереді.

Шәкәрім өлеңдерінің негізгі өзегіне айналған тақырып Қожабайдың шығармашылық бет-бағдарын айқындады. Ол да оқу, білім мәселесін өз жырларына арқау етті. Қожабайдың шығармаларында осы тақырып кең жырланып, оның кейбір өлеңі Шәкәрім шығармаларымен үндестік табатындай. Өз кезеңінің әлеуметтік проблемаларын, мұқтаждығын жақсы түсінген Қожабай жас-жеткіншектерге үлгі-өнеге боларлықтай ойлар айтады:

Жылдар өтер арада, ғасыр өтер,
Құпияның сырына ұрпақ жетер.
Ілім іздеп ұмтылған жас ұландар
Тарихтың бүккен сырын жария етер.
Ғылым ашпас өмірде кілт жоғы анық,
Сондықтан жас ұланым сырға қанық.
Талаптан өнер іздеп, көкірегінді аш,
Намысыңды қамшыла қайраттанып.
Білімсіздің алды – тымық, соны күмән,
Көкірегіңе сәуле жина, ғылым танып.
Осы айтқан насихатқа зер сала жүр,
Жеткіншек құймақұлақ құйып алып [15, 17].

Ақын Қожабай халықтың келешегінен үміт артқан жастары өздерінің қуатты шағын бос өткізбей оқу, біліммен шұғылданып, кейіндеп қалған халқының қолын алдыңғы қатарлы озық мәдениетке жеткізсе деген ойда болады. Халықтың және жеке тұлғаның өмірінде ғылымның алатын орны өзгеше екенін ескертіп, білім бұлағының көзін ашып, дүниеде болып жататын жаңалықтарды білсе, басқа ел-жұрттардың тіршіліктерімен танысса, қажетін қанағаттандырып, білімділер жолын қуса

мен армандайды. Қожабай елінің ертеңін, үміт еткен жастарын оқу-білімге шақырғанда өзінің ғылым-білімге құмарлығы, әуестігі, сыншылдығы тұрғысынан келіп келелі ой өрбitedі.

Оқу-білім мәселесі ХХ ғасырдың басында ұлттық әдебиетте көп жырланды. «Қазақ халқын, әсіресе жастарды оқу-білімге, өнер-ғылымға шақыру ХХ ғасырдың басындағы барлық бағытқа тән десек те, бұл саладағы аяртұшы-демократтардың еңбегін ерекше атауымыз керек». [32, 89] деген Ө. Әбдиманов пікірі қисынсыз емес. Аяртұшы-демократтар туған халқын орыс бұғауынан құтқарар бірақ жол бар деп түсінді – ол оқу-білім мәселесі. Ол көптеген ақын-жазушылардың шығармашылығынан таңдап алып, түр, мазмұн жағынан толығып, тереңдігімен алып, Ұлы Абай өсиет еткен «Мақсатым тіл ұзартып, өнер шашпақты» берік ұстанған Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Бернияз, тағы басқалардың түрлі еңбегінде жазған шығармаларына оқу-білім мәселесі басты тақырып ретінде желі болып тартылды. Бұл игі дәстүрді жалғастыра келе жатқан ақындары Жамбыл, Нұрпейіс, Доскей, Шашубай, Мамыр, Тайжан, Қайыптар үлкен шығармашылық еңбектерімен жалғастырып, халқын рухани ояту жолында аяқталмай еңбек етті. ХХ ғасыр басындағы қоғам тынысын, аяқталмай келе жатқанын жіті бақылап қадағалап отырған бұл ақындар да өз халқының мәдениетке қол артып, өркениетті өмір сүруін қатарынан көрінуін көксегені де ақиқат еді. Оқу-білім мәселесінің ХХ ғасыр басындағы әдебиетте жүйелі қарастырылуына негізгі себебі де осы болатын. Иманжан ақын да өз өлеңдерінің өзегі етіп өнер-білім мәселесін көтерді. «Балаларыма», «Немерелеріме», «Далабай» өлеңдерінде Иманжан жастардың алдында қойған міндет тұрғанын, оларды жүзеге асырудың кілті оқу-білімге бейланысты екенін ескерте келе «Балаларыма» өлеңінде былайша тұжырым жасайды:

Сабырлы ғалым иесі болып шықсаң,
Боларсың сонда көпке үлгі берген.
Білімнің ғылым кілті аузын ашқан,
Жабылық жалқаулыққа бұрылтпаған [32, 9].

Өмірдегі сарқымайтын мол байлық білім екенін айта келіп, оқу-білімге арман қуған жастардың қолы жетуі үшін үздіксіз оқу, қажымас қайрат керектігін түсіндіреді. Өлеңде оқу, білім алуғағы мақсат неде екенін кеңінен аша түседі. Өлеңнің негізгі идеясы жас жеткіншектерді оқып білім алуға шақырады. Сонымен қатар, жоғарыда аталған басқа өлеңдерінде де ақын жас балаларға қаратып, өзінің ең озық ел алдындағы азаматтық борыштарын санап көрсетеді. Әділдік пен ақиқат жолын берік ұстанған Иманжан ақынның оқу-білімге үндеген өлеңдері халықтың шын жанашыры сөзіндей естілді.

Жастарды инабаттылық пен адамгершілікке, имандылыққа баулитын өлеңдері шығармашылығынан ерекше орын алатын ақынның бірі – Болман Қожабайұлы. Ол үлкенді құрметтеу, мейірімділік, кішіпейілділік сияқты адамгершілік қасиеттерді өлеңдерінің негізгі арқауы етті. Болман сондай-ақ, оқу-білім мәселесін де назардан қағыс қалдырмайды.

Осы өсиет сөзімді,
Балаларға ала бар.
Ақыл менен аңғарар,
Оқыған білім сана бар [17, 28].

Халық ақындарынан үлгі-өнеге алған Болман «Жастық», «Балаларыма», тағы басқа өлеңдерінде жастарды оқу, білімге шақырады. Қожабай мен Иманжандардың өлеңдеріндегі ойлары мен идеялары, олардың рухани мұралары Болманның шығармашылық

іденістерінің негізгі өзегіне айналғаны да рас. Болман да бұлардың шығармаларындағы ой-пікірлерді ербіте отырып, рухани дәстүр сабақтастығын әрі қарай жалғастыра түсті.

Ақын-жыраулар қай дәуірде болмасын өз заманының жаршысы болған. Демек, Қожабай, Иманжан, Ысмайылдардың өз дәуірінің жаналық өзгерістерінен, проблемаларынан тысқары қалуы мүмкін емес еді. Сол себепті, олардың өлеңдерінен қазақ жырауларының поэтика-бітіміне тән белгілерді, ой-пікірлерді, идеялық-формалық ізденістерді ұшыратуымыз заңды құбылыс. Бұл ағымда профессор Б. Әбілқасымовтың: «XV–XIX ғасырлардағы қазақтың жыраулық поэзиясы осы көрсеткіштің орнықтылығына жақсы айғақ бола алады. Аталмыш дәуір поэзиясы қазақ әдебиеті тарихынан берік орын алып отыр. Шалкиіз, Бұқар, Махамбет дәстүрінің өсетін дәуіріндегі халық ақындарының творчествосына ұласуы бүгін процесс ретінде карамасак, ақындық өнердің дамуын жасанды түрде екіге бөліп тастаған болар еді» [33, 92] – деген салмақты пікірі біздің концепциямызды бекіте түседі.

Жалпы, халық ақындары арнау өлеңдерді көп айтырған. Шөже, Орынбай, Сүйінбай, тағы басқалардың поэтизмдеріне қарағанда, арнау өлеңдерінде де өлеңнің бермей қалған жоқ. Арнау өлеңдер Қожабай, Иманжан, Ысмайылдардың шығармаларында жалғасын тауып жатты. Бұл көптеп халық ақындары мұрасынан арнау өлеңдерді қолданған кездестіруге болады. Олардың тақырыптары сан еліне, әр алуан. Ел қорғаны батырларға, әділ-төрелік өлеңдеріне, би-шешендерге, ғылым, білім, өнер салпақтарына, ел ішінде сыйлы-беделді адамдарға, қолдары, әкім-қараларға өлең жыр арнамаған халық ақындары жоқ десек, артық айтқандық емес. Қожабай

ақынның арнауларының ішінде өзінің болмыс-бітімімен ерекшеленетіні «Көп еді, Қожахмет, ақыл-айлаң» деген өлеңі. Қожабай Қожахметті «ел қамқоры» ретінде жырлайды. Әуелі, өлең арнап отырған Қожахметтің оқыған, көзі ашық сауатты кісі екенін бейнелегенде де оны халық мүддесін өз мүддесінен жоғары қояды деп бағалайды. Ақын осы небір бейнелі сөз, көркем теңеулерді орнымен, ұтымды етіп қолдана білген.

Көп еді, Қожахмет, ақыл-айлаң,
Тар жерде тиюші еді көпке пайдан.
Иә, суық, иә күйдірген ыстық емес,
Шыбынсыз тудың салқын қоныр жайдан.

Адассам жол, ансасам су болар деп,
Тілеймін, сақтай гөр деп бір Құдайдан.
Нешелер шамдай жанып сөніп кетті,
Сақтасын жаппар Құдай осындайдан.
Дәрежең ай мен күндей артық болды,

Үшеу боп тудың асыл Оразайдан! [15, 78] – дей отырып, замана тынысына да байыппен зер салады, осы қараңғы түсініктегі ел-жұртты жарыққа бастайтын көрегендігін байқатады. Ақын қандай қиын жағдайға кезіксе де Қожахметтен айнымайды, қайта оны қорғай, қолдай сөйлейді, оны адал, халықтың қамқоры, қайырымды жан деп бейнелейді. Қожахметті ең әуелі, халқына адал қызмет еткен ардагер азамат ретінде бейнелеп, елдің мақсат-мүддесіне қызмет ететін қажет жан деп көрсетеді. Ақын Қожахмет образын елге пайдасы тимейтін, өздерінің жеке басының камын күйттейтіндерге қарама-қарсы қоя бейнелейді.

Қожабайдың мұнан басқа «Зілқара қажыға», «Ұсталып Бидаш кетті», «Арыстанбекке» деген арнау өлеңдері бар. Бұл шығармаларында ақын адамгершілік

мәселесі тұрғысында сөз қозғайды. Адам бойындағы жағымды қасиеттерді уағыздап, келеңсіз кемшіліктерді өсиі садағымен түйрейді. Әсіресе, сараңдық сияқты жағымсыз қылықтарды қатты сынап, адамгершілік қылықтарды айтады. Қожабай ақын ретінде өзінің жан тәнімен ақиқатты, шындықты жақтады. Қоғамдық келеңсіздіктерді өсиі бүкпесіз сынап, ел билеушілерінің іс-әрекеттерін ащы сөзмен ажуалай білді. Ақынның әлеуметтік ішкі қатынасты қатты шенеп айтқан арнауларының қатарына «Өлмәмбет болысқа айтқаны» өлеңін жатқызуға болады.

Өлмәмбет, көңілің бірдей аспанменен,
Өлмей ме бай боп халықтан асқанменен?
Тегермей ердің басын ел қоймайды.
Не болды бауырына басқанменен?

Атымғай өзі кәпір, жомарт, сақи,
Орын алды дүние малын шашқанменен.
Өмінен қырық жыл бұрын Қорқыт қашты,
Қойды ма оны Құдай қашқанменен.

Атымтай орын алды қоңыр жайдан,
Сақи боп пақырға мал шашқанменен.
Наушаруан ғаділдіктен болып патша,
Жақсы болды адасқанды қосқанменен [15, 108].

Қожабай «өзім қарайласып тұрам» деп қасына шақырған Өлмәмбет болыстың ауылына ойланып келетін көңілі келеді. Қожабайдың өзі жоқта үйіндегі он ерге жасар баласы бақилық болады. Қара жамылған өлбасына бийдың келіп көңіл айтпағаны онсыз да қарымдан ақын көңіліне қаяу түсіріп, жанын жаралайды. Арнаулы ақын әбден шерменде боп қатқан ашу-ызасын, өлбасының жасаған қиянат-қысастығын алдына жайып

салады. Қожабай бұл тұста байлықтың дәулеті дәуірлеп, ұзақ тұрмайтынын, байлық бір жұттық екенін, мәңгілік еместігін, ескерте келіп, одан да пенде аз ғана ғұмырда обал-сауап жайын көбірек ойластырғаны жөн дейді. Байлық пен жоқтық тәкаппарлық пен қарапайымдылықтың, ақ пен қараның, т. б. қарама-қарсы құбылыстардың мәнін ашып сипаттайды. Ол бұл мақсатта қайырымсыз Қарынбай мен Жомарт Атымтайдың, Қорқыттың іс-әрекеттерін үлгі етіп ұсынады. Өз ойларын ұлтымды да әсерлі жеткізу үшін Шығыс поэзиясындағы танымал бейнелерді шеберлікпен орынды қолдана білуінен Қожабайдың Шығыс әдебиетінен мол хабары барлығы, жақсы білетіндігі аңғарылады. Қожабай осы арнауында Наушаруан, Атымтай, Қорқыт, т. б. бейнелері арқылы гибрат боларлық ой артады. Сөйтіп Ерiмбет Көлдебей-бекұлының өлеңдеріндегі жомарттық пен сарандық, қарапайымдылықпен тәкаппарлық, ұстамдылық пен абыройлық жайында айтылған ой-пікірлер Қожабайдың осы өлеңінде жалғастық тапты. Негізінен алғанда, Қожабай арнауларындағы түсінік-таным мәселесі қоғамның талап-тілектерімен астасып жатыр. Ел билеушілерінің қайырымсыздықтары, қарапайым халықтың әлеуметтік жағдайларының төмендігі, татулық пен тұрақтылық, т. б. тақырыптар кен көлемде жырланады.

Болман, Иманжандардың да шығармашылығының өнімді саласын арнау өлеңдер құрайды. Бұл жанрдағы өлеңдердің негізгі сарыны мәдениет, өнер, ғылым қайраткерлеріне арналған. Әрине, сөз арқауындағы ақындардың арнау өлеңдерінің көркемдік дәреже-деңгейі бәрі бірдей төрт аяғынан тең басқан, мазмұнына формасы жарасым тауып жымдаса байланысып жатқан туындылар емес. Жалпы, арнау өлеңдердің қайнар көзі, бастау бұлағы жыраулар поэзиясында жатқаны белгілі. Жыраулар ақындардың үйренер, тағылым алар мектебі болғаны да

өзінкі. Өзінің шығармашылық ғұмырында арнау өлеңдерімен ерекшеленетін ақындардың санатына Иманжан Жылқайдарұлын да жатқызуға болады. Оның арнау өлеңдерінен Жамбыл, Шашубай, Доскей, Мағасірлердің әсерін сезбеу мүмкін емес. Иманжан арнау өлеңдерінде әрдайым адам ұдылығын үлгі-өнеге етіп, білім мен өнерді үйренуге, ұлтына адал қызмет етуге үндеп отырады. Әдебиет, өнер, ғылым қайраткерлерін жырлау Иманжанның шығармашылық бағыты болды. Ақын өлеңдері халық поэзиясы талабына сай шығарылған. Ақын «Абайға» арнау өлеңінде ұлтымыздың ұлы ақыны Абайдың ойлы да, көркем шығармалары бүкіл әлем әдебиетіне, мәдениетіне қосылған үлес екендігін, оның өлең жырлары келешек адам баласына тастап кеткен мұра екендігін өзіндік кескін-келбетімен танытады.

Қанды әлем ақын Абай шарбатына,
Мұхиттың су ішкендей шеңберінен.
Дириядай түбі терең жырдың кені,
Ұлы Абай тең келмеген ел шешені [34, 8].

Ұлы Абайдың Шығыстың ұлы ақындарының шығармаларымен таныстығы, олардан үлгі-өнеге алған ынталы құрметпен атайды. Шығыстың ұлы ақындары өлеңдерін мұраға бет бұру, оның халық арасына тарату ісі Абайдан кейінгі дәуірде де азайған емес. Шығыс поэзиясы ақындарының шығармаларының Иманжан ақынға мәлім болғаны соншалық, тіпті, бұл ақындардың есімдері арнау өлеңімен лайықты орын алған. Ақын әлемдік поэзиядағы ақын ақындардың адамзат алдындағы өлшеусіз еңбегіне тастап келіп, осы қатарда Абайға ерекше сүйсіну сезімін білдіреді.

Қия – гүл, ақыл – дария, тілім – бұлбұл,
Ой – ұя, көңіл – сандық, өлең – қазына.
Қадірлі ен халқыңа етер базына.
Толтырдың ой қазынасын нығып тым-ақ,
Низами, Сағди, Сайхали, Фирдаусиден [34, 8].

Болман да халық акындары үлгі-өнегесімен талдап таңуға лайық бірнеше арнау өлендер шығарып таратқан арқалы акын. Ол да Иманжан дәстүрімен өзінің арнауларында әдебиет қайраткерлерінің бейнесін жасауға талап қылады. Халық поэзиясы өкілдерінің ойлы да көркем өлең-толғау, жыр-дастандары бүкіл қазақ халқының әдебиетіне, өнеріне қосылған үлес екендігін, олардың туындылары келешек ұрпаққа, ұлттың жас жеткіншектеріне тастап кеткен мұра болғандықтан Болман тамаша серпінмен, ерекше шабытпен жырлады.

Серігі акын Жамбыл, қарт Шашубай,
Шашекең алтын ғой ат басындай.
Қиядан талмай ұшқан ақ түйғындай,
Шап берген ақ береннің шаппасындай.
Семейдің Сапарғали, Нұрлыбегі,
Халықтың бастап жүрген бәйгі көгі.
Ортадан жасы асқан акын Төлеу,
Ақынның осындай-ақ асыл тегі.
Шымкенттің Қазанғап пен Орынбайы,
Бәйгі алған шаршы толта жезтаңдайы.
Кездестім Алматыға барғанда,
Қадиша Қызылорда ақмаңдайы [17, 69].

Ақын «Әріптестеріме» деген арнауында ақындығымен даңқы шыққандарды, ел құрметіне бөленген сөз өнері иелерін мақтанышпен жырлайды. Ол өзімен замандас ақындарды мақтан етеді әрі ұстаз тұтады.

Қазақ өлеңі кашанда азаттық идеясының көш басында халықтың мызғымас қамалындай болып тұратын батыр бейнесіндей көрінеді. Ақын-жыраулардың өлең-жырылары қазақтың азаттық үшін күрестегі өлмес рухын таныта сөзіндей. Бейбіт өмір сүру, тәуелсіз ел болу, дербес мемлекет құру қай заманда да кез келген халықтың армандалуы онай жүзеге аса қоймайтын ұлы арманы болған дүние. Өр Алтай мен Атыраудың арасын мекендеген қазақтың тәңірден тілегені де, «Алла» деп армандағаны да, көтеш сұрағаны да азаттық болатын. Ақын-жыраулар поэзиясында болашағы бұлыңғыр, алдағы күмәнді күндерге, нар тәуекел ер ісі деп батыл кадам жасаған қазақтың азаттық үшін күресі, басқыншылардан туған ерлерін қорғау, басқа да шешілуі қиын түйінді мәселелер көтерілді. Сондықтан бұлар ақын-жыраулар поэзиясының өсуімен бірге, қоғамдық маңызын үстемелей түскен басты тақырып болды. Азаттық жыры мен тәуелсіздік рухының өкілі жыраулар шығармашылығының негізгі өзегіне айынуы түптеп келгенде, бостандықтың қадір-қасиетін көбірек түсінгендіктен болар. Ар-намыс үшін шыбын жанын шүбірекке түйіп, мұздай құрсаңған күші басым жауға қарсы қылышпен қарсы ұмтылу, азаттық таңы үшін қанын төгудің қанын да аямай өлімге бас тігу қазақтың қанына сіңген азаттық қасиеті болса керек. Көтеш ақынның қатал үкім шығаруы да сондықтан.

Батырлар, арды сақта, еліңді сүй,
Ел үшін аязға тоң, жалынға күй.
Жіберме ердің арын, ел намысын,
Ел үшін қаның төк, жаныңды қи [39, 23].

Ұлттық әдебиетімізді қалыптастырып, орнықтырған ақын дәстүр тарихында Махамбет поэзиясы да ерекше орын алады. Өз заманы үшін мол көркемдік мұра қалдырған Махамбет ауыз әдебиеті мен жыраулар

поэзияның игі дәстүрлерін, озық үлгілерін игере отырып, ұлт бостандығы мен тәуелсіздігін аңсаған жаңа идеяны көтеріп жырлаған толымды туындылар туғызды.

Тәуелсіздік рухының Махамбет өлеңдерінің өзегіне айналуы – түптеп келгенде, ұлт бостандығы мен бодандықтан азат болуды аңсаудан туған идея деуге болады. Махамбет өлеңдерінің өзіндік ерекшелігі жөнінде әдебиеттанушы ғалым Р. Тұрысбек былай дейді: «Махамбет мұрасының мәңгілік сипаты – Ұлт мұратын, Азаттық ұранын, Тәуелсіздік талаптарын кең көлемде жырлап, Ұлы халық пен ұлан даланың дауысын, тыныс тірлігін жан-жақты көрсетіп, сол арқылы өлең-өнердің құдірет-киесін биік белеске көтеруінде деп білеміз» [35, 12].

Махамбет өлеңдеріндегі азатшыл ой, азаттық рухтағы идеяларын жалғастырып, шығармаларының тақырыптық аясын барынша кеңейткен ақындар ұлттық сөз өнері тарихында аз болмаған. Бұл игі дәстүр халық ақындарының өлең-жырларында бет-әлпетін жоғалтпай дәуірлей түсті.

16-шы жылында
Мекалай жарлық шығарды
«Солдатқа бала бер» деген.
Жәменке, Ұзақ, Жаңабай
Беруге бала көнбеген.
Әбдіхалық, Серікбай,
Сыбанқұл, Құрман ер деген,
Өңкей саңлақ бірігіп,
Зорлыққа бала бермеген.
Қысымдық қылып Мекалай,
Түрмеге салды ілменен.
Сол сабаздар түрмеден
Үйіне аман келмеген... [36, 18].

1916 жылғы дүрбелеңді көзімен көрген Әбден Атамқұлұлы сынды ақынның халықтың жадында қалғанын, кейінгі ұрпақтарға жеткен өлеңінде сол кездің тарихи шындығы тайға таңба басқандай бейнеленген.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі басшыларының бірі Амангелді Имановтың көтеріліс кезіндегі бейнесі Қожабайдың «Аманкелдіге арнау», Иманжанның «Аманкелдіге», Болманның «Атыңнан айналайын, Аманкелді» деген өлең-толғауларында біршама нақты, тарихи шындыққа сай көрініс береді. Бұл шығармалардың мазмұны да, сюжеттік желісі де бір-біріне ұқсас. Болман ақын Аманкелдінің дағдарған елге ой салып, жол көрсеткен басшылығын «Атыңнан айналайын, Аманкелді» өлеңінде мынадай жолдармен береді:

Қорғады байтақ елді қиып жанын,
Келтірген ерлікпенен өмір сәнін.
Құтқарды ақ патшаның тұзағынан,
Әні жоқ сол ерлігін ұмытқаным [17, 48].

Ақын елдің қорғаны болған, халық қиналған шақта өлең сөзбен, ақыл айтқан абыройлы ұлы Аманкелді бейнесін өлеңнің өзегі етеді. Ұлттың бостандығы үшін күрескен батырды көтермелей суреттейді. Сонымен бірге, көтерілістің мән-маңызының нәтижесі халықтың өмірінің өзгеруіне септігі тигендігін де тілге тиек етеді. Аманкелдінің өзі өлсе де, ерлігінің мәңгі жасайтынын, ешқашан ұмытылмайтынын да ескертеді.

1916 жылғы, яғни көтеріліс басталған кезде 75 жасқа жеткен Қожабай ақын да бұл тақырыптан сырт қалған жоқ. Өлеңмен, қысылған халыққа жанашыр, қамқор болған ұрпақтарды дәріптейтін мадақ өлеңдерді шығарып достарымен айту дәстүрі кешегі Бұқар, Тәтіқара, Ақтамбердіден жалғасқан дәстүр. Қожабай көтеріліс

басшысы Аманкелдіні қалың отқа су себетін қарлығаш деп сипаттауы тегін болмаса керек.

Болар, деп, үміткермін күткен заман,
Су сепкен қалың өртке қарлығаштай [15, 28].

Сөйтіп, ақындар патшалы Ресей еліне күл болып, империалистік соғыстың майданында қырылудан бас гартқан, өз жерінде өлуге бекінген халықты көрді. Сонымен бірге, Иманжан ақын патшалық ел билеу жүйесінің әбден шіріп құлаудың алдында тұрғанын, халықтың бостандық үшін күреске даярлығын, азаттық таңы ататын мезгілдің жақын екендігін де сезе бастаған еді.

Атанды Аманкелді алтын орда.
Түскен соң беті түзу тура жолға.
Бақыты арта берсін күннен күнге,
Ұранын бостандықтың алды қолға [36, 25].

Әрі көтеріліс басшының саяси күрестен хабардар екендігін байқатады.

Жалпы ақындардың өлеңдерінде Аманкелді халықтың ең игі қасиеттерін бойына жинақтаған, оның арман-тілегін көксеген, елі үшін жанын құрбан еткен ер жүрек батыр, көтерілістің ұйымдастырушысы әрі басшысы ретінде жан-жақты бейнеленеді.

Тарихтың бүкіл қасіретті күндерін айшықты сөз өнерімен қиюластырып, нақты дәлдікпен көрсете білген ақындардың құдіретін айтпай кету мүмкін емес. Туған елінің азаттығын аңсап өткен ақындардың өлеңдерін еліміздің егемендігінен бөліп қарауға әсте болмайды.

Қоғамдық-элеуметтік проблемаларды көтеруімен бірге, ақындар жеке бастарының мұң-мұқтажын жырлауды да әдетке айналдыруды дағды қылған. Олар жеке

өмірлеріне қатысты мәселелер жөнінде де аз толғанбаған. Қаны жабырқап, мұңайған шақтарында ақындар көңіл күйзелісін жеңілдету үшін өлең-жырлар шығарып шергізіп отырған. Жоқшылық, кедейшілік те ақындардың өлеңін көтертпеген шешілуі қиын түйткілді тақырып болғандықтан жүйелі жырланды. Қазақ әдебиетінің XIX ғасырдағы көрнекті өкілдері Жанақ, Шөже, Сүйінбайлар жоқшылықтың қасіретін аз тартпаған ақындар болатын. Табиғаттың даму тарихына көз жібере қарасак, онда табиғатты, дарынды деген ақын-жазушылардың бәрі болмаса да, көпшілігі дәулеті шалқып өмір сүре алмайтын байқаймыз. Жоқшылықты, кедейлікті жырлаумен айналысу да Жанақ, Сүйінбайлар өлеңмен өрнекпен айтулы сөз зергерлері болып саналады. Жанақ ақын өлеңінің турасында ойын өлең жолдарында былайша береді:

Жисымнан кедейліктен жедім таяқ,
Жылаң бас, жамау дамбал, жалаң аяқ.
Кедейлік қыршаңқы аттай топтан қуып,
Үйірге қосыла алмай, жүрдім саяқ, – десе, Жетісудың

Сүйінбай ақыны Сүйінбай өз топшылауларын былайша береді:

І. Күдай, тарылттың ғой мені жастан,
Кем етің, жетістірмей мал мен бастан.
Барайын деген жерге көлік таппай,
Отармын енді, міне, жылжымастан,

Жоқшылықта өмір сүрген Қожабайдың да әр кезіндегі кедейлігі шығып отырған. Есейіп кемеліне келген Қожабай да ақын жоқшылық пен кедейліктен құтыла алмайды. Таршылықта, тығырыққа тірелумен өмір кешкен Қожабайдың күйзеліс күйін оның өлеңдерінен анық

байқауға болады. Жалпы, ұлттық сөз өнері тарихында кедейлікті, жоқшылықты, өлең өзегіне айналдыру дәстүр сонау Жанақ, Шөже, Сүйінбайлардан жалғасып келе жатқан тақырып болатын. Бұлар кедейлік пен жоқшылықтың зардабын, адам өмірінде қандай қиындықтар туғызатынын көркем тілмен әспеттеп, жеріне жеткізе өрнектеп бере алған ақындар болып табылады. Қожабай да кедейлікті, жоқшылықтың қасіретін өзіне дейінгі ақындардың епқайсысына ұқсамайтындай етіп, соны сипатта, өзгеше тұрпатта өрнектейді. Бұны Қожабайдың өзіндік ақындық ізденісі демеске болмайды. Өмірде жоқшылықтан көп қорлық көрген ақын өлеңін ащы мысқылға, кекесін-күлкіге құру арқылы кедейліктен есе қайтарғысы келеді.

Қожабай, бір сөз сөйле көңіл ашып,
Іштегі қасіретінді сөзбен басып.
Жоғары сал көзінді төңірекке,
Кетесің жабырқасаң өте жасып.
Бас кемтар, мал жарлық, қонақ көптік,
Жабылады бәрі маған араласып.
Елдегі барлық қырсық басын қосып,
Тарқайды біздің үйден ақылдасып.
Мінгесіп атқа мінсем алды-артыма,
Мойным еркелейді қолын асып.
Алдына тамақ қойған уақытында,
Отырар дастарқанды қамаласып.
Анталап бәрі бірдей қол сұққан соң,
Тамақтың берекесі кетер қашып.
Бірінен-бірі көріп қатын, бала,
Жак-жак боп ұрысады шуылдасып.
Сорың көп, ырысын аз болғаннан соң,
Ұмытылып қылдырмайды пайда кәсіп.

Жүрт қатар шаһар тұрғызбайды,
Ашылған жерін қымтап, арқа қасып.
Қосылған ғашық болып жарындай-ақ,
Жатады бауырына мықтап басып [15, 28].

«Ксдей» бейнесін жеріне жеткізе жырлаған, шындыққа сай нанымды етіп бейнелеген Қожабайдай ақындар әдебиет тарихында көп болмаса керек. Бұл Қожабайдың үлкен қарымды ақын болғандығын дәлелдеп беретес керек. Сонымен қоса, бұл толғауында өз басының өмірі емес, жокшылықта өмір кешіп жатқан халықтың мұң-қарнағи бейнелі тілмен жырланады.

Сондай-ақ, Қожабай жастарға ақыл-кеңес беру мақсатымен бірнеше дидактикалық сарында өлең-толғаулар шығарып таратқан ақын. Оның бұл саладағы өлең-толғаулары көркемдік тұрғыдан біршама жоғары деңгейде. Қожабайдың дидактикалық сарындағы өлеңдері «ақыл поэзиясының нәрлі, мәнді, көркем, келісті ой-тұжырымдарынан сұрыпталып, жиылған қоспасындай. Олар дидактикалық өлеңдер ақыл-ойдың асыл тізбегі, өмір бияндалатын ой өмірдің ең маңызды проблемаларын көрсетеді. Сондықтан, дидактикалық өлеңдердің тәрбиелік мәні оғдайым күшті болған.

Нәни мен бақи жайын еске алған жан.

Армнан бойын жиып, жөнін бағар.

Ақ жолда пәк жүргенде аруақ қолдап,

Нейштен орын, «оттан» қағар.

Нессең Ібілістің соңына егер,

Бәлісі түйе үстінен иті қабар.

Ұйымнан «шайтан қашар», қоғамшыл бол,

Ал ойлан, асыл ойдан бердім хабар, – [15, 38] деп

сөзін білкі, адамшылық істерге бейім болуға шақырады.

Толғауының сүватты болғандықтан ақ адал адамды тозақ

отынан қашанда аруақ қолдайды деп әділдікке, теріс жолға түспеуге үндейді. Діни-наным сенімді берік ұстанған ақын адамды дұрыс жолға тәрбиелеу де діннің атқарар қызметі ерекше екенін орынды бағамдай келіп, енді бірде былайша толғанады:

Адам сұлу көрінген келбетімен,
Бетінде нұр ойнаса тербетілген.
Білім оны толтырса шырайланған,
Бақ қонбай, дәулет артпас өз бетімен.
Құр байлық данқ әпермес өз бетімен,
Алтын-күміс жисаң да жер бетінен.
Атың барда жер таны желіп жүріп,
Асың барда елге бер жетімменен.
Асылы, елің үшін ілім жина,
Ғылымсыз ел көркейіп жетілмеген.
Он сегіз мың ғаламның сырғын ұқпай,
Парызын ел алдында өтелмеген.
Дау-шардан есті қашар, есер үйір,
Уағыз сөз айтпадым бекерге мен.
Ойланып қаперіне ала жүргей,
Дос болма, пиғылы жаман мекерменен.
Арнаған халқым үшін асыл сөзім,
Желге ұшып бекер босқа кетер ме екен.
Күніге мың толғаған қайран ойлар,
Ұрпаққа сағым жұтпай жетер ме екен, [15, 55]

Толғауда қаншама ғибрат-тағылым аларлық, үлгі-өнеге боларлық ой-толғамдар біршама көркем өрнектеліп зерделенеді. Түйіп айтқанда, Қожабайдың өзінің алдындағы Бұқар, Шортанбай, Дулаттардың дәстүрінен алғаны, үйренгені көп. Қай кезеңнің әдебиеті болсын, оның түп негізінде жыраулық дәстүрдің жататыны қандай анық болса, осы дәстүрлі заңдылықтарға әрбір ақынның қосатын өз бояу нақыштары, кесте-өрнектерінің болатыны да

сондай ақиқат. Қожабай – жыраулық дәстүрді берік ұстап қалған ақын. Әйтсе де өзіндік ізденістер жасауын жоққа шығара алмаймыз. Ал Қожабай заманында әдебиеттің тарихисілік, өнегелік маңызы тіпті ерекше болды. Оның шығармаларынан қанатты сөздердің лайықты орын алуы сондықтан.

Сағымды бел көтерер,
Құйынды жел көтерер,
Нәсмесе
Ауырды жер көтерер,
Қасіретті ел көтерер, – десе, енді бірде былайша өмірленеді.

Ашулыға ақыл қонбас,
Бұзақының ісі онбас [15, 65].

Қызық жырауларынан дәстүр боп сабақтастық тауып жатқан нақыл сөздер айтып қалдыру үлгісі Қожабай шығармашылығынан да өзінің заңды жалғасын тапты.

Бұқар, Шортанбай, Дулаттардың дәстүрімен шығарған Қожабайдың қанатты сөздері – ел арасына кең таралған халықтың рухани игілігіне айналуға лайық дүниелер. «Парасатты ақыл айту, – деп жазады көрнекті ғалым І. Ысмайылов: «Әсіресе поэзияға тән ой-арналармен есептеледі, философиялық ойдың поэзияға қатысты әуелден-ақ, алғы сапта келеді. Бұны дүниежүзілік поэзияда ертеде қалыптасқан дидактикалық жырлар дәлел ретінде аңдиды» [7, 77]. Ақын қашанда ақыл-ойдың көш-басшысы болған. Сонау Бұқар, Ақтамберділерден тамыр тартып дидактикалық сарын, одан бері де Дулат, Шортанбай, Нарманбеттердің өлең-толғаулары арқылы өзінің өміршеңдігін дәлелдеп, Қожабай шығармашылығындағы сабақтастық тауып, жалғасып жатты. Қожабай да өзінің дейінгі сөз өнері иелері жасаған көркемдік

игіліктерден тағылым алды. Олардың өлеңдеріндегі ой-идеяларды жалғастыра келіп, ақын өзіндік бағыт-бағдар ұстанды.

Нарманбет, Доскей, Шашубай, Кемпірбай, Қайып, Жолдыкейлердің өлең-толғауларындағы адами пікірлердің барлығы да өміршендігімен қазір де бағалы. Ақын-жыраулар өмірбаяндық шығарма тудыруды әріден дамытып жалғастырып келеді. Оған Майлықожа, Кердері Әбубәкір, Қайып, т. б. ақындардың осы мазмұндағы өлең-толғаулары куә. Яғни, адам баласының жас шамасы, өмір белестері, жастық пен кәріліктің алмасуы, өмір жолындағы түрлі кезендердің қызығы мен шыжығы – халық ақындарының өлең-толғауларының табиғатына тән болып келеді. «Ғұмырлық-өмірбаяндық өлеңдерінің композициясы әр түрлі болып келеді..., көптеген ақындар әрбір жылдарға баға бере жырлайды» [38, 22] – дегенді проф. Т. Тебегенов айтады. Бұқар жыраудың толғауына назар аударалық:

Жиырма деген жасыңыз,
Ағып жатқан бұлақтай.
Отыз деген жасыңыз,
Жарға ойнаған лақтай.
Қырық деген жасыңыз
Ерттеп қойған құр аттай.
Елу деген жасыңыз
О да бір көшкен ел екен.
Алпыс деген жасыңыз
Қайғылы-мұңлы күн екен. [39, 120]

Жыр дүлдүлі Сүйінбай да адам өмірінің әрбір белесіне ақындық толғаммен көз жіберіп, өзіндік байламдар жасайды, онысын көркем жеткізеді.

Ақын боп жиырмада желдей болдым,
Отызда асқар биік белдей болдым.

Отыз асып қырыққа да келгеннен соң,
Қаптаған жердің жүзін селдей болдым.
Қырықтан асып, елуге келгеннен соң,
Түбім терең, құрақты көлдей болдым.
Ілу асып, алшысқа келгеннен соң,
Салынды суға ілінген сеңдей болдым.
Алпыс асып, жетпіске келгеннен соң,
Тап-тақыр ел жайлаған жердей болдым. [39, 78]

Бұқар мен Сүйінбайдың толғауларында өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Айталық, Бұқар жалпы өлеңінің даму белестеріне ортақ жайттарды тілге тиек етеді. Сүйінбайда сәл өзгешелеу. Бұқар толғауында ой өзінің адамға арналып айтылса, Сүйінбай да ол бірінші болып, яғни, авторлық «Мен» тұрғысынан жырланады. Болманың «Жастық» өлеңі Сүйінбайға қарағанда, Бұқармен көбірек үндеседі. Алайда, Бұқармен үндестікті сартпай ұқсастығынан ғана іздеп қоюға болмайды. Болманың Бұқар жыраумен жақындығы, үндестігі, оның өлеңінің бүкіл рухынан, көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерінен терең сезіледі. Бұдан Болман Бұқардан өзіне үйренді деген қорытынды шықпауы тиіс. Ол қазақ жырауларының барлығынан дерлік тұтастай үйренгені даусыз.

Тегінде жастық шақ пен кәрілік жайлы толғана отырып, үлгі-өнеге берерліктей ғибратты сөз айтудың өзі қазақ иқындары үшін өнегелі дәстүр болған. Халқымыз да өмір көрген, өмірден түйгендері мол, үлкендер өздерінен кішілерге тіршіліктің мән-маңызы жайында уағыз өсиет айта берген болған. Жастық пен кәрілік, адам өмірінің белестері жайлы толғана білген Болман да бұл дәстүрді өз өлең-жырларында жалғастырды. Мұны «Жастық» деген өлеңінен жақсы байқауға болады.

Жиырма бес ақыл-қайрат бірдей болып,
Ақылың жеткенінше қарыштайсың.
Отызға келгенен соң дүние жинап,
Ата-ана туғандардан алыстайсың. [17, 19]

Болман өлеңінде өмір баспалдақтары түйінді ойларымен біртіндеп дамиды, жыл санап мән-мағынасы тұрғысынан күрделі сипат алып отырады. Адам өмірінің белестерін жырлауда Болман Бұқар, Шал, Сүйінбайлар салған сүрлеулермен жүріп қана қоймай, өзіндік түйіндеулер жасайды. Ақыл мен қайратты халықтың мақсат-мұраттарға, халыққа пайдалы іс көрсетіп, жан аямай, парасатты азаматтарша өмір сүруге шақырады. Бұл жалғанның мәні өзінің қара басы үшін ғана еңбектенбей, ел үшін қызмет ету. Сонда ғана ел құрметіне бөленесің, азаматтық борышыңды ақтайсың деп ой түйеді ақын.

Жарастық жақсы болу халықпенен,
Шындыққа кім жетпейді анықпенен.
Халықтан алғыс алсаң – бақытың сол,
Қараңғы бірдей болмас – жарықпенен [17, 19].

Әдетте көркем шығарма үлкен бір идеялық жүк көтереді. Өмір құбылыстарын бейнелей отырып, ол қоғамдық-әлеуметтік маңызы бар ойға құрылады, өзінің идеясын бейнелеу арқылы жеткізеді. Сондықтан ол идея қоғамдық шындықтан, адамдардың бүгінгі өмірі көріністерінен алыс болмай, соған негізделіп шығарылуы тиіс. Сонда ғана шығарма идеясы оқырманды сендіре алады, өзінің идеологиялық қызметін атқарады. Әдебиет ең алдымен өмірдің өзіне сүйенуі керек. Өмірде болып жатқан жаңалықтарды танып, дәуір шындығы мен проблемаларын бейнелеу әдебиеттің міндеті болып табылады.

Әдебиет – даму үстіндегі құбылыс, ол өзгереді, күрделенеді, біртіндеп жаңа, соны сапаларға ие болады. Елдің саяси, рухани және экономикалық дамуы әдебиеттің де дамуын тездетіп, оны тың белестерге үздіксіз көтеріп отырады. Соның нәтижесінде өмір құбылысын жалаң, бірәдірсіні баяндаулар арқылы бере салмай, адамға қатты әсер ететіндей көркем бейнелеп жеткізетін жаңа әдебиеттер, жаңа жанрлар пайда бола бастайды.

Мысал жанры да қоғамдық-әлеуметтік, саяси-мәдени өмірдің жетістіктері мен кемшіліктерін, күнгейі мен көлеңкесін ажырата айқындап бейнелеуде өзінің әдеби қызметін адал атқарды. Ұлы Абай көркем аударма жасау арқылы қалыптастырған мысал жанры одан әрі А. Байтұрсынов, М. Байзақов, С. Дөнентаев, С. Көбеев, Н. Науышевтардың шығармашылық ізденістері нәтижесінде көркемдік тұрғыдан шырдалып ширай түсті. Мысал жанрының әдеби-қоғамдық мәнін А. Байтұрсынов: «Адамның ғамалын, мінезін, құлқын жанды-жансыз нәрселер арқылы салт-санасына сәйкес көрсетіп өнегелеу, [40, 89] – деп түсіндіреді. Адам мінез-құлқын ғана емес, сонымен қатар қоғамның кем-кетігін көріп, оны түзеудің тиімді жолын нұсқап көрсетуде мысал жанры ерекше шығармашылық қызмет атқарды. Мысалдың ұлттық проблемаларды көтеруі ХХ ғасыр басындағы әдебиетте ерекше қарқынмен белең алды. Бұл өз кезегінде ұлттың рухында рухани көтеріліс жасаудағы кезекті бір ізденіс еді. Зерттеуші ғалым Б. Әбдіғазиев мысал жанрының даму тарихы жайында мынандай пікір айтады. «Жиырмасыншы ғасыр басындағы қазақ поэзиясының осы саладағы табысы екі арнадан бастау алады. Оның біріншісі халықтық фольклордан келе жатқан мысал өлеңдер мен мысал шірімелер болса, екінші арна әлем әдебиетінен үйрену, түркі-еропалық ақын-жазушылардың мысалдарын аудару нәтижесі еді. Қазақ ақындары осы екі бастаудан да

молынан сусындады» [41, 25]. Жазба әдебиет өкілдеріндей емес, халық ақындарының барлығы дерлік фольклорлық дәстүрге сүйене отырып, шығармашылық шыңдалу мектебінен өтеді. Осы мезгілде өмір сүргендіктен Иманжан ақын да бұл процестен тыс қалған жоқ.

Оның мысал өлеңдеріне негіз болған сарындардың түбірі халық шығармашылығында жатыр. Иманжан ақынның «Қасқыр мен Тырна», «Қасқыр», «Қасқыр мен Қозы» шығармаларын қазақ әдебиетіндегі мысал жанрының озық үлгілерімен қатар қоюға болмас, әйткенмен ақындық ізденістер жасағаны құптауға лайық. Иманжан өзінің мысалдарын халыққа түсінікті болу үшін олардың мазмұнын қазақы болмысқа жақындатып әкеледі. Бұл мысалдарында адамгершілік қасиеттер насихатталып, адам бойындағы жұғымсыз қылықтар мысқылданып сықақ етіледі. Қоғамдық қайшылықтарды меңзей айтып, халық тілегін жеткізудің құралы есебінде пайдаланады.

Иманжан үлгі-өнеге көрсету, ақыл айту ниетімен үш-төрт мысал шығарған. Оларда ақын өтірікшілдікті, мақтаншақтықты, арамдық, қулық-сұмдықты, дүние-қорлықты мысқылдайды. Бұл ой-идеяларын айтып жеткізу үшін ол мысалдарын тартымды құрады.

Бұл мысалдарында қилы мінезді адамдар болмысынан хабар беріп, ишара тұжырым жасалады. Кейде ашық, дәл жеткізетін ойлары да жоқ емес. «Қасқыр мен Қозы» деген мысалында:

Қасқырдай қаны қара адамдар көп,

Жоқ жерде жемек үшін кінәлаған [36, 14] – деп өзінің құлқыны үшін, қара басының қамы үшін зияны жоқ жандарды да құрбандыққа шалып жіберетін жандардың бұл жалғанда жоқ еместігін ескертеді. Ақын бұл тұста ойын тұспалдамай ашық айтады. Әдетте, мысалда ой-пікірлер жасырын, құпия айтылатын. Ақынның мұндай

көркемдік шешім шығаруын, оның өзіндік ерекшелігі деп танығанымыз ләзім.

Тамақтан тұрды жүрмей тоқпақ жілік,
Қасқырға аласұрып түсті бүлік [36, 14].

Ажал алқымынан алып, жаны мұрнының ұшына келіп, өлермен болған қасқыр шақырған соң көмек қолын беріп, өлім аузынан алып қалған тырнаға рахмет айтудың орнына:

Өзіңе жаның олжа білемісің,

Есен-сау құтылғанға ақы қылмай [36, 14], –деп сес көрсетіп, айбат шеге сөйлейді. Ақынның бұл мысалынан бұл адамдар арасындағы жағымсыз қасиеттер ажуаланады. Ақынның бұл мысалынан ғибрат алмай болмас. Өйткені, біршіліктегі, әсіресе, адамдар арасындағы осындай кемсіз кемшіліктердің жиі орын алу себебіне ақын ой жібереді. Кейде адамға жасаған жақсылығын өзіне жұдырық болып тиіп жатады, жақсылық жауабы неге сәминдық болуы керек деген сауалдарға жауап та іздейді. Сонымен бірге дидактикалық үгіт-насихат та жоқ емес. Ақын адамдарды ізгілікке, жақсылыққа үндейді. «Құтырған қасқыр» мысалында да осындай ізгі ойлар айтылады.

Жауыздың әбден тасып мейманасы,
Кім болсын қара көрсе ұрынады.
Қорқау кеп арыстанға салды тісті,
Жұмсады алаңғасар арсыз күшті.
Арыстан бір ақырды бас көтеріп,
Ашумен көр шеңгелді жіберді ұрып.
Не қылсын қасқыр түгіл басқаны да,
Уыстап шеңгелімен алды бүріп.

Есуас әлін білмей әлектенді,
Құмырсақа, жолыңды біл, аяз, әлін,
Аса қайрат бас жояр, деген келді [36, 14].

Мұнда ақын қазақтың «өзіннен зор шықса, екі көзін сонда шығады» деген нақылымен үндесетін ой-пікірлер өрбітеді. Ақынның бұл мысал өлеңінен жөніңді біл, шамаңа қарай әрекет ет, «әлін білмеген әлекке түседі» деп, ойлылыққа, саналыққа шақырады. Мысалдан шығар түйін мынау: тек қана дүние қусаң, осы қасқырдың кебін киесің, өкінішті өлімге тап боласың, одан да барға қанағат қыл, ынсапты бол деген қорытынды жасайды.

Иманжанның мысал үлгісінде шығарған өлеңдері үлгі, өнеге беру, ақыл айту ретінде келіп отырады. Онда мейірімділік, әдептілік жақталып, зорлық-зомбылық, қатыгездік сыналады. Адам бойындағы абзал қасиеттерді ардақтаған, адамгершілікті жоғары тұтқан ақынның бұл мысал өлеңдерінің тәрбиелік мәні зор.

Адам мен табиғаттың байланысы оның поэзияда алатын орны жөнінде профессор С. Негимов былай дейді: «Поэзияда табиғатты сөйлету, оған жан бітіріп, тірліту – ежелден қалыптасқан көркемдік дәстүр. Және де ол дәстүр уақыт өткен сайын жалғастық, сабақтастық тауып отырады» [18, 12] десе, «Поэзия тарихындағы табиғатты жырламаған ақынды кездестіру қиын. Оны қай ақын болмасын шама-шарқынша жыр етуге ұмтылған. Табиғат – поэзияның объектісі ғана емес, оған қуат бітіретін, өңін кіргізетін сұлулықтың қайнар көзі. Табиғатты жырлау сонау ауыз әдебиетінен бастап күні бүгінгі поэзияға дейін ешқашан үзілмей жалғасып келе жатқан дәстүрлі үрдіс» – дейді профессор Ә. Нарымбетов [37, 87].

Табиғаттың ғажайып көріністеріне оқырмандардың назарын аудару арқылы елін-жерін сүйеге тәрбиелейтін өлеңдер қазақ поэзиясында Ыбырай, Абайлардың

өлеңдерінен бастау алады. Ыбырай, Абайлардан бастау алған табиғаттың әсем көрінісін жырлау үлгісі жазба әдебиет өкілдерін айтпағанда, халық ақындарының шығармашылығынан да өзінің әдеби жалғасын тауып жатты. Доскей, Қалқа, Кенен, Үмбетәлі, Молда Мұса, Төлеу, Маясар, Қуат, Нұрлыбек, Қайыптардың арасында бәрінен Шашубайдың шоқтығы биік көрінеді. Шашубайдың «Кәрі құда» өлеңі Абайдың «Қыс» деген көркемдігі кемел біртуар дүниесімен кереметтей үндеседі.

Ақ басты, өзім тұстас, кәрі құда,
Ақсақал, сыры ежелден кәні құда.
Басына бұлттан сәлде шалма оранып,
Сықырлап келіп қапты тағы құда.
Қош кепсің, ақ диуана, зіркілдеген,
Демі аяз, күрсіне, қар күрпілдеген.
Алдыңнан сексендегі құрбың шықты,
Өзіңмен сырласудан іркілмеген!
Майдандас серігім ең, қаһарман қыс,
Қонақ бол екі-үш айға, кел аттан түс!
Ширатып кәрі бойды, дем беріп кет,
Қайрат қос қайратыма, күшіме-күш [21, 58].

Үзіндідегі «Ақсақал», «Кәрі құда», «Сықырлап келіп қапты» деген тіркестердің Абай өлеңінде де кездесуі көзі қарақты оқырман үшін кездейсоқтық болмауы тиіс. Бұл Абай үлгі-өнегесінің өміршендігін көрсететін факты. Әдебиеттегі дәстүр қашанда өміршен. Ол қашан да жалғастық тауып, сабақтасып жатады. Ол заңды да. Ойткені, белгілі тақырыптарды, таптауырын сюжеттерді пайдаланып, қолданудың сан қилы жолы бар. Дәстүрлі тақырыпты әр кезеңде жырлаған ақындардың барлығы бірін-бірі қайталамай, өзгерістер жасап, қоспа-бояулармен нәрлендіріп отырған. Туған жерінің көркем көрінісін

жырға қоспаған ақын табу мүмкін емес шығар. Олар туған жерге деген ыстық ықыласын, ынтық ілтипатын әр кез үлкен ақындық шабытпен жырлап отырған.

Иманжан да туған жерінің табиғатын жырлау арқылы өз сезімінің асқақ көрінісін танытады. Шашубай өлеңіне тән ерекшеліктерді Иманжанның «Ұлытау» деген өлеңінен көре аламыз.

Айнадай жарқырайды,
Суы жайнап.
Көл суы балдай тәтті,
Қардан суық.
Шымырлап көбіктеніп,
Бұрқ-бұрқ қайнап.
Айнала жасыл шалғын,
Көкшіл құрақ.
Ну, ағаш, қалың біткен,
Сыртын орап.
Күзеткен өлкелерді
Жасакшыдай.
Қисайып жатыр көлбеп,

Арша сұлап, [36, 24] – деп өзі туып-өскен жерінің ғажайып, тамаша суретін берді, оның туған жерге деген ыстық сезімі тау аршасындай, жұпар шашады. Табиғаттың көркем суретін барынша дәл, жарасымды кестелейді. Өлеңде қазақтың сұлу өңірінің бірі – Ұлытаудың тауы мен даласы, өзен-көлі, жер-бедері әлемі айқын елестетіледі.

Туған өлкесінің әсем табиғатын жырлау Болман мұраларында да біршама кездеседі. Адам өмірі табиғатпен тығыз байланысып жататыны анық. Табиғаттың жайдары мезгілі жаз тіршілікке нәр беретін, адамның күнкөрісіне қызмет ететіні Болманның өлеңдерінде өрнек табады. Жазды адамның әлсуметтік өміріне, оның тіршілігіне керек екендігін ақын еңбек думанына тығыз байланыстыра

өрнектейді. Болман «Жаз айы» деген өлеңінде жадыраған жаз мезгілін былайша өрнектейді.

Жаз келді жарқыраған ызғарды айдап,
Мал төлдеп, салды егінді, еңбек қайнап [17, 25].

Адамының қажырлы еңбегінің арқасында табиғаттың гүлденген бейнесін, сол еңбектің жемісін суреттеу арқылы жиі өмірдің жеңісін бейнелейді.

Мұндай ерекшелік Болман өлеңдерінен әр уақытта орын алып отырған. Ол туған жерін жырға қосқанда көркемдік сапа бере суреттейді. Елінің ұлан-байтақ жерін, оның сарқылмас мол байлығын мақтанышпен жырлайды. Ол «Сүйікті Отан» деген өлеңінде:

Жерім бар жібектей тыс барқыт киген,
Табиғат тәжім қылып, басын иген.

Сары алтын іші кең қазына,

Жүрекпен шын құмартып жаным сүйген, [17, 18] – деп туған жеріне сүйіспеншілігін алдымызға бүкпесіз жайып салады да оның табиғатын:

Терістік қалың Тайга орманы ну,
Көгеріп қысы-жазы күн тимеген.

Батысым, орталық пен егінді алып,
Бадана бастарынан дән иілген.

Сияқты Қиыр Шығыс хор сарайы,
Мызғымас көк сауыттан құрыш киген.

Түстігім қазынаның тұрған кілті,
Алады қалағанын қолы тиген.

Мақтансам сыя берер кен ордасы,
Өмірде қымбат оның көкшіл тасы.

Сол кеннің белгісі болып көрінеді,

Жай тұрған тауларының ұшар басы [17, 27] – деп бейнелейді.

«Совет әдебиеті – жалғыз орыс тілінің ғана әдебиеті емес, бүкілодақтық әдебиет. Өйткені, туысқан ұлт республикалары әдебиетінің бізден тілі ғана басқа» [40, 15] – деген еді М. Горький. Кең байтақ Кеңес Одағын Отаным деп сүйіп, Отаным деп жырламаған Кеңес заманында ақын болмаған шығар. Болман ақынның шығармашылығынан да бұл тақырыптың орын алуы заңдылық еді. Сол себепті, оның өлеңдерінен Отанына, туған еліне деген сүйіспеншілік сезімі көркемдік қуат тапқан.

Әркімнің туған өлке мекені өзіне ыстық, өзіне қымбат, сол себепті Болман да атамекені Қарсақбай, Жезді, Жезқазған, Ұлытау өңірін жырға қосқан. «Туып-өскен жер», «Сарысу бойы» өлеңдерінен ақынның туған жерге деген ақпейілділігін, сүйіспеншілігін анық көруге болады.

Қожабайдай сұңғыла ақынның көзінен таса, көңілінен жарық қалған тақырып жоқ десе де болғандай. Ақын қандай тақырыпта ой қозғаса да, бейнелі, әсерлі етіп жеткізуге тырысады. Ақынның асқақ ойы, асыл арналы жырлары толық игеріліп жан-жақты ашылмаған, әлі де ауызға алынбаған қырлары баршылық. Соның бірі – өлеңдерінің өзегіне айналған туған өлкені жырлауы. Өкінішке орай, туған өлкенің келбетін суреттеу Қожабайдың өлеңдерінде онша көп емес. Оның өлеңдерінен оның өзін қоршаған ортаның табиғат кейпін көре алмаймыз. Алайда, ақын кейбір жекелеген жолдарда бейнелі суреттер жасайды. Мәселен:

Қумола, Бала Жезді өскен жерім,

Шарқ ұрған жер жаннатын сенен таптым [15, 83].

Табиғаттың әсем көріністерін жырлау, өлеңдерінің негізгі тақырыбы етіп алу Ұлытау-Жезді өңірінде Қожабайдан бастау алады. Қоғам құбылыстарын ақын өлеңдерінде туған жер көріністері көңіл-күйге қатысты жырлады. Қожабайдан бастау алған дәстүр сабақтастығы

Иманжан, Болман өлеңдерінде өз жалғасын тапқан. Сонымен қатар, олардың әдеби мұраларында жаратылыс көріністері де маңызды орынға ие. Болман, Иманжандар өздерінің өлкесіндегі әр төбені, көл мен өзенді, тоғай мен құмды еркін аралап жатқа білгендігіне, табиғат көріністерінен рухани нәр алғанына күмәнсіз иланасыз.

Халық ақындары – ауыз әдебиетінің, одан соң жыраулар поэзиясының негізгі жанрына айналған естірту, көңіл айту, жоқтау, қоштасу үлгісіндегі өлең-толғауларын дәстүр заңдылығы тұрғысынан жалғастырушылар. Халық ақындары өлеңдерінің бір парасы – көңіл айту. Көңіл айту өлеңдері туралы академик Р. Бердібаев «Дүниеден қайтқан кісінің жақындарына көңіл айтудың да қалыпты, шындыққа толы, дана үлгілері ауыз әдебиетінде жасалған. Өмірдің өткіншілігін, тағдыр «шешімін» табиғаттың заңды құбылысы, еріксіз қажеттілігі деп түсіну керектігін тұжырымдайтын көңіл айту сөздерінде тереңдік пен кесемелдік бас қосады, дала философтарының дүниетанымы аңғарылады» [38, 18] – дейді. Иманжан да бұл жанрлық мүмкіндікті идеялық-шығармашылық мақсатына орай тиімді пайдаланады. Онын өзімен замандас бірталай ел атаматтарының қазасына арналған көңіл айту өлеңдері толғауға лайық жүк көтеретінін байқаймыз. «Әліби Жангелдиннің баласына көңіл айтуынан» осы ерекшелікті бійқау қиын емес.

Естіртудің табиғатына тән ерекшелік – ол өлеңнің соңы әр кез көңіл айтуға, жұбатуға ұласатыны. Бірақ, бұдан естірту мен көңіл айтуда ешқандай айырма жоқ, екеуі бір жанр деген ұғым тумаса керек. Себебі, көңіл айту мен естіртудің атқаратын қызметтері де әр түрлі.

Естіртудің мақсаты қазаны хабарлап жеткізсе, жұбату, қайғысын бірге бөлісу, сабырға шақырып тоқтам айтуды көңіл айтудың табиғатына тән болып келеді. Қазақ

тұрпында кара жамылған адамға көңіл айтпау – әдепсіздік, әбестік саналған .

Тарихта танымал тұлғалар хан-қаралар, батыр-оғландар, би-шешендер, оқымысты ғалымдар өмірден озып, бақилық болғанда халық қайғырып, көп болып жоқтаған. Бұндай тұлғалардың өмірден озуы бір отбасының ғана емес, жалпы халықтық сипат алған қайғы-қасірет болып саналған. Сол себепті, бұндай жалпы халықтық қазаға ортақтасып, көңіл айтуды ақындық борышы санаған тұлғалар ұлттық әдебиет тарихында көптеп саналады. Орынбай Бертағыұлының «Уа, Шыңғыс, Зейнеп ханым, көтер басты», Базар Ондасұлының «Төребайды жұбатуы», Бұдабай Қабылұлының «Әлмембеттің баласы өлгенде көңіл айтқаны», т. б. ақындардың осы сарындағы өлең-толғаулары жетіп артылады. Зерттеуші Н. Ахаттың: «... казактың ғылымының тұңғыш темірказығы – Шоқан Тезек төренің елінде Алтынемелде қайтыс болғанда оның орны толмас ауыр қазасын ата-анасына естіртуді айтқан Орынбайдың өлеңі әдебиеттегі көңіл айту өлеңдерінің үздік үлгісінен саналады», – [39, 56] дегені ден қоятын орынды пікір. Атақты Орынбайдың тұрмыс-салт өлеңдерінің ең бір шұрайлысы деп бағаланған өлеңінің мәтініне назар аударалық.

Уа, Шыңғыс, Зейнеп ханым, көтер басты,
Қай қазақ ой ойлаған сенен асты.
Баласы жеті момын келіп тұрмыз,
Күніреніп босағаңа төгіп жасты.

Тарихтан талай адам көрген едік,
Қызықты нелер дәурен сүрген едік.
Жасымыз мұнша жасқа келгенінше,
Шоқандай науша жасты көрмеп едік.

Қыршын жас, қайран Шоқан өткен бүгін,
Күйзелтіп елі-жұртын кеткен бүгін.
Жалғанда болмайды екен дертке дауа,
Фәниден ем таба алмай өткен бүгін .

Әуелден солай жазса не істейсің,
Бұйырса тағдыр қалай бас имейсің.
Қайран жас қызғыш болған халық үшін,
Қалайша қазасына күйзелмейсің.

Дүниеден кедей де өткен, сұлтан да өткен,
Шәрбатын бұл өлімнің әркім күткен.
Қоймайды ажал сені жығылсаң да,
Аплатон ғалым о да қайда кеткен?!

Ақыры бұл нәубетің көпке жетіп,
Ғұлама билгіштердің бәрі кеткен.
Дүниядан өтіп кетіп қайран Шоқан,
Бүгінде сол қасірет саған жеткен.

Орынбай үлгісімен жыр шығару дәстүрін Жамбыл, Шүрпейіс, Кенен, Доскей, Шашубай, Қайып, Қожабай-пирмен қатар Иманжан да өзінің шығармашылық өмір жолында берік ұстана білді. Орынбай ой-пікірлерінің Иманжан өлеңінде жалғастық табуы – дәстүр өміршендігінің белгісі. Бірақ ақын дәстүрді ұстана отырып, өзіндік пішім шығарар жол іздеуі тиіс. Осы тұрғыдан ақын өлеңіне зерделей қарасақ, онда бұл ерекшелікті байқау қиын емес. Оны мына бір өлең жолдарынан аңғаруға әбден болатын сияқты.

Туғанға өлім деген бұл бір мирас,
Саудамыз біткен күні жөнелерміз.
Қашаннан өлген келмес, өшкен жанбас,
Жасарып көктемейді қуарған гүл.
Мұңайма, аға, жеңге көтер басың,
Замандас қайның келіп айтты көңіл [36, 35].

Ақын дүниенің өткіншілігін термелей келіп, ол адам өмірінің өсу жолдарын өзінше топшылайды. Қызығы, думаны, сауық-сайраны мол жастық шақтың соңы кәрілік кеселіне кезігіп, жарқын өмір жолы біржола аяқталып, адам өмірінің ақыры бұл жалғанмен мәңгілік қоштасумен тынатынын ескертеді. Жұмыр басты пендеге ерте ме, кеш пе әйтеуір бір қаза бар екеніне тағы бір көзінді жеткізеді. Иманжан ақынның көзқарасы Базар, Тұрмағамбет, Майлықожа, т. б. ақындардың адам өмірі, өмірдің өткіншілігі, жалғандығы туралы пікірлерімен толық үндесетіндей.

Халық ақындары репертуарынан жоқтау өлеңдері де молынан орын алады. Жоқтау шығару дәстүрі – сонау жыраулардан үзілмей жалғасып келе жатқан үлгі-өнеге. Жоқтау үлгісіндегі өлеңдердің композициялық құрылымында ерекшеліктер де жоқ емес. Бұндай ерекшеліктер жоқтау өлеңнің өзегіне алынған адамның қоғамдық-саяси, мәдени-рухани қызметінің деңгей дәрежесіне тікелей байланысты болса керек. Елім деп еңіреген ерлерін, сөз бастаған шешендерін, қол бастаған батырларын ардақтау, олар дүниесі салғанда қастерлеп қою – қазақта ежелден келе жатқан салт. Осы бір дәстүр қазақта өзге түркі тілдес халықтарға ұқсамайтын өзіндік сипаттама дамыды. Сүйінбайдың, Нысанбайдың, Бұқар жыраудың, Үмбетайдың, Тәтікара, т. б. жоқтау үлгісіндегі өлеңдерінің көбі жеке батырларға, ел басқарған, жорық жасаған сарбаздарға, олардың ерлігі суреттеліп, сол жорықтарда қаза тапқан батырларға Бөгенбай, Кенесары, Наурызбай, Абылай, Қабанбай, т. б. арналған жоқтаулар екенін көреміз. Жоқтау одан бері де өз жалғасын тауып жатты. Әсіресе, халық ақындарының мұраларында жоқтау өлеңдерінің нұсқасы мол. Мұнда ажалдың қатыгездігі, артында қалған тірі адамның қабырғасын қайыстырар

қайғы бәрі де әсерлі баяндалады. Нысанбайдың, Сүйінбайдың, Бұдабайдың, Базардың шығарған жоқтауларының алғашқы үлгілерден бірсыпыра өзгешеліктері бола тұрса да, тақырып жағынан жоқтаудың қай дәуірде болсын жоқтау болып қалатындығын дәлелдейді.

Ұлттық сөз өнері тарихында даңқты ел адамдарының қазасына байланысты жоқтау шығарған ақын-жыраулар аз болмаған. Абайдың да кезінде бірнеше жоқтау шығарғаны мәлім. Иманжан ақынның «Қош, Жәке» деген өлеңінен де осы бір сабақтастықты, әдеби жалғастықты тануға болады:

Қош, Жәке, бүгінгі күн қаралы,
Көзі жасты, көңілі көптің жаралы.
Заманына жүз жыл еңбек сіңірген,
Ардақты Отан сіз мұзбалақ қыраны. [36, 35]

Халқымыз ардақтысынан, қымбаттысынан айрылғанда, ең бір жақсы қасиеттерін ажарлы сөзбен жеткізіп отырған. Нысанбайдың «Балдағы алтын болатым», «екі бірдей қанатым», «балдағы алтын ақ берен», т. б. салыстырулар кездеседі. «Алтын сапты найзам», «тот баспас жақұтым», «асыл гаухар болатым» деген сияқты тенеулер мен салыстырулар қазақ фольклорында да жиі ұшырасады. Гасырлар сүзгісінен өткен, бізге жеткен сөз асылына Иманжан да өз үнін қосады. Ол Жамбылға шығарған жоқтауында «мұз балақ қыраным» деп алдыңғы Нысанбайдың жоқтау шығару дәстүрін жалғастырады. Иманжан ақынның шығармаларының тақырыптық аясы мен мазмұны, ақын өмір сүрген кезеңдегі тарихи мәсуеттік үрдіспен үндесіп, халық ақындарының мәнерімен, стилімен сәйкес дамыды. Иманжанның жоқтау өлеңін бастау көзі жөнінде айтқаньмызда, ең алдымен, бірлық халық ақындары сияқты ертегі-аңыз, өлең-жыр иркылы бойына сіңірген бай халық ауыз әдебиетінде скенін атап айту орынды.

Қай заманда да, қандай акын болсын өзі ғұмыр кешкен тарихи дәуірмен ажырамас бірлікте болатыны ақиқат. Қоғам тынысының көркем шежіресі әдебиетте адам өмірі, ол тіршілік ететін орта міндетті түрде бейнеленеді. Қоғам дамуының ерекшеліктеріне жіті мән бере қарайтын ақындар қай кезде де үнсіз қала алмаған. Қоғамның дамуы да әдебиеттің даму қарқынын жеделдетеді. Уақытқа сай халықтың рухани сұранысқа деген талғамы да өзгереді, өседі. Ал ақындар рухани қажеттілікті қанағаттандыруға тиіс әрі міндетті. Бұл өз кезегінде ақындардан үлкен шығармашылық ізденісті талап етеді. Сондықтан ақындар жаңаша сөйлеу үшін шығармашылығын шыңдай түсуді мақсат етеді. Тек халық поэзиясы үлгісімен өлең-жыр шығаруды ендігі жерде дағдыға айналдырудың қисынсыз екенін ұғынған Болман, Иманжандар жазба әдебиет өкілдерінен үйренуді де ақындық міндет санайды. Бұл жолда әсіресе, Асқар Токмағамбетов поэзиясының әсері анық байқалады. Ол «Мұнай бер» деген өлеңінде:

Көк ала бұлтты кескілеп,
Қос қанаты көк тіреп,
Көкірегін керсін дегендер,
Нәсердей бомба жаудырып,
Жауған оғы жау қырып.
Тезірек жеңсін десендер,
Мұнайшылар мұнай бер,

Соны сізден сұрайды ел, [42,12] – деп еліміздің мұнайшыларын жоспарын тездетіп орындауға шақырады. Болман да «Көмірмен жауды көміндер» деген өлеңінде осыған ұқсас ой өрбітеді:

Қарағанды алыбым,
Қарайды саған халқың.
Бір тонна көмір кем берсен,
Қалмайды менің сабырым.

Сыйласаң ақын атаңды,
Шахтер, қорға Отанды.
Жеңем десең жауды, көмір бер,
Берейін арнап батамды.
Қорғамасаң анаңды,
Жеңуге жауды көмір бер,

Көмірмен жауды көміндер [17,13] – деп тылдағы еңбек адамдарын рухтандырып, жоспарды кемітпей, қайта артық өндірілген көмірдің елді жаудан қорғау үшін маңызы зор екендігін ескертеді. Иманжан да «Жауға егінмен соққы берейік» деген өлеңінде:

Тракторға мініндер,
Көлікті жайлап жегіндер.
Айырып жерді далитып,
Жақсылап тұқым себіндер.

Күйеуің, бауырың, аға-інін,
Жау бетінде майданда,
Орнына соның келіндер.
Аямай соққы сұм жауға,

Жұмыспенен беріндер, [36,13] – деп халықты еңбек ерлігіне, майданға көмек беруге шақырады.

Болман, Иманжандар қаһарлы да сұсты жылдардың сиатын бейнелеуге лайықты бейнелеу амалдарын осылайша әр түрлі жолдармен тауып отырды. Көпшілік жағдайда олардың жалынды сөздері майдан мен тылдағы әрбір адамның санасына әсер етіп, жүрегіне жаққаны күмәнсіз.

Қай дәуірде болмасын ақын-жыраулардың бірлығының мақсат-мүддесі бір болған. Халықты ниетіне, берекесіне, бірлікке шақырып, Отанын сүйуге, елін-жерін сыртқы жаудан қорғауға үндейтін өлең-жырлар ақын-жыраулар шығармашылығынан лайықты орын алады. Дидактикалық сарын араластыра отырып

татулыққа, ешкіммен жауласпай бейбіт өмір сүруге шақырған өлең-жырлар шығарған ақын-жыраулар әдебиет тарихында аз болмаған. Әріге бармай-ақ, ұлы Абайға жүгінсек те жеткілікті. Хакім Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым» [43, 82] деген сөзі барша жұртшылықты жауласу, күш көрсету дегенді білместен тек тату-тәтті өмір сүруге шақырады. Қарап отырсақ, қай кезде болмасын ел игілігі үшін шығармашылық қызмет еткен ақын-жыраулардың барлығының мақсат-мүддесі қазақ халқын тек бірлікке, ынтымаққа шақыру, ешкіммен жауласпау, өз Отанын сүюге, отансүйгіштік қасиеттерді әр адамның бойына дарытуға ұмтылған. Бейбітшілік – мәңгі жырланатын өзекті тақырып. Бейбіт өмір сүруді қай халық қаламайды дейсіз. Алаңсыз, мамыражай тірлік кешу жер жаһанды мекен еткен адамзат баласының ең басты арманы болуы да сондықтан. Ақын қашан да халықтық ой, сезіммен қабыстыра жырлағанда, сол бұқараның атынан сөйлегенде ғана есімі тарихта қалмақ. Ақындардың халық жүрегінде берік орын алып жатуының себебі осында болса керек. Сондықтан да олар жырлаған бейбітшілік, гуманистік мәселелер халықтық санаға жымдасып, етене жақын тұрады.

Ақын қашанда бейбітшілік жыршысы болған. Ақындық поэзияда бұл тақырыптың үздіксіз жырлануы сондықтан. Жазба әдебиет өкілдерімен қатар халық ақындары да бұл мәселеде өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін жап-жақсы байқатты. Жамбыл, Доскей, Шашубай, Төлеу, Қалқа, Нұрлыбек, Саяділ, Омар, тағы басқалар Абай өлеңінің өзегіне алынған тақырыпты жырламай қалған жоқ. Шындығында, бейбітшілік мәселесі жыраулық поэзиядан мұра боп келе жатқан өміршең тақырып болатын. Жыраулар өнегесіне әрдайым берік халық ақындары бұл тақырыпты жырлаудан әсте жалыққан емес. Жыраулық дәстүрді нық сеніммен

ұстанған Қожабайдың бірсыпыра өлеңдерінде ел бірлігін аңсаған идеясы «Менмұндалап» анық байқалады. Халық ақындары шығармашылығындағы түйінді ой-пікірлер Қожабайдың өлең-толғауларындағы байламдармен де сабақтасып жатады. Ақынның елінің берекелі бірлігін көксеуі өмір бойы ұстанған жолы екені мына жолдардан анық байқалады:

Қырық пышақ болғандарға басу айтып,
Жаманды жасқап, әрең құрап келем.
Тату бол қайда жүрсен Алла қолдап,
Баласы алты алаштың саңлақ-керім. [17, 48]

Әрине, бұдан ақынның өзінен бұрын елінің қамын көбірек ойлайтыны байқалады. Қожабай жұртының мәңгі тәуелсіз, ұрыс-керіссіз, тату-тәтті өмір сүріп, гүлдене беруі үшін өзінің саналы өмірін сарп етуге даяр екендігін ескертеді. Қазақ мемлекетін сақтап қалу үшін алдымен елдің ішкі бірлігі қажет екендігін нақыл-әсиет айту арқылы жеткізеді. Бұқар жырауда қазақ халқының ішкі бірлігі туралы өзінің ой-пікірін Абылай ханға астарлап айту арқылы жеткізіп отырған.

Бұл жалғанда бір жаман –
Ағайынның аласы. [39, 27]

Бұл арада Қожабай мен Бұқар жырау пікірлеріндегі ой үндестігін байқамау мүмкін емес. Жаңашыл жырау Бұқар – көп ретте ақындар үлгі-өнеге алар бірден-бір шығармашылық тұлға. Бұқардың жыр шығару дәстүрінен пайдаланып алған ақындардың барлығы дерлік өлең өнерінде осындай із қалдырған саңлақ тұлғалар болып саналған. Сүйінбай, Жамбыл, Омар, Нұрқан, Тұрмағанбет, Базар, Мәделі, Майлықожа, Шөже, Орынбай, тағы басқалармен қатар Болман, Иманжандар да Бұқар жыраудың идеялық-

тақырыптық ізденістерін өздерінің өлең-толғауларында дамыта түсті. Олар ел тыныштығын, соғыс өртін тудыруды мақсат еткен басқыншыларды өлеңнің уытты тілмен әшкерелеп, бейбітшілік жолындағы азаматтың асқақ үнін әуелете жырға қосты. Ақындар елдің болашағы, бейбіт өмір сүруде деп түсінді. Болман осы тақырыпқа «Бейбітшілік», «Әділет женеді» деген өлеңдер шығарды.

Тілейді тыныштық жөргегінен,

Халықтың бесіктегі жас баласы [17, 17] – деген жолдардан Болманға жазба поэзия өкілдерінің идеялық ықпалы анық байқалады. Соғыстың бүкіл азаматтың келешек өмір сүруіне үлкен қауіп екенін ақын бар даусымен жырға қосады. Тарихымызда болашақ өткен соғыстың халыққа тигізген зардабын, жүрегіне салған жарасын көркемдік асқақ леппен бейнелейді де, бостандық үшін күрескендердің, соғыс зардабын шеккен адамдардың бейбітшілік тілеуі заңды деген ой қорытады. Біздің бақытты өміріміздің шырқын бұзуға талаптанушыларға қарсы жас сәбилердің де тілеуін қайшы қояды.

Бейбітшілікті жоқтаушылардың күші берік, оны ту етіп ұстаған адамзат баласының қамалы күшті екенін көңіліге сыйымды, үлкен пафосқа толы етіп бейнелеген ақынның бірі – Иманжан Жылқайдарұлы «Туыскандар қол қойды» деген өлеңінде:

Біздің елдің жолы даңғыл нұрлы жол,
Мәңгі күндей сәуле шашып тұрады ол.
Бейбітшілік салтанатын сақтауға

Варшавада туыскандар қойды қол, [48, 12] – деп бейбітшілік үшін табанды күресуші қайраткерлер туралы ықыластана айтады. Бейбітшіліктің барлық адам баласына мәлдір ауадай қажет екендігіне тағы бір халық назарын аударады.

Халқымыздың еңбектегі ерлігін, азаттық үшін болған ұрыстардағы жауынгерлік бейнесін, Отан қорғау мен бейбітшілікті сақтау жолындағы күресін жырлау мәселесі Қожабай, Болман, Иманжандардың өлеңдерінің өзегіне алынған негізгі тақырып болды.

Бейбітшілік жолындағы күреске Қожабай, Болман, Иманжандар өздерінің жалынды ой-жырларымен белсене атсалысты. Олардың өлең-толғаулары халқымыздың азаттық, бейбітшілік жолындағы кажырлы, табанды күресін, патриоттық ой-сезімін бейнеледі. Бұл тақырыпты жырлаудың түрі, тәсілдері әлбетте алуан сипатта болғаны аян. Иманжан халықаралық саяси оқиғаларды, мәселен бейбітшілік сүйгіш елдердің ымыраға келіп, келісімге қол қоюларын өлеңіне өзек етсе, Қожабай ел ішіндегі алауыздықты жою ел іргесін бекітудің алдыңғы шарты екеніне көңіл аударады, ал Болманның империалистік соғысқұмарлардың құлқын, арам пиғылды ойларын өлеңінде өрнектеуі ақындық ізденістердің өсу жолындағы таңды құбылыс еді. Өйткені бейбітшілік үшін күрес жаһандық әдебиетте үзбей мәңгі жырланатын өзекті тақырып.

Жалпы Жамбыл, Кенен, Төлеу, Шашубай, Нұрқан, Тайжан, Доскей, Маясар, тағы басқа халық ақындары сияқты Иманжан, Болмандар да саяси өлеңдерді көп шығарғаны анық. Олар ел өмірінде болып жатқан өзгерістерді өлең өзегіне айналдырып отырды. Қоғамдағы құбылыстар, жаңарулар Иманжанның «Еңбек ерлеріне», «Сайлау», «Біздің табыс» сияқты өлеңдерінде көрініс тапты. Болманның да бұл кездегі өлеңдерінің негізгі тақырыбы – өзгерген заман және осы өзгерісті жасаушы тұлғалар, ауыл тұрмысы, еңбекші адам, т. б.

Қандай да танымдық, болмысқа эстетикалық көзқарастың ішкі заңдылығы, белгілі бір дәстүр, ортасы болатыны белгілі. Яғни, сөз арқауындағы ақындардың

шығармашылығына да осы тұрғыдан қараған абзал. Ақындар осындай тақырыпқа бірден келе қоймаған шығар, әлбетте, дәстүрсіз, өнегесіз өркен жаймас. Мұндайда Иманжан, Болмандардың алдында Жамбыл, Доскей, Шашубай шығармаларының дәстүрі бар болатын. Олардың өлеңдеріндегі ой-пікірлермен Иманжан, Болмандардың арасындағы үндестікті аңғармау мүмкін емес. Біз бұл ақындармен Иманжан, Болмандардың әдеби мұраларының тамырластығы, туыстығы дау тудырмайтындығы ақиқат.

XX ғасырдың 50-жылдары қоғам өміріндегі игілікті істердің бірі тың игеру болды. Сондықтан ақындардың бәрі де осы тақырыпты жырға қосты. Болман, Иманжандар да өздерінің идеялық нысанасы айқын, өлең-толғауларының өзекті мәселелері тың игерушілер мен диқандар болды. Белгілі әдебиет зерттеушісі Л. Н. Арутюнов елуінші жылдар поэзиясы жөнінде былай дейді: «Совет поэзиясы өзінің революциялық трагедиясын, азаматтық поэзиясын сақтай отырып, өмір сырын сырттай мазмұндаудың орнына, оны әр алуан қырынан алып, кеңінен өрнектеуге көшіп, адамды нақтылы өмір тәжірибесімен және рухани-интеллектуалдық жоғары қасиетімен суреттейді де, оның келешекте өмір сүруінің басты проблемаларын мақсат етеді» [44, 37]. Олардың тың жөніндегі өлеңдері туған жеріміздің және қазақ баласының жаңарған өмірін, еңбек пен адамгершіліктің жеңгендігін сипаттайтын сарында болды. Иманжанның «Біздің табыс», Болманның «Шаттансын халқым, шаттансын» деген өлеңдерінде тыңдағы әр ұлттан құралған адамдардың достығын шынайы бейнелейді. Олардың тың жерді игеру жолындағы қаһармандық күрес жеңісіне көп ұлтты қазақ елі халықтары ортақ екендігін де көрсетеді. Тың игеру науқанынан кейінгі қазақ жерінің хал-ахуалына тоқтала келіп, Президентіміз Н. Назарбаевтың: «Жер құнары азып кетті. Кербез сұлу Көкшетаудағы сексен көлдің сәні

азайып, айдынды Аралымыз тартылды. Абай туған Шыңғыстауда қырық жыл бойы Семей атом полигонындағы сынақтар сілкініп тұрды, Сарыарқаның шалғыны азып, жер жанның Жетісудың жайлауы жүдеді» [45,94] – деп атап көрсетуі өте орынды.

Әрине, халқымыздың «тың эпопеясы» тұсында басынан кешкен қиыншылығы, жеріміздің кешкен қасіреті мен мекеніне Қазақстанға келген тың игерушілер кінәлі емес. Оған сол кездегі саясатты туғызған мемлекеттік жүйе кінәлі. Елімізде тың жерді игеру идеясы экономикалық қажеттіліктен ғана туған жоқ. Ол патша өкіметінің колониалдық саясатын жалғастыру шарасы болып табылады. Әрине, ресми түрде тың игеру патриоттық және интернационалдық міндет деп асқақтата насихатталды. Қоғамның әсері, идеология ықпалы Болман, Иманжандардың шығармашылығына тиіп отырды. Әрине, бұған ақындар кінәлі емес, тақырып беріп, бірқалыпты міндет қойған, сөйтіп дарындардың мүмкіндігін шектеген қоғам кінәлі.

Ғарыпты, оны игерудің адамзат тарихында аса маңызды оқиға екендігін, оның болашақ үшін де құнын жоймайтындығын асқақ пафоспен әр қырынан жырлаған О. Сүлейменовтың «Адамға табын, Жер енді» поэмасынан кейін Т. Айбергеновтың «Космонавт монологы», С. Мәуленовтің «Космос жырлары» атты циклды өлеңдерімен қатар тағы басқа көптеген ақындардың өлең-толғаулары, жыр дастандары өмірге келді. Болман да осы тақырыпты өзінше жырлауға тырысқан. «Советтік болат құс» деген өлеңінде кеңестік вымпельдің айға жеткізілуіне байланысты паттана үн қосады. Иманжан да еліміздің жаңа табыстарына қуанып, мәз болып, жүрегін жырға толтырады. Жаңалықты жасаған еліміздің ғалымдарына мақтанады. Осыдан қырық жылдан астам бұрын адамзат баласы тұңғыш сүрлеу салды. Ол Кеңес Одағының азаматы

Ю. Гагарин болатын. Гагарин есімімен бірге Байқоңыр атауы да жер бетін шарлап, баршаның көкейіне қонақтап қалды. Себебі тұңғыш ғарышкер аспан әлеміне алғашқы жолды осы Байқоңырдан бастаған еді. Осылайша, халқының лексионна Байқоңыр атауы мәңгілікке енді.

«Әдебиет – ақиқат өмірдің көркем шежіресі» дегенді жиі ауызға аламыз да, өкінішке орай, осы бір қалыптасқан қағиданы ұстана бермейтініміз жаман. Осы концепцияны берік ұстанатын болсақ, онда Кенес дәуірінде жасаған ақындарды жазғырып, кінә тағудың еш реті жоқ. Олар да өз заманының шындығын жырға қосты. «Поэзия өз дәуірінің поэзиясы болмай тұра алмайды және болуға міндетті», [44, 685] – деп қадап айтқан А. В. Луначарскийдың пікірін естен шығара беретініміз де жаман. Демек, қай дәуірдің ақыны болмасын, өз заманының жыршысы болатындығы заңдылық екен. Болман, Иманжандар да барлық ақындарға тән заңдылықтардан аттап өте алмады. Ю. Гагарин ғарышқа қанат қакқан күні қалам тербемеген ақын жоқ шығар, Иманжан, Болмандар да домбыраға жармасты, олардың шаттығы ертсенінде-ақ өлең-жыр больш төгілді.

Қоғамның жыршысы есебінде Иманжан, Болмандар өлең-толғауларында өздері өмір сүрген заманның бейнесін жасауға талаптанды. Қоғамдық өзекті мәселелерді таңдап ала отырып, олар тарихи дамудың әр кезеңінде лайық ерекшеліктерді өлеңдерінде бейнеледі. Қоғам өмірінде болған елеулі оқиғалардың барлығы ақындар шығармашылығынан өз көрінісін осылай тапты.

Ақындар дастандарының біршамасы жанрлық тұрғыдан қарағанда, байырғы дәстүрлі сипаттарды сақтап келгенін көреміз. Олардың дәстүрден қол үзсе, шығармашылық биікке көтеріле қоюы скіталай. Алайда, ақындар дәстүрге сүйене отырып, шығармашылық ізденістер жасаса, оның көп жағдайда сәтті болуы ғажап

емес. Қожабай, Болман, Иманжандар ежелгі дастан дәстүрімен жаңалықты ұптастыруды мұрат еткен тәрізді. Әрине, бұл тұрғыда әр ақынның шыққан шығармашылық биігі де әр қилы.

Ауыз әдебиетімен халық ақындарының дастан жанрын дамытып қалыптастыруы, оның жанрлық түр ретінде түбегейлі орнығуы, дастанның қазақ еліндегі рухани сұраныстан туғанын байқатса керек. Сондай-ақ, дастан жанрының дамуына қазақ даласында шығыс әдебиетінен ауысқан көптеген сюжеттер мен сарындардың таралуы мен жырлануының (Базар Оңдасұлы, Омар Шораяқұлы, Тұрмағанбет Ізтілеуұлы, Данқмұрын Кенжебекұлы, Кете Жүсіп, Қарасақал Ерімбет, Жүсіп Ешниязұлы, т. б. үлесіне тиді) маңызы зор болған.

Дастан табиғатына түркілік сөз өнерінің, қазақтың эпикалық дәстүрлерінің, жеке ақындар шығармашылығының және шығыс әдебиетінің ерекшеліктерін тұтас тоғыстырған күрделі жанр.

Халық ақындары шығармашылығының маңызды саласын дастандар құрайды.

Қожабайдың шығармашылығынан дін тақырыбында шығарылған шағын өлеңдерді ғана емес, эпикалық кен құлашты дастандарды да кездестіре аламыз.

Негізінен, діни-дастандар өзінің сюжеттері, мазмұны, шығу төркіні, даму, таралу жолдары жағынан сан түрлі. Бірақ, олардың барлығы идея жағынан бірігеді. Ол – исламдық руханият құндылықтарын насихаттау, мұсылманшылықты өмір сүрудің негізі деп түсіндіру – идеясы.

Қожабай да діни дастандарында пайғамбардың үмбетін Алланың ақ жолына үгіттеп, ислам ережелеріне сай өмір сүруге шақырады. Оның шығармашылығында діни дастандарға жақындық, шығармашылық байланыс

«Бименде қажы», «Төлен қажы» атты туындыларында анық байқалады.

Бұл дастандар Қожабайдың діни тақырыпта жазылған басқа ақындардың шығармаларындағы дәстүрлі көркемдік тәсілдерден үйрену, меңгеру қадамдарын барша қасиеттермен танып, білуімізге жәрдемдеседі. Байқап отырғанымыздай, дастан формасының жалпы көрінісі, оны құрайтын сарындар мен оқиғалардың орналасу тәртібі мен қаңқасын дәстүрлі эпикалық сюжет құрайды. Анығын айтып, ақиқатына жүгінсек, біз бұл жерде эпикалық қаһарманның типтік ғұмырнамасын танимыз. Оның басты мазмұнын батырлық ерліктер құрайды. Олар ислам дінін уағыздап халық арасына таратуға, идеялық мазмұнын түсіндіріп-ұғындыруға арналған. «Шынтуайтқа келгенде, қазақ даласында ислам дінінің тамырын терең жоюында діни дастандардың рөлі ерекше болды. Себебі, ислам дінінің нығаюы үшін күрес әрекеттері екі түрлі жолмен іске асып отырды, яғни, бірінші әдіс – ислам дінін таратушылардың іс-жүзіндегі (мешіт, медресе) үгіт-насихат жүргізуі арқылы жүзеге асса, екіншісі, ақын жанды дала тұғырынын жан-жүрегіне таска басылған жыр-сезімдерімен (діни-дастандар) әсер ету арқылы орындалған тәрізді» [46, 24] – дейді Б. Әзібаева. Қожабайдың осы екі туындысы да ел арасына ислам дінінің қадір-қасиетін, болмыс-табиғатын насихаттап қана қоймай, тереңірек таныту мақсатында шығарылған сияқты.

Бағзы заманнан бері Қазақстан мен Орталық Азия аумағында әр түрлі діндер бірде бой көтеріп, енді бірде жойылып отырды. Ислам дінінің ғұмыры бәрінен ұзақ болды. Және оның ата-бабаларымыздың өміріне қандай іс тастағанын бажайлап ұғыну керек. Осы орайда айдай айқын бір нәрсе: бұл оның өміршендегі, яғни басты кітап – Құранда адамдарды татулыққа, бірлікке, бірін-бірі құрметтеуге, жақынына көмек көрсетуге шақыратын

уағыздар айтылады. Қожабай да дастандарында ислам дінін өз ойына өзек етіп, имандылық пен адамгершілік туралы әр алуан өнегелі пікірлер ұсынады. Ақынның «Бименде қажы» дастанына Құран кәрімнің тигізген әсерінің молдығы дер едік.

«Әуелі жат етемін тәңір атын,

Ғарыптың еткен қабыл мінәжатын» [17, 254]– деп ақын алғашқы сөзін қайырымды да мейірімді Алланың атымен, Бименде қажыға салауат айтып, оның бабаларын мадақтаудан бастайды. Төлек, Сандыбай, Ерден, Дүзен сияқты батырлар мен ел тұтқасын ұстағандардың ерлігі мен ақыл парасатын үлгі қыла сөйлейді.

Демедің үйде, түзде хақ жолына,
Сары еттің қайыр менен садаканы.
Ноғайдан қалпе менен мүсәпірлер,
Үйіңе қысы-жазы келіп жатты.
Астына ат, жанына ақша салып,
Рахат келген ғаріп көріп жатты.
Намазын, оразасын қаза қылмай,
Көп қылды, изаратпен ғибадатты.
Осындай ақыреттің қамын ойлап,
Кім толық шарифатын орындапты. [17, 255]

Жетім-жесірге, ғаріп жандарға қамқорлығы Бименденің адамдық болмысындағы негізгі қасиет екені сезіледі. Бұны ақынның Бименденің бейнесін өзге қырынан көрсетуге тырысқан амалы дер едік. Ол Бимендені асып туған асыл жан деп ерекше құрметпен есімін ауызға алады. Сонымен қатар, бұл үзіндіде таза қазақ тілінде шығарылған ақынның сол кезде әдебиетте басым болып келген араб тілін жетік меңгергені, соны өз туындысында орнымен пайдалана білгені айқын аңғарылады. Көкірек көзі сергек те ояу Қожабайдың Құран

сүрелері мен аят-хадистерді, ара-тұра діни ұғым-түсініктерді таза араб тілінде ұтымдылықпен беріп отырғанын көреміз.

Дастанда әрі қарай Бименденің қажылық сапары баяндалады. Мұсылманның бес парызының бірі қажылық екені мәлім. Бименденің дінге берілгендігі, Алла жолына адалдығы Қожабайдың өз түсінігі бойынша өрбиді. Қажылық сапарында тартқан мехнаты, көрген азабы да жүйелі сөз болады. Ақын өмірде кездесетін түсінік-нанымдарды мұсылман дінінің қалыптасқан қағида-салттарымен астастыра талдайды. Ол Бименденің негізгі ой-тұжырымдарын халыққа түсінікті, көркем әрі бейнелі өлең-жолдарымен жеткізуді мақсат етті. Сол арқылы ислам дінін бар қағидаларды, атап айтсақ, адам баласын адамгершілік пен ізеттілікке, имандылыққа үндеді, рухани тазалыққа шақырды.

«Рухани азық жинаңдар, ол азықтың ең жақсысы – діндарлық» (Бақара сүресі, 197 аят). Адамның рухани әлемі күрделі, рухани азық түрлері көп. Құран сөзінде ол азықтың ең жақсысы діндарлық делініп отыр. Шығыстың дүниетаным арқауы не десек, ол – діни таным. Шығыс танымы теңіздей үлкен және иірімді дүние.

Ғаламды он сегіз мың билесең де,

Өлім хақ ақыреттің қамын ойла, – [17, 259] деп Қожабай айтпақшы, бұл дүниені жалған (фәни) деп қабылдау қазақ баласының көкейінде мықтап ұялаған, ежелден қалған таным екенін рухани өреміздің биіктігі ретінде танып-түсінуге болады.

Бірінші қара сөзінде Абай: «Софылық қылып, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көңілде, не көрген күнінде бір тыныштық жоқ, осы елде, осы жерде қылған софылық?» [58, 891] – дейді. Дін мақсаты – жан тыныштығы. Сондықтан дінді бағуға да

тыныштық керек. Дастанда осындай ой-танымдар жүйеленіп беріледі.

Тастады мал мен жанды керек қылмай,
Иманның нәзіл больш ғаламаты.
– Опасыз бұл дүниені не қылым? – деп,
Білдірген халайыққа мағлұматты.

Адам табиғат қана емес, Құдайдың да кішкентай бөлшегі деген шығыс танымы суфизм ілімінде қалай өрілсе, Қожабай дастанында да солай жалғасын тапқан. Аллаға ғашықтық Қожабайдың:

«Алла» деп мініп алып пароходқа,
Сыйынып ықыласымен жаппар хаққа.
Мәдине, Мәкка-шәріп ынтызары,
Сонан соң қағбаға жетіп кепті,

Құрбанға кәлім бір ай қалған шақта, [17, 257] – деген сияқты өлең жолдарында орын алғаны көпшілікке мәлім. Аукымы, түсіндіру және дәлелдеу жолдары жағынан дін және Қожабай түйін-тұжырымдарының жақындасатын гуыстарының болу себебі – ақиқат жалғыз екендігінде.

Қожабай дастанында исламды толығырақ түсінуімізге, сөйтіп оны әлеуметтік психологиямыз деп тануымызға жағдай түзеді. Діни адамдықтың негізі, сондықтан тыныштықтың кепілі деп шамасы келгенше дәлелдеуге талпынуының бірі есебі – осы.

«Жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол» деп түсіндіруіне карағанда, Қожабай мұсылмандық жолды тек дін шеңберінде емес, тіршілікті ораған даналық таным түрінде қабылдағаны аңғарылады. Яғни, бұл арада «дініміз ислам болуы керек» деген өсиет бар.

Қожабай ақынның енді бір дастаны «Төлен қажы» деп аталады. Мұнда негізінен Төлен деген атақты байдың дүние-мүлкін тәрк етіп, қажылыққа аттануы және сол

жолда көрген бейнет-мехнаттары мен еліне қайтып орала алмай қаза табу оқиғасы баяндалады.

«Төлен қажы» дастанында жалпы мұсылмандық ұстаным Аллаға сену, әділдікті ту етіп ұстау идеясы назар аударарлық. Туындының көркем бейнесі тұрғысынан, оның ішінде ұнамды қаһарман жасау тарихы межесімен зерделесек, дастанда аз көрінсе де, есте қаларлық бейне бар екеніне көз жеткіземіз. Екі дастанды бір-бірімен тығыз байланыстыра қарастыруға негіз бар. Себебі: екі дастанда да бірінде Төленнің, екіншісінде Бименденің қажылық сапары сөз болады.

Төленнің қажыға бару жолындағы қиындықтарына, қандай бейнет шексе де, оның ізгілік қасиеттеріне қылау түспегеніне дастанда ерекше көңіл бөлінеді. Қожабайдың осы дастанында Төленнің қаншалық өскені, елінің камы үшін әрекет етуі кең көрсетілген. Алла ықыласына бөлене тұра, өзіне ештеңе сұрамай, халқы үшін қам жеді, ел тағдырын жеңілдетуге өтініш айтуы, бәрі ізгілік, ақиқат үлгісі ретінде көзге түседі.

Дастандағы негізгі тақырып – ислам идеяларын үгіттеу, халықты хақ дінге шақыру. Дастанда Төленнің қызметі мен әрекетін дәріптеу, сондай-ақ, деген махаббат, мұсылман үшін барша құндылықтардан жоғары тұруы тиіс дейтін. Құран қағидасына сүйенген қасиетті ұғымды бекітудің негізі бекітілген. З. Қабдоловтың: «Асылы, бір немесе екі өлең жазу, сол арқылы бір немесе екі сыр аңғарту, шындық таныту кез келген өлеңшінің қолынан келуі мүмкін. Ал өзі жазған өлеңдер арқылы өзінің өзгелерден бөлек ақындық бітімі мен мінезін таныту, сол арқылы өзінің өнер әлемдігіндегі тұтас творчестволық беті мен бағытын таныту кез келген қаламгердің қолынан келе бермейді» [47, 58] деп тауып айтқандай, Қожабай да өзінің ақындық қабілет-қарымын осы екі туындысында анық байқатты.

Қожабай өмір кешкен аумалы-төкпелі трагедияға толы заманда ғана емес, Адам-Қоғам-Дін мәселесі бүгінгі қоғам үшін де маңызды. Бұл мәселелер қай уақытта да өзекті болары даусыз. Сондықтан, Қожабай жырлаған тақырыптар қазақ қауымы үшін де ешқашан өзектілігін жоймайтын мәңгілік тақырыптар деуге болады.

Иманжан Жылқайдарұлының шығармашылығында елеулі орын алатыны оның дастандары. Ол – қаһармандық халық жырлары үлгісінде бірнеше жыр шығарған ақын. «Шақшақұл ер Жәнібек», «Әділбек», «Кенесары, Саржан» дастандары ақынның патриоттық дүниетанымының жемісіндей. Ақынның негізгі ұстанымы – батырлықты үлгі ету, ерлікті дәріптеу. Иманжан дәстүрлі халық жырларынан үйрене жүріп, мазмұнға бай, кең тынысты эпикалық туындылар шығарды.

Ақынның «Шақшақұлы ер Жәнібек» дастанында қазақ батыры Жәнібектің ел қорғау жолындағы жанқиярлық ерлігі арқау болады. Туындыда ел азаттығы үшін күрескен, сол жолда көзсіз ерлік көрсеткен Жәнібек бейнесі шындыққа сай нанымды бейнеленеді. Сонымен бірге, дастанда халықтың сан ғасырғы арман-мұңы, қуаныш-қайғысы қоса жырланады. Бұл шығарманың идеялық негізіне халықтың бостандығы үшін күрескен батырлардың ерліктері алынады. Батыр Жәнібектің ерлігі туралы халық әңгімесі қазақ даласына кең жайылған. Көптеген халық ақындары оның сюжетін пайдаланып, өзінше жырлаған. Дастан ауыз әдебиетіндегі батырлық жырлардың үлгісімен шығарылған. Онда ел арманын арқалаған Жәнібектің қазақ даласын талаған жоңғар басқыншыларынан қорғауы, сол жолда қиын-қыстау шақтарды бастан кешкен ерлігі дәстүрлі жыр үлгісінде жырланады. Жәнібек батырды жырлауда Иманжан тарихи деректерге иек артады. Жоңғар басқыншыларына қарсы халықтық күресте ерлік көрсетіп,

дұшпан езгісінен құтқарған Жәнібек қазақтың сүйікті батырларының бірі болған.

Дастан сюжеті нақты оқиғалар арқылы дамиды. Жоңғар ханы Сыбан Рабтан жер қайысқан қолмен шабуыл жасап елді қырып-жоя бастайды. Қазақ даласына іштей еніп, жауланған аймақтың шекарасын Сарысудың сол жағасына дейін жеткізеді. Қалың қазақ қырғынға ұшырады, тапталды, таланды. Ақын шығармасында бұл:

Қазақстан тартып алды Түркістанды,
Түк қоймай қамтып алды барлық малды.
Ие боп қалды қалмақ бәріне де,
Қоймады жер үстіне мұсылманды.
Бұл қорлық ашаршылық, жұттан да өтті,
Айырып жер мен судан тентіретті.
Сарыарқа мен Ұлытау қайдасың деп,
Шұбырып жонмен қаптап қойды бетті.

Қалмақтың әскерлері атқа мініп,
Қылышы қансыратып, ұрып жығып.
Асырып Мыңбұлақтан айдап салды,

Тау-тасқа қашып жатыр ел тығылып [48, 6], – деп дастан қазақ халқының шапқыншылардың тартқан зардабын баяндаудан басталады. Әуелі ақын халқының ауыр жағдайға душар болған кезін айтып алады.

Дастандағы негізгі тартыс жүйесі Жәнібек батыр бастаған қазақ батырлары мен жоңғар басқыншыларының арасындағы күреске құрылғандықтан, мұнда бір-біріне қарама-қарсы қойылған ұнамды және ұнамсыз образдың айқын тобы бар. Алдымен дастанның басты қаһарманы Жәнібек бейнесін ауызға алғанда белгілі қазақтың ғалымы М. Ғабдулиннің мына пікірі ойға оралады. «Жыршы ақындар Қобыландының патриот батыр екендігін халық ұғымында қас батырға тән қасиеттерімен де дәлелдей түседі. Ол қасиеттер – ел айтқан сөзде тұрушылық, намысқорлық, аңғалдық, жолдастық-достықты»

сақтаушылық. Мұның бәрі халық ұғымында батырлықтың белгісі саналады» [49, 78].

Иманжан ақын да дастанында Жәнібектің алған бетінен қайтпайтынын, бірсөзділігін, адалдығын, сенгіштігін бейнелеп, дәстүрлі эпостың батырларына тән қасиеттердің бәрі де оның тал бойынан табылатындығын жырлады. Ал тарихи деректер де Жәнібек батырдың нақ сондай адам болғандығын растайды. Ақын дастанында қазақ батырларының іс-әрекетін, ашу-ызасын, ақыл-парасатын бейнелей отырып, Жәнібектің сыртқы кескін-келбетін, портретін жасауды да ұмытпайды. «Ту сыртынан қараса, тұтас екен денесі», т. б. Демек, Жәнібек ақылына, тұр-тұлғасы сай, шынайы халықтың ұғымындағы қас батырдың өзі. Алайда, бұл халық қиялынан туған жасанды бейне емес, нақтылы тарихи тұлға. Дастандағы қазақ батырларының тұлғасы да шындыққа сай нанымды шыққан. Ақын Жәнібектің ең жақын серіктері деп Бөгенбай, Қабанбай, Олжабай, т. б. орынды айтады. Жәнібек жалғыз жоңғар басқыншыларымен шайқасқанда да, қарымта соққы бергенде де үнемі қасында қазақтың айтулы батырлары болды. Бірақ ақын олар жөнінде дастанда көсіле баяндап, кең сипаттап жатпайды, бірер жол көлемінде ғана ескертіп немесе Жәнібектің соңынан ерген өзге батырлардың қатарында ғана атап отырады. Ақын олардың жеке бейнелерін ерекшелеп саралауға ұмтылмайды. Дегенмен, есімдері жиі ұшырасатын батырлар да жоқ емес.

Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Сүйіндіктен Олжабай,
Бәсентіін Сырым бар,
Малайсары Мұрын бар,

Жантай, Барак, Жаулыбай, [48, 6] т. б. батырлардың есімдері құрметпен ауызға алынып, ұнамды істері жүйелі баяндалады. Сонымен қатар, ақын Қазыбек, Төле, Әйтеке билердің қадір-қасиетін сипаттауды да ұмыт қалдырмайды.

Әлмембет, Әлтеке,
Қаражігіт Қазыбек,
Әлібекұлы Төле еді,
Бұлар да асқан бел еді,
Асусыз тағы өр еді,
Сайраған шешен тіл еді [48, 6].

Демек, дастанда бірынғай көтеріліс, соғыс көрінісі ғана сөз болмайды, оған тікелей қатыспағанмен ел қорғаны батырларға тілектес халық өкілдері де қамтылып суреттеледі.

Дәстүрлі жырларда, әсіресе, ұрыс-соғыс көрінісін бейнелейтін тұстарда басты қаһарманның ерлік қимылын ерекшелеу үшін әсірелеу тәсілі көбірек қолданылады. Мұнда Иманжан бір ғана жерде Жәнібекке байланысты:

Қалмаққа қарсы барғанда,
Жол болып алды ашылды.
Жабыла тартқан мергендер,

Аяқта қалып басылды, [48, 6] – деп шамалы көтермелей сөйлейді. Дегенмен, бұл салт атты қолдың шайқасына сыйымды көрініс тәрзді. Тегі Жәнібек «оқ өтпейтін, қылыш шаппайтын керемет жан емес, ат құлағында ойнайтын әжіл, санап атқан садағы бір кісіден өлтіретін мерген, ер жүрек байсалды қолбасшы болып бейнеленген. Ақын тілінің ажарын кіргізетін «бояулардың» бірі архаизм (көнерген сөздер). Қайсыбір көркем туынды болсын, оның қайсы дәуірге қатысты екенін көрсетуге елеулі қызмет атқаратын элементтің бірі

сол кезеңнің өзіне тән сөздік құрамы болмақ. Мәселен, дастандағы қару-жаракқа байланысты атауларды алайық:

Адырнасын атқа алып,
Беліне садақ байланды.
Төрт қырлаған қу жебе,
Қиғыр қылыш найза өткір.
Сатып алды арзан деп,
Көбелі сауыт-сайманды. [48, 6]

Мұндағы «адырна», «жебе», «көбелі сауыт», т. б. азаттық жолында күресушілердің соғыс құралы. Халық поэзиясында ерлікті жырлау ертеден келе жатқан кәнігі дәстүр. Бұл дәстүр әсіресе ХХ ғасырдың басында кең қанат жайып, өрістеді. Өйткені, халқымыздың ұлы жеңістері, ұлт бостандығы үшін күрескен батырлары туралы жыр толғамау, дастан шығармау мүмкін емес еді. Сондықтан да Иманжан Жылқайдарұлы да ел ішіндегі өзгеріс-құбылыстарды, қазақ халқының ұлы жеңістерін, сол жеңіс жолындағы Жәнібек батырдың дана қолбасшылығын, қазақ елінің жоңғар басшыларымен күресін желілі дастан көлемінде жырлауды мақсат етті.

Дәстүрлі халық дастандарында тарихи тұлғаларды жырлағанның өзінде оны тым әсірелеуі, тіпті мифтік бейне дәрежесіне көтеріп бейнелеу сарыны байқалса, Иманжанның бұл дастанында нақтылық шынайылық сипаттары едәуір басым екені анық сезіледі.

1916 жылдың тарихи оқиғасын бейнелеген батырлық жырлардың соңы қазан төңкерісінің жеңістеріне, еңбекші бұқараның бостандығын алып жанаша өмір сүруіне, қоғамның жетістіктеріне арналған өлең-жырларға ұласты. Бұндай өлең-жырларда жеке-дара кейіпкерлерден гөрі бостандыққа қолы жеткен халықтар бұқарасы көбірек бейнеленді. Өйткені, мұндай елді қамтыған ірі өзгерістерді бір адамның ғана жеке басына жинақтап суреттеу мүмкін

емес. Қол жеткен жетістіктер қалың бұқараның ежелден аңсап күткен, бірлесе қолға алған мақсат-мүддесі болатын. Сондықтан да Иманжанның дастанында бас қаһарман халықтың өзі болып бейнеленді.

Ұлт-азаттық көтерілісін суреттеген дастандар бәрі бірдей көркемдік шешімін тапқан деуге болмас. Иманжан Жылқайдаровтың «Әділбек» дастаны тек қана фактілерді тізбектеп, баяндауға құрылған. Бұнда оқиғаны, қаһарманды көркемдік аясында бейнелеуден гөрі құрғақ баяндау көп кездеседі.

Сонымен қатар, дастанның мазмұнына үніле қарағанда оның тақырыбы 1916 жылғы және азамат соғысы оқиғаларымен шектелмейтіндігін аңғарамыз. Ақын ел өміріндегі елеулі кезеңдерді өзінің негізгі тақырыбына дәнекер етіп алады. Ал негізгі тақырып – Қазан төңкерісі қарсаңындағы және Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы ауыл өмірін, халықтың тұрмысындағы, санасындағы әлеуметтік өзгерістерді, ескінің күйреуі мен жаңаның жеңісін көрсету. Дастанның басты идеясы да осы мақсаттан туындаған.

Шығарманың сюжеті адамдардың арасындағы қарым-қатынасқа құрылған. Оқиғалар, қақтығыстар, іс-әрекеттер кейіпкерлердің характерін ашып, қайсыбір кейіпкерлерін жинақтап, даралап көрсетуге тырысқан. Ақын өмірге таптық тұрғыда баға береді. Елдегі әлеуметтік жағдайды дұрыс түсініп, кедей-кепшіктің азапты тауқыметін, бай-манаптың, болыс-бидің, дінбасылардың бейнетсіз жайбарақат рақатты тіршілігін салыстыра суреттеп, олардың арасындағы кереғар айырмашылықтарды сын садағына алады. Кедейдің еңбегін қанағанымен тұрмай, олардың жас жігіттерін оққа байлап, солдатқа жібергеді. Ұлықтарға пара беріп, өз балаларын майданнан аман алып қалады. Бұл езілген бұқара халықтың онсыз да шегіне жеткен шыдамын тауысып, шымбайына батады.

Малы мен бай баласы аман қалды,
Түйеді шүберекке кедей жанды.
Қорлығы болыс-бидің өтті ғой деп,
Атына мініп кедей айқай салды. [48, 7]

Демек, бұл жерде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кездейсоқ оқиға емес, осындай тап тартысының шиеленіссіздігінен туған заңды құбылыс екені дәлелді айтылады.

Ақын Әділбек Майкотовтың үзеңгілес жолдастарын, қарулы серіктерін үнемі ілтипатпен ауызға алып, олардың да күрес идеясына берілген адалдығын, қайсар ерлігін жырлайды.

«Әділбек» поэмасында сол 1916 жылғы Жезқазған жерінде болған бір оқиғаны суреттей келіп, ақын былай деп тәмамдайды.

Әділбек белді буып ертіп көпті,
Жеріне тіней, Токпан сарбаз төкті.
Барлығы Әділбекке еріп беріп,
Масаты қызыл шұға туды тікті. [48, 8]

Ақынның бұл туындысы идеялық-көркемдік жағынан сәтті шықпаған. Оның көрген-білген жайттарды, оқиғаларды жіпке тізіп баяндай отырып, өздерінің қолбасшысы – батырдың бейнесін жасауды мақсат еткен. Әділбек Майкотовтың сырт кескін-келбетін, іпкі сезімін беруге талаптанбаған. Батырдың өмірін, ерлік істерін бастан-аяқ баяндауға арналмаса да, оның қолбасшылық бейнесін жанамалап көрсетуге тырысқан.

Ұлт бостандығы үшін күрескен Кенесары көтерілісі галай өлең-жырлардың, аңыз-әнгімелердің өзегі болып келеді. Ондай туындылар сөз жоқ тарихи оқиғалардың дәл көшірмесі емес, сол оқиғалардың, дәуірдің халық

ұғымындағы бейнесі, халықтың сол көтеріліске берген өз бағасы. Профессор Е. Бекмаханов: «Кенесары қазақтардың саяси тәуелсіздігін және территориялық тұтастығын сақтауды талап етті», [50, 78] – деген өте бағалы пікір айтады.

Кенесары және оның батырлары туралы айтылатын жырлар мен әңгімелер бір мезгілде тұмағаны анық. Бұның үстіне, әңгіме болмаса жыр шығарушылардың кейбіреулері өз заманының саяси-қоғамдық жағдайын толық түсіне бермеген. Оның объективті себептері де жоқ емес. Қайсыбір ақын, жыршылар бастан-аяқ көтеріліске қатысқандықтан бар шындықты бүкпесіз жырласа, енді біреулері тек естігендерін ғана жырға қосқан. Кенесары қозғалысын, оның басшысын халық тағдырымен байланыста жырлай алмаған ақындар да болды.

Кенесары мен Наурызбайдың рухына бағыштап шығарылған өлең-жырлардың ішінде Нысанбай жыраудың, Доскейдің, Нұрқанның, Омардың, т. б. дастандарының алар орны ерекше. Осындай жыр-дастандардың қатарына Иманжанның «Кенесары, Саржан» атты жырын да жатқызуға болады. Қалай болған күнде де тарихи жәдігерлерді жарыққа шығарып, бүгінгі таным-түсінік тұрғысынан пайымдау – уақыт талабы. Бір айта кетерлігі, ақынның осы дастанына ауыз әдебиеті үлгісінің аясында қарағанымызбен, өзіне ғана тән қолтаңбасын көрмеу мүмкін емес. Жалпы алғанда, Иманжан – эпик ақын. Ол жырында ұлт-азаттық көтерілістің өзекті арнасын үлкен ауқымда қамтиды. Кенесары ерлігін бұрнағы батырлар жырының дәстүрінде бейнелей келіп, онымен бірге сол заманның шындығы бүкіл халықты күйзелткен оқиғаларды шебер қиюластырады.

Сырда Қоқан, қырда орыс,
Жәбір көрді мал мен ел.

Шапқыншылық көргені,
Иесіз мал сықылды,
Тергеусіз адам өлгені. [48, 7]

Бұл – жыр ғана емес, тарихи шындық. Тарихтың да айтар түйіні осы. Мұнда да батырлар жырының дәстүрімен өмірбаяндық шежірелік оқиғалар тізбектей құрылған. Кенесарының шыққан ортасы бас көтеріп, басқыншыларға қарсы Арқада көрсеткен алғашқы ерліктері баяндалады. Жырдың тарихи сипаты мол, алайда «Кенесары, Саржан» жырында ертегілік сарын да жоқ емес. Кенесарының дүйім жұртты жұтқан айдаһарды өлтірді – осының куәсі. Академик С. Қирабаевтың: «Ағыбай бейнесін, оның батырлығын дәлелдеу үшін ертегі-аңыздар да оны аюмен, жолбарыспен, көкжал қасқырмен кездестіруі сияқты қоспаларда халықтың сүйікті батырына деген ықылас, ілтипатын танытады» [51, 8], – деген пікірін осы жырдағы Кенесары бейнесіне қатысты да айтуға болады. Жыр оқиғасы қою, іс-әрекетке толы, бір эпизод пен екінші эпизодтың арасында кейіпкерлердің танысуы, сюжеттік шегініс кездеспейді деуге де болады. Алайда, Иманжанның сөз қолданысында, стильдік ізденістерде аздаған кедір-бұдыр жерлері де кездесіп қалады. Әрине, жыр кешегі қылышынан тамған кеңестік заманында шығарылғандығында дау жоқ. XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап Кенесары атын атауға болмайтын ресми қаулы-қарарларға дейін Нұрхан, Доскей, Омар, Саядідермен қатар Иманжан да өз жүрек қалауы бойынша бүкіл халықты толғантқан көтеріліс оқиғасын өзінше жырлады. Әрине, олардың Кенесарыға деген көзқарасы да, көтеріліс туралы ұйғарымы да бірдей дәрежеде болған жоқ. Оның үстіне әлі бір себептермен аласапыран заманда Кенесары көтерілісіне қырын қараған, болмаса халық арасында да алып қашпа аңыздар арқалаған әңгімелердің

болғанын жасыруға болмайды. Иманжан ақынға мұндайлардың да әсері болғанын жоққа шығармаймыз.

Шындық өресін дұрыс түсініп, уақыттың өзекті проблемаларын дәл көрсетіп, қоғам талабына замана биігінен қарау – Болман ақынның да шығармашылық ерекшеліктері. Оның «Өмір желісі» дастаны өзінің тақырыбы мен мазмұны жағынан әлеуметтік шығарма. Ақын қазақ әйелінің теңсіздіктегі жай-күйін дастан оқиғасының негізінде алғанымен, сол арқылы өз дәуірінің қоғамдық шындығын әлеуметтік тұрғыда талдайды.

Қалың малға сатып, шалдардың жас қыз алуын, әлділердің әлсіздерге зорлығын, қазақтың өткен ғасырдағы қапас тіршілігін Болман өткір сынайды. Ол жастардың сүйгендеріне қосылып, оқып білім алуына, халқын өрге сүйрер қатардағы азамат болуына тілекші. Болман Күнжан образы арқылы қазақ қызының басындағы ауыр халді көрсетіп беруге тырысады. Ескі қазақ қоғамын жайлаған кемшіліктерді сынап, есеңгіретіп бара жатқан әдет-ғұрпын, заңын айыптайды.

Күнжан өзіне жар боларлық адамды байдан, сұлудан іздемейді, керісінше, ақылды, сырлас, мұндас болатын жандардан іздейді. Мұндай жан деп Сыздықты таниды. Бірақ Күнжан ғашықтық сезіміне беріліп, жалған күйректікке түспейді. Сезімін ақылға жеңдіріп, алды-артын ойлайды. Сол дәуір жағдайында Сыздық пен Күнжанның қосылуына мүмкіндік жоқ еді.

Күнжан – ауқатты ортадан шыққан қыз. Сыздық – кедей жігіт. Екеуі екі ортаның адамдары. Қалыңмал берерлік Сыздықта әл жоқ. Сондықтан «Күнжан теңім еді» деп, Сыздық құлап түспей, екеуі қосыла алатын мүмкіндіктің жолын қарастырады.

Ебін тауыш хатпенен,

Қыз уәде береді, – деп қыз өз ойын хатпен білдіреді.

Ғашықтық дертінен,
Я шығам, я өлем,
Уәде еткен сертіммен
Сені тосып жатырмын,

Бір сен үшін, ер Сыздық [52, 9], – деп Күнжан өзінің сүйгені Сыздықпен мәңгі бірге болуға тәуекел етеді, берген уәдесінен айнымай, өмірде кездесегін қандай бір қиындықтарға оптимистік көзқарасы байқалады. Келер күнге сеніммен қарайтын көзқарасы да аңғарылады.

Шүкір етем мың құлдық,
Арманым сені құшқаным.
Бейнет шегіп біраз күн,
Көрерміз қызық пұшпағын. [52, 9]

Бұл үзіндіде ақын екі жастың аз күндік тағдыр тауқыметіне шүкіршілік айтып, алдағы өмір жолында көрер қызығы барын Күнжан аузына салған.

Бұл ХХ ғасырдың басындағы Мұхамеджанның, Сұлтанмахмұттың, Міржақыптың шығармашылығында алғашқы кезеңдегі кеңестік әдебиетіне де тән, Сәкеннің, Сәбиттің, Бейімбеттің көп туындыларында қайталанған дәстүрлі сюжет. Ақын осы дағдыны әбден белгілі өмірлік ситуацияны ала отырып, халық ақындары поэзиясының талабына сай шығарма гудырған.

Көшпелі қазақ ауылының кейбір тұрмыстық көріністерін бейнелей келе, ақын екі жастың қол ұстасып қашқан кездегі ауыл әбігерін ықшам баяндайды да, Күнжанның ойы арқылы бірнеше елес суреттерімен бақытсыз қыздар тағдырын береді. Сөйтіп, көркемдік шарттылық тәсілдерін пайдаланады. Дастанда қашу, қуу көріністеріне, ат үстіндегі шайқас-айқастарға да орын берілген. Ақын дастанын:

Бірдей туып ұл мен қыз,
Сілкінтіп кірді тілекке.

70-ке келді сол Сыздық,
Күнжанмен жеткен арманға.
Советтің жолын білгендей,
Сыздық Күнжан бастаған,
Қанша ауырлық көрсен де,
Жарлымын деп саспаған.
Октябрь ғаны атқасын,
Дау тарқады басынан.
Сөйткен Күнжан Сыздықпен

Ғашықтықпен қосылған, [52, 9] – деп аяқтайды.

Сыздық пен Күнжанның 70 жыл өмір сүруі, армандарының орындалғаны, бақытты өмір сүруі – төңкеріс жеңісі, жаңа заманның нәтижесі деген идея айтылады.

Бұлай ел өмірін жете біліп, дастанында бұқара көкейіндегі мақсат-мұратты да дәл басып айта алуы Болманның шын мәніндегі парасатты халық ақыны екендігін көрсетеді.

Түйіп айтқанда, халық ақындарының қатарын сапалық қасиетімен байытқан айтулы сөз зергерлері Қожабай, Иманжан, Болмандардың жыр-дастандары өзінің көркемдігімен, өзекті мәселелерді көтеруімен қоса уақытқа дер кезінде үн қосуымен құнды дүниелер.

Қазақ қазақ болғалы оның қанына сіңіп, өміріне айналған киелі өнердің бірі ақындар айтысы. Небір жүйрік, дүлдүл ақындар айтысу арқылы жаңа қырынан көрініп, көпшіліктің құрметіне бөленіп отырған.

Айтыс – халық ақындары шығармашылығындағы негізгі жанр. Ол халықтың рухани өмірімен біте қайнасып, өріс алып келе жатқан киелі өнер. Сондықтан, айтыстың мәні мен маңызы, қасиеті мен сапасы сөз етуге тұрарлық шығармашылық мәселе. Сонау алыс замандардан бастау алатын айтыс дәстүрі күні бүгінге дейін сабақтастық тауып, жалғасып келе жатудың өзі оның өміршеңдік

қасиетін көрсетсе керек. Сонымен бірге, айтыс өлең бәсекесі, шығармашылық шеберлік сайысы болғандықтан, оны академик М. Әуезов «өнер жарысы, сөз барымтасы» деп бағалаған. Қожабай айтыстарынан оның суырыпсалмалық қабілеті, ақындық қуат-құдыреті жақсы байқалады.

Қожабай да айтулы сөз зергері ретінде көптеген қоғамдық-әлеуметтік мәні бар айтыстарға қатысканы анық. Бір әттеген-айы сол, бізге ақынның екі айтысы ғана жеткен. Олар айтыс ақтангерлері болып саналатын Құлтума Өтемісұлы мен Есенбай Сасанұлымен болған сөз қағысулары. Көңілге демеу боларлығы Құлтума, Есенбай сияқты айтулы ақындармен болған айтыстарын талдап-танудың нәтижесінде Қожабайдың ақындық қуатын, шығармашылық шабытын, айтыс өнеріне қосқан үлесін біршама салмақтап білуге болатын сияқты. Қожабайдың Есенбайдай суырыпсалма ақынмен өнер бәсекесіне түсіп, оған ұлы Абайдың төрелік айтқаны бүгінде анықталып отырғаны ақиқат.

Әрине, Қожабайдың жас шамасы Есенбайдан кіші болса керек. Осыған орай, Есенбайдың:

Шырағым, адамбысың ата көрген,
Келдік деп міндет етпе сонша жерден.

Тұрсаңшы әдеп сақтап кішілікпен,

Өлеңді қоя берме салған жерден, [15, 274] – деп
ренжи сөйлеуі албырт жас Қожабайдың есендік-саулық
сұрамастан айтысты бірден бастап кетуінен болса керек.
Қожабай да тосылмай, мүдірмей табан астында ұтымды
жауап қайырады:

Есеке, әуел саған сәлем бердік,
Жиналған алдыңызға көпті көрдік.
Қайтеміз енді сенен рұқсат сұрап,
Ел бірге, дуан бірге, қатар едік. [15, 275]

XIX ғасырдағы айтыс ақындарына тән дәстүрлі амал-тәсілдерді Есенбай да қолданады. Ол өз руының игі жақсылары мен жайсаңдарын, әкім-қараларын, батыр-оғландарын айтыста арқа тұта, мақтап-мадақтап сөйлейді. Есенбайдың орынсыз айтылған жалаң мадақ-мақтан сөзіне Қожабай да отты жырымен жауап беріп, тойтарып тастайды.

Қарауылдың мен де білем барлық мінін,
Жүрмеңіз білмей қалып өлгеніңді.
Мені осы өмірінше жеңе алмайсың,
Айтшы өзің қайдан келгеніңді. [15, 275]

Осы сәттен бастап Қожабай да, Есенбай да өз руларының намысын жыртып, қарсылас ақынның елін сынап-мінеп, кемшіліктерін көрсетуге тырысады. Сол тұстағы айтыста ру атынан сөйлеу дәстүр болса да, Қожабайдың айтыста халық атынан сөйлеп, бұқарашылдық бағыт ұстануынан, оның абырой-беделі өсіп, мерейін үстем етеді. Ойымыздың негізсіз емес екендігін мына бір өлең жолдары растайтын сияқты:

Сол кезде Абай келіп айқай салды,
Тоқта деп аруақ үшін екі жағын.
Қожабай, сен шырағым, жас баласың,
Бата алсаң әр жұмысты басқарасын.
Шырағым, жас та болсаң жол сенікі,
Сөзіңе әділ айтқан жоқ таласым.
Есенбай, көлденеңнен қарап тұрсам,
Үш жерден бұл баладан тоқталасың. [15, 275]

Өзгеге емес, өзіне қатал талап қоятын, өлеңнің қадір-қасиетін, қоғамдық-әлеуметтік мән-маңызын терең түсінетін ұлы Абайдың бұл айтысқа берген бағасынан артық бағалаудың қажеті де жоқ шығар. Бұны екі ақынның

өнеріне берілген әділ баға дер едік. Сондықтан, бұл Қожабайдың суырыпсалмалық өнерін, ақындық қуатын, айтыстағы шеберлігін жана қырынан көрсетіп берген айтыстарының бірінен саналады.

Қожабайдың енді бір айтысы Құлтума Өтемісұлымен өтеді. Бұл айтыста да ру атынан сөйлеу мақсат етіледі. Ақындар өз руларының игі жақсыларын, ел қорғаны ерлерін, дәулетті байларын дәріптеумен қатар қарсы жақтың мақталған адамдарын сын тезіне салып мінейді. Әрине, айтыста әлеуметтік теңсіздік, парақорлық, екіжүзділіктің мейлінше өткір қойылып, әшкерә етілуі құптарлық нәрсе. Өйткені ақындар қоғамдағы қайшылықтарды көріп-біліп қана қоймайды, сонымен бірге оның оң шешім табуына ықпал ететін өнер иелері. Осыған орай Құлтуманың:

Әр елдің малын Ерден тартып жеген,

Мал түгіл қатын-қызын тағы да алған, [15, 250] –
деуінен Ерденнің көркем бейнесі сомдалып, оның өмірде қандай жан болғандығы анық көрінеді. Қожабай да есесін жіберсін бе, Ерденді қорғап, қолдап сөйлейді.

Еліңді кеткенінде Қалмақ шауып,
Сонда сен танып едің мені тауып.
Сандыбай алып берді сол кегіңді,
Дұшпаннан беті қайтпай қылып қауіп.
Үш жүздің қорған болдың баласына,
Сонан соң халық толды қанасына.
Сағындық, Масак батыр бұрын өткен,
Бұлардың қатарына барасын ба? [15, 250]

Сандыбай, Сағындық, Масак сияқты батырлар бар қазақтың қорған болып, талай мәрте басқыншы жаудың бетін қайтарып, тойтарыс бергенін, олар тірі тұрғанда ешкімнен қорықпайтынын айтып мақтанады.

Құлтуманың айтыстағы тәсілі сан алуан. Айтыс өнерін жетік меңгерген кәнігі жүйрік Құлтума да Қожабай ақынның көп алдындағы абырой әпермес әлсіз жақтарын көкейіне құя, көкірегіне сақтай жүреді. Құлтума Қожабаймен айтысында, ақындығы мен адамдығынан мін таба алмаған ол Қожабайдан қырық парыздың шарттарын сұрап мүдірткісі әрі соны білмегенін бетіне басып жеңіп кеткісі келеді:

Жарайды сөзің жақсы, Қожабайым,
Туыпсың бала кезден сөзге қайым.
Жауап бер ақын болсаң сұрағыма,
Әр сөзден хабарың бар болсаң дайын.
Бар еді әр адамда қырық парыз,
Айтып бер парыздардың талдап бәрін.
Егерде бұған жауап бере алмасаң,
Сөйлесіп сеніменен не қылайын? [15, 250]

Қожабай да қарап қалсын ба, өз кезегінде ретін тауып, ұтымды жауап беріп, мерейін өсіргісі келеді. Айтыстың шарты қатал, егер сәл мүдіріп, сөзден кідірсең, қарсылас ақын жеңілдіге санап бастырмалата түсуі мүмкін. Дер кезінде үн қатпаса, ақындығына сын боларын ұғынған Қожабай да ойын сабақтап, екпіндей сөйлейді.

Қырық парыз сұрағанын сасқанын ба?
Сасқаннан мұны әкеліп қосқанын ба?
Шаригат айта тұғын молда емеспін,
Жоқ едім ислам үйін ашқанымда,
Батырдан, байлықтан да шыққаның ба?
Сондықтан шалалықтан бұққаның ба?
Уәж таппай айтар сөзге сүрінген соң,
Аузына шаригатты тыққаның ба? [15, 251]

Осы айтыстың тірі куәгері болған Ыбырайдың сөзіне қарасақ, айтыс осы арадан аяқталған сияқты. Мұны екі ақынның айтысын зер сала тындап, салмақтай саралап отырған Ыбырайдың «Құлтума тоқта деді, жайнаған өзін түстің шоққа деді» деуінен байқауға болады. Бұл айтыста Құлтума ақындық қабілеті жетпей, болмаса сөз таба алмай жеңілмеген, тек орынды айтылған уәжге үлкен түсіністікпен қарап сөзге тоқтаған сыңайлы. Құлтумадай суырыпсалма өнердің хас шеберімен болған айтыс Қожабайдың абыройын асқақтатып, мерейін өсірді. Сондықтан бұл айтыс Қожабай шығармашылығында елеулі орын алады.

Жезді-Ұлытау өңірінде айтыстың туын биікке желбірете көтерген, өзінің айтыс өнеріндегі талантымен жарқырай көрінген жыр жүйріктерінің бірі – Болман Қожабайұлы. Болманның айтыскерлік шеберлігі, әсіресе арқанын айтулы ақыны, талай мәрте жыр додасында түсіп шыныққан жыр жүйрігі Шашубаймен сөз қағысуынан айқын да анық көрінеді. Бұл Болман ақынның айтыстары ішіндегі ең көркемі десек те болады. Алдымен сөзді үлкен ақын ретінде Шашубай алады да, ең әуелі кескілскен ұрыс даласына назар аудара сөйлейді.

Күшейтіп шабуылды майданда ерім,
Тазартып қасиетті Кеңес жерін.
Қарыштап күнде алға басып барады,
Талқандап бұзып-жарып жаудың шебін. [17, 133]

Еуропаның көптеген қалалары жау қолынан азат етіліп, ондағы халықтар бодандық бұғауынан бостандыққа шығады. Тыл еңбеккерлері де бұл кезде майданға берер көмегін еселей түскен. Осыған орай ақындар да көтеріңкі рухпен, ерекше шабытпен желпіне сөйлейді. Шашубай:

Өлеңге болдырмайтын жел қобызбын,
Желпінсем канатымда дауыл тұрған [17, 134], – деп
өзінің ақындық қуатына, шығармашылық мүмкіндігіне
қарай асқақ сөйлесе, Болманның да бұған қарсы айтар уәжі
дайын:

Мен дағы асу бермес асудаймын,
Желіксем бірер таңға басылмаймын.
Барында Жезқазғаным берілмеспін,
Келсе де сексен сегіз Шашубайың. [17, 134]

Шашасына шаң жұкпаған, шын жүйрік Шашубай
Болман ақынды сөйлете түсейін, еркін көсіле түсуі үшін
мүмкіндікті мол беріп, уақыттан шектемейді.

Сөйле ақын серме құлаш, көсіл, қарман,
Қапыда қалдым деме мына шалдан [17, 134], – деп
кезек бергеннен кейін Болман Жезқазған жұртының жеңіс
күнін жақындату жолында жасап жатқан іс-әрекетін айтып
масаттанады да, Шашубай намысын жыртып отырған
Балқаш комбинатының кемшілік тұстарын, орын алып
отырған олқылықтарын сынап мінейді.

Балқаштын толқын қуған құр, аққуы
Көрмедің соны неге қырыңа алып [17, 134].

Осы айтыста Шашубайдың да бейнелеп айтуға шебер
ақын екендігі жақсы көрінеді.

Қоңыма қадасан да тоқсан бұрғы,
Білінбес шыбын-шіркей шаққан құрлы [17, 134] – деп
Шашубай өзін көркем бейнеге айналдыру арқылы Балқаш
пен Қоңырагтың байлығын, майданға жасап жатқан
қолқабысын астарлап береді. Қарсылас ақынның
өлеңіндегі ізденістеріне орай Болман да тұспалдап айтып,
астарлап сөйлейді.

Болғанда үзігі алтын, түндігі мыс,
Уығы, керегесі аппақ күміс. [17, 134]

Арқаның екі айтулы ақыны тек өндіріс, шаруашылық мәселесін сөз етумен ғана шектелмей, мәдениет пен руханиятқа қаншалықты көңіл бөлінуде, бөлінсе қанағаттанарлық дәрежеде ме деген сауалдарға да жауап іздеп көреді. Шашубай:

Көретін ойын-сауық халық келіп,
Клубың құлауға тұр жалт беріп, [17, 135] – десе,
Болман да үнсіз қалмайды:

Су жүзіп, құлазыған моншаңызды,
Бермеді ремонттап әсем кылып [17,135] – деп
орынды сын айтады.

Шашубай да, Болман да айтыс соңында сөздерін жыр сүйер көпшілікке арнайды. Бұл осы айтыстың өзіндік ерекшелігі десе де болатындай. Бұл дұрыста, өйткені, көп болып ұжымдасып шешетін мәселе болғандықтан ақындар осындай шешім шығарады.

Майданның керегі үшін жан аяма,
Сұрайды тек осыны адамдарың. [17, 135]

Жеңісті тездетейік, ол үшін жақсы еңбек етіп табысты арттыра түсейік деп, жаңа мұрат-міндеттерге шақырып айтысты аяқтайды. Бұл айтыста Болман Қожабайұлы басқаша, тың, жаңаша қырынан танылады. Үлкен қарымды ақын екенін дәлелдеп көрсете біледі.

Айтыстың актангері Шашубайдай сұңғыла ақынмен болған айтыста Болман да ерекше жарқырай көрінді. Ақындық өнердің қоғамдық мәнін, адам тіршілігіндегі маңызын бұрынғыдан да терең таниды. Ақын болып жүрудің өзіндік салмағын да сезінеді. Халықтың қамын ойлау, елдің көкейіндегісін айту ақынның басты міндеті екенін ұғынған Болман ендігі жерде өзінің айтпақ ой-

пікірлерін көркемдеп, әсерлі етіп жеткізуге тырысады. Бұл Болманның біршама өскендігін, толысып-жетілгенін көрсететін ерекшелік болса керек.

Айтыс – киелі өнер. Күдіретті өнер. Сондықтан екінің бірі жыр додасына нар тәуекел деп түсе алмасы анық. Айтыста шығармашылық қабілет-қарым, суырыпсалмалық мүмкіндік аздық етеді. Ақынның бойынан мәдениеттілік пен парасаттылықтың, білімдарлық пен таным тереңдігінің небір ғажап көріністері жарқырай көрініп жатса, нұр үстіне нұр емес пе? Ұлытау-Жезді аймағында айтыс өнерін белгілі бір белеске көтерген, артына ақын деген атын қалдырып, дуалы аузынан шыққан ұтымды да ұтқыр сөздеріне тыңдарманын ұйытқан ақындардың бірі ретінде Болман есімі қазақ даласына кең жайылды.

Адам – өз заманының перзенті. Яғни, өзі ғұмыр кешкен қоғамнан тыс тұруы мүмкін емес. Сондықтан, кешегі кеңес үкіметінің сойылын соқты, сөзін сөйледі деп ақындарды жөн-жосықсыз кінәлай беру де әбестік. Өйткені, кез-келген адам өзі жасаған қоғамның дамуына үлес қосуға міндетті. Бұл өмір сүру талабы. Әдебиеттің объектісі – қоғам. Қоғамдық өзгерістерге бей-жай қарай алмауы, кеткен кемшіліктер мен жеткен жетістіктерді тілге тиек егпеуі тіпті де мүмкін емес еді. Халық шаруашылығында орын алған кемшіліктерді сынау, ел әлауқатының жақсаруына кедергі келтіріп отырған олқылықтардың себеп-салдарын анықтау, т. б. мәселелер негізгі тақырыбы болған айтыстар әдебиет тарихында аз болмаған. Сондай айтыстардың бірі – Болманның өзінің жерлесі Нияз Ожанұлымен сөз қағысуы. Нияз Ожанұлы да айтыста шындалып, төселген ақын. Айтыста өзін еркін ұстап, өктем сөйлейді.

Өлеңге зор мұхиттың саласымын,
Жүйрік өзім теңдес данасымын.

Серпіліп шапқан сайын алыстаймын,

Болманым, қиын соғар жанасуың [52, 5], – деп сөзін бастаған Нияз айтыстың оңай болмайтынын, өнер жарысында жеңілмейтінін, онай шағылатын жаңғақ еместігін Болманға ескертіп алады. Бірақ, Шашубайдай сайыпқыран, айтыстың ақтаңгерімен айтысып акындық қабілетін сынаған, шырдаған Болман да есе жіберсін бе, салған жерден дүрсе қоя береді.

Топ жарған шын жүйрікті халық байқар,

Өзінді көтермегін, өзің мақтап [52, 5], – деп орынды жауап береді.

Беретін қолқаласаң сөзден сыйым,

Лебім – жел, даусым – дауыл, үнім – құйын.

Шапқанда қырық бүктеліп ширатылып,

Тау мен қыр шабысыма болмас бұйым [52, 5].

Әрине, шығармашылық бәсекеге түскен сөз өнері иелері үшін кеуделеп сөйлеу, көтермелеп айту үйреншікті дағды. Мұнда ескеретін нәрсе – екі акын да өздерін даланың сәйгүлік тұлпарына балап сөйлейді. Байқап қараған адамға мұнда үлкен мән жатыр. Айтыс-жыр жарысы, олай болса оған қарқын, шабыт керек. Демек, жыр сайысына түскен әрбір акын аламанға әбден жаратылып қосылған тұлпар іспеттес. Нияз акын да өзінің туған өлкесі Ұлытауын жырға қосқанда былайша суреттейді:

Бір келіп осы тауға тынығуға,

Болманым, жүрген жоқ па қолың жетпей [52, 5], – деп бұл өлкеде дем алудың өзі адам өмірі үшін срекше маңызды екенін ескерте келіп:

Жайлауда қаптап жатқан қалың малдың,

Жол тауып жүре алмайсың арасынан, – деуінен мыңғырған малдың халық игілігі үшін өсіріліп жатқанын

да тіле тиек етеді. Жаннан бұрын, малдың амандығын сұрайтын қазақ үшін төрт түлктің пайдасы шаш етектен. Болманның сөзі де уытты әрі нысанаға дәл тиетіндей өткір.

«Октябрь» қысқа даяр шөбі мол деп,
Қалайша қағаз берген аудан мақтап.
Еңбекті амалсыздан оймен жазып,
Ақыры бүлдірді ғой істін артын [52, 5].

Бұл арада Болман ақиқатты ашық айтып, көзбаяушылықты, өтірік ақпар берушілерді әшкерелейді. Ал жалқаулардың, жатыпшылар-арамтамақтардың кескін-кейпін былайша мүсіндейді.

Басында ділгек қалпақ, шашы дудар,
Мойнында киіз сөмке, қолда қалам
Отырған тышқан аулап күшігендей.
немесе

«Егерде жұмыс деген сөз естісе,

Ыңқылдап жатып алар тұмау тиіп [52, 5], – деп келемеж күлкіге айналдырады. Әрине, бұдан Болман ақынның қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді көтеріп жырлай білгендігі аңғарылады. Сол себепті Болман қарсылас ақынды «Шайнаған ауыздығын қаракөктей, емессін Нияз ақын болдыратын» – деп көтермелей келе, жалпыға ортақ мақсат жолында ұйымдасып еңбек етуді еске салады.

Екеуіміз тізе қосып, жауды жеңіп,
Халықтың көтерейік мәртебесін [52, 5].

Ұлытау-Жезді өңірінің айтулы ақындары есебінде Болман мен Ниязда туған өлкелерінің әсем табиғатын, мол байлығын. еңбек адамдарын көтере жырлайды. Туған жердің өзен-суы, тауы мен тасы, жаз жайлауы мен қыс қыстауын атап өтіп, оларға жеке тоқталып қадір-қасиетін

көркем сөзбен өлең ғып өреді. Әрине, Болманның өлеңдері көркем де кестелі. Қандай тақырыпта сөз қозғамасын, қандай проблеманы көтермесін ақын ең әуелі өзінше зерттеп, зерделеп алмай сөз қозғамайтынын байқаймыз. Бұл ерекшеліктер – Болманның ақындық болмысындағы негізгі сипаттар.

Тарихта «Екінші дүниежүзілік» соғыстың зардабын тартып, қасірет-қайғысын шекпеген жер бетінде адам баласы жоқ шығар. Қазақ халқы да бұл қасіретті соғыстың тауқыметін көріп, азабын тартты. Қаншама отбасының шырқы бұзылды. Жетім-жесірлер көбейді.

Әйтсе де, рухы биік орыптал халықтың жігері жасымады. Бұл соғыс, тарихтың талай өткелектерінде небір дүрбелеңдер мен алмағайып замандарды көрген қайсар да батыл халықтың қайратын қайрап, намысын жанымаса, сағын сындыра алмады. Халықтың рухын көтеретін, ерлікке үндейтін өлеңдер шығарып, ел арасына насихаттап-уағыздауда суырыпсалма өнер иелерінің шығармашылық қызметі жоғары бағалануға лайық. Осы тұста, айтыс өнері ерекше қарқынмен белең алып, қарыштап дамыды. Жер-жерлерде айтыс жиі өткізілді. Айтыстарда қоғамдық-әлеуметтік мәселелер көтерілді. Бұндағы мақсат жеңіс жолын жақындату үшін еңбек қарқынын кемітпей, қайта еселей түсудің маңызы қоғам үшін ерекше екені ескерілсе, екіншіден, тынымсыз еңбек етіп титықтаған халықтың рухын көтеріп, жігерін жану да қоса міндеттелді. Болманның Нұртаза Айранбаевпен айтысы осындай ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Әрине, Болман үлкен ақын болғандықтан, еңсеріп әкететіндей қауқары бар екендігі айтыстың табиғатынан жақсы байқалады. Нұртаза да қара жаяу емес. Ол да ысылған, әбден шыңдалған, сан айтыста жүлде алған жүйрік. Оның да жеңісті қолдан бере салғысы жоқ. Барын салады, ақындық мүмкіндігін пәрменінше ашып көрсетуге

ұмтылады. Әйтсе де, Болмандай «Бүркіттей бөрі алатын ісім айғақ»деп шүйіле-түйіле сөйлеген жүйрікке қарсы тұру Нұртазаға оңайға соқпайды. Ақыры жеңіліс табады. Айтыста кереметтей қоғамдық-элеуметтік мәселелер көтеріле қоймаса да, ақындардың өлең өрудегі қабілеттері, ой айтып, түйін жасауларындағы ерекшеліктері талдап тануға лайық.

Жезді өңірінің екі ақыны да соғыс жылдары майдан қажетіне қарай мыс пен мырыштың мол өндіріліп жатқанын айтып, озат еңбеккерлердің еңбегін паш етеді.

Денесі алып, мандайы жарты қарыс,

Зор кеуде, жауырыны жатыр алыс.

Салалы саусақтары сом темірдей,

Жайнаған екі көзі бір жолбарыс [52, 6], – деп Болман еңбек адамының сыртқы кескін-кейпін мүсіндейді. Демек, ақын адам портретін жасауға да шебер деген сөз.

Екі ақын да ел өміріндегі келеңсіздіктерді, өндіріс шаруашылықтарындағы кемшіліктерді сын тезіне салады. Осы айтыста Болман ұлттық кадр мәселесін де күн тәртібіне қоя сөйлейді. Ұлттық кадрдің өспей отырғандығы, әлі де болса жетіспей жатқандығын орынды сөз етіп көтереді.

«Өсірген жергілікті кадрың аз»,

Ауылда талабы бар жоқ па жасың [52, 6]

Уақыт талабынан туындаған ділгір проблеманы алға тартып отыр. Әбден шабыттанып ширап алған Болман кей тұста өзі туралы:

Тоқтамай толқындардан өте шыққан,

Моторлы жеткізбейтін мен бір қайық [52, 6], – деп өзінше ақындық ізденістер жасап, жаңа теңеу тауып қолданады. Болманның өлең өрудегі шеберлігіне тәнті

болған Нұртаза «Мен жеңілдім айтыста, сіз жеңдіңіз» – деп айтысты аяқтауға мәжбүр болады. Бұл Нұртазаның ұтымды сөзге тоқтауы сонау халық ақындарынан келе жатқан дәстүрді берік ұстағанын байқатса, екіншіден, Болманның ақындық қуатын танығанын, айтулы сөз зергері екенін мойындауын көрсетеді.

Кеңес заманында халық дәулетін жасаушы өндіріс-шаруашылық еңбектерінің табысын мадақтап, үлгі ету, ілгерілеуге мұрша бермей келген кемшіліктерді көзге шұқып айту дәстүрлі тақырып болды. Болманның дәстүрлі тақырып аясында өткен айтысы Серікбай Бегайдаровпен өтеді.

Төрт түлік өлкедегі жатқан қаптап,
Өсірген сиыр-қойды аман сақтап.
Планнан асып түсті малдың басы,
Асыра сөйлемеймін өте мақтап.
Дүйсенбі екі Жезді жер айнасы,
Көк майса, кілемі өскен кең даласы.

Отар мен Қарақұмның өлкесінде,
Үйілген шөп пункт салған әр даласы [52, 6], – деп өз шаруашылығының малы мен жерін таныстырып өтеді. Жер – адамның тіршілігінің қайнар көзі. «Жері байдың – елі бай» дегенді қазақ тегін айтпаған. Қарсылас ақынның сөзіне орай Болман да өз ауылы Байқонырдың жерін-елін мадақтаудан бастайды:

Жарық пен Қоянқарта жер еркегі,
Төрт түлік өлкедегі жатқан қаптап
Қарақұм бер жағында көп көл жатыр [53, 6].

Айтыс үстінде әбден желпініп, қызып алған Болман асқақ сөйлеп, қарсыласын ықтырмақ болып, өзінің ақындық келбетін көрсете сөйлейді.

Биікті мекен еткен қырандаймын,
Жарыстың аты шықса тұра алмаймын.
Бүркіттей бөрі алатын ісім айғақ,
Тасытып тау суындай жыр арнаймын [53, 6].

Жалпы, осы айтысты талдап-талқылаған кезде Болманның сөзге шешендігін, өткірлігін байқауға болады.

Ақындық өнер – айтысқа түсуге екінің бірінің жүрегі дауалай бермеген. Сондықтан өзінің ақындық мүмкіндігіне сенгендер болмаса, кім көрінген айтысқа түсе қоймаған. «Әншейін, әдетім ғой, жасымдағы» деп атақты Естай жырлағандай, Болман да байырғы әдетімен сексеннен асқан шағында күнгеі өлкесінің атақты ақыны Желеу Жақыповпен жыр бәйсекесіне түседі.

Айтайын елім мен жердің жайын,
Көп соғып сөз аяғын не қылайын.
Ұлытау, Қарқаралы қатар жатқан,
Ағзып төрт түліктен малдың жайын.
Қарағанды – Қазақстан босағасы,
Олардың бірдей өскен мал мен басы [17, 6].

Қанша шау тартып, егделікке бой алдырса да Болманның сөздері ширақ ширатылады, нысанына дәп тиеді. Бұл Болманның ақындық қуатына дәнекер бола алатын жыр жолдары десе де болатындай. Бастырмалата сөйлеп, төпелей жөнелген Болманға Желеу ақын да сөзге тұтылмайды, одан ұтылмайды. Оңтүстіктің шалқар байлығын, көл-кесір дәулетін өлеңіне өзек етеді.

Оңтүстік облысы үлкен орда,
Байлығы таусылмайтын ескі қорда.
Байқайсың, есітеміз көрмесен де,
Табыстың барлық түрі жатыр сонда.

Елім бар күміс қазан, алтын қасық,
Алтынды күнде ұстаймын жалтылдатып.
Бере алмай алтын түгіл көміріңді,

Сіз отырсыз планды кейін тартып [17, 118]. Болман да қарсыласына есесін жіберсін бе, қарымтасын қайтару мақсатында шабыттана шалқи сөйлейді.

Әй, Желеу, жас бала едің біледі деген,
Ер күшін еңбекпенен білектеген.
Айтқаны бұрынғының осы емес пе,
«Жығылған, сүрінгенге күледі» деген.
Айтайын жұмысыңды сынап тағы.
Ақын да сөз аяғын ұзатпады.
17 мың бас қойың былтыр өліп,
Сенделіп адамдарын бұлғақтады.
Тағы да айтып өтем мақта жағын,
Мақтамен сенде шырақ не ақтағаның.
Былыр да борышыңды толтыра алмай,
Осы ма маған әкеп сақтағаның [17, 118].

Осыдан бастап екі ақын өзінің жағын мақтап, қарсы ақынның елін сынап-мінеуге көшеді. Болман бұл жыр додасында өзгеше сипатта көрінеді.

Болманның Тайжандай тарлан ақынмен айтысы да біршама көркем дүние. Талай топта ысылған Тайжан оңай шағылар жаңғақ емес. Болманнан үлкендігі және бар. Соны арқаланып Тайжан кеуделеп сөйлейді.

Бұл ағаң бой бермейді, күш бермейді,
Көрген жоқ жан жармасып жағасына [17, 124].

Тайжанның қарсыласын ықтырып алу, сосын мысын басу амалы екенін Болман да білмей отырған жоқ. Небір жүйріктермен жыр додасына түскен Болман айтыста

қолданар амал-айлаларды жақсы біледі. Өзін еркін ұстап, кобалжып, саспайды. Керек жерінде өзінің де осал ақын еместігін де байқатып қояды.

Тайжеке, құнан да бар аттан озған,
Болсаң да ардагер боп топтан озған.
Бал мінез Қожабайдың баласымын,
Мен дағы жүрмін озып қалың қолдан.
Тайжеке, үлкен жасың, құрмет етем,
Артыңнан қашсаң дағы қуып жетем.
Түп бірге, түтін басқа, қайран аға,
Сөзімде айтқан осы бар ма бөтен? [17, 124]

Бұл арада Болманның да ойы жүйелі, сөзі келісті. Қожабайдай әкені мақтан тұта сөйлейді. Өзінің тектінің тұяғы екенін де сездіртіп қояды. Одан әрі дәстүрлі айтыс машығына лайық өнер көрсетеді. Арғы бабасы Сағындықтың ел қорғаудағы ерлігін әспеттеп, Ырсай, Ердендердің халыққа жасаған жақсылықтары мен қамқорлықтарын тілге тиек етеді. Тайжан да намысқа мініп, шабыттана шалқи сөйлейді.

Әуелі өзінді өзін танысың ба?
Ұлы жүз, Орта жүз боп бас қосқанда.
Сен үшін шыққан жоқ па намысына,
Кісдей сөз сөйлейсің көктен түскен.
Тұтқыштың мен емес пе қанын ішкен,
Әперген намысымды менің атам.
Қай жерім кем болып еді қайрат-күштен?
Осындай ірі ісімді еске алмайсың,
Айнала жан-жағына көз салмайсың!
Адасып, Болман інім, теріс кетпе!
Біздерден бата алсаң бос қалмайсың. [17, 125]

Айтыста ру намысын қоздыру, өздерінің ата-тектеріне кір келтірмей, асыра дәріптеу, соның нәтижесінде басымдық алу сонау Жанак, Түбектерден жалғасып келе жатқан дәстүр болатын. Осы дәстүрді Болманмен қатар Тайжан да берік ұстанады. Бұл дәстүр екі ақынға да тән ерекшелік болса керек. Айтыс біршама көркем әрі көлемді. Айтыста бейнелі сөздер, шымыр шумақтар мен тартымды тармақтар да лайықты орын алады. Сондықтан айтыста екі ақынның да суырыпсалмалық қабілеттері мен дүниетанымдық көзқарастары анық көрінеді. Тайжандай танымал ақынмен сөз таластырып, ой жарыстыруы Болманның қаншалықты денгейдегі ақын екендігіне дәлел бола ма деген мақсатпен сөз етіп отырмыз.

Ұлытау-Жезді өңірінде айтыс өнерінің қарыштап, жаңа қарқынмен дамуына үлес қосқан ақындардың бірі – Иманжан Жылқайдаров. Ақынның «Үкімет бұйырған соң келіп қалдым» деуіне қарағанда, Қалқа Жапсарбаевты арнайы іздеп барып айтысқан. Алдымен есен-амандық сұрасқан соң, қоғамдық-әлеуметтік жағдайларды тілге тиек етеді. Айтыста негізінен ел басына күн туған алмағайып заманда майданға көмек беру, жеңіс күнін жақындату жолында қоғамның әрбір мүшесінің қосып жатқан үлесі көрсетіліп қана қоймай, орын алып отырған кем-кетіктерде жүйелі сөз болады.

Отанның кызыл қыран ерлеріне,
Бәтеңке, жылы киім бердім жайлап.
Ақ нан мен колбасаны, сары майды,
Жеткізіп вагон-вагон тұрмыз сайлап [53, 6] – деген
Иманжанның уәжіне қарсылас ақын Қалқа былай деп үн қатады:

Отанға берген ақ пимаң –
Ақ қойымның терісі.

Отанға берген бәтеңкең –
Көк танамның терісі.
Отанға берген сары майың –
Көк сиырдың жемісі.
Отанға берген ақ наның –
Колхозымның егісі [53, 6].

Қала егін салып, маңғырған мал өсірмесе де, ауылда өндірілген өнімді өңдейтін бірден-бір өндіріс орны екені екі ақынның айтысынан анық аңғарылады. Бұл айтыстың тағы бір атап өтерлік ерекшелігі – қала ақыны мен дала ақышының сөз қағысуларына құрылуы. «Өзіңнің түйедейінді көрмей, басқаның түймедейін көресің» деп Қалқа да әріптесін сынға алады. Ол қала өміріндегі кейбір кемшіліктерді айта келіп:

Асылмайды қазаның,
Ауылдан көмек алмасан [53, 6], – деп түйеді.

Екі ақын да өз облыстарының жетістіктерімен қоса, оның азат еңбеккерлерінің бейнесін беруге де талпынады. Иманжанның Қалқамен айтысында ауыз әдебиетінен алынған дайын піркестерді пайдаланып, мақал-мәтелдерді өзінің ақындық позициясына қарай мүлдем қолданбайды. Есесіне өлеңдерінен бейнелі сөз, тартымды тармақтарды, шымыр шумақтарды көп ұшыратуға болады. Айтыста соңғы сөз тыңдаушыларға арналады. Өйткені, айтыстың көздеген түпкі мақсаты халықты қоғамдық еңбекке жұмылдыру, сөйтіп, жеңісті тездетуге үлес қосылу екенін тағы да еске салады. Айтыстың негізгі тартыс өзегі осыдан басталады. Сондықтан ақындар табыс пен кемшілікті нақты анықтап көрсеткісі келеді. Осыған орай, Иманжан былай деп тіл қатады:

«Әй, Қалқа, ел аман ба, халің қалай?
Әрине табыстарын мол-ақ шығар,
Сонда да кемшілікті айт, арындамай [53, 6].

Одан әрі ақын шаруашылықтардың атын атап, орын алып отырған келенсіздіктердің себебін сұрап сауал қояды. Қалқа да Иманжанның сауалына қарай қарсы сұрақ қойып, оның кемшіліктерді жасырмай анық айтуын өтінеді. Шығынсыз кіріс кірмейтін ескерген Иманжан өзінің де кемшілігін айтып, оны жоюға уәде беретінін айтыста былай жеткізеді:

Жоюға кемшілікті серт беремін,
Бос мақтан даурығуды жек көремін [53, 6].

Бұл айтысынан Иманжанның ақындық пәрмені, өлең-сөзге жүйрік екені, қарсыласынан басымдылығы көрініп жатады. Иманжан – талай мәрте айтысқа түсіп, бағын сынап, абыройлы болған ақын. Бізге бұдан басқа да сөз зергерлерімен атап айтқанда, Тайжан, Болман ақындармен сөз қағысулары да белгілі. 1930 жылдары тоқырап немесе баяу-бәсең дамып келген айтыс ел басына күн туған қиын шақта қайтадан жанданды. Айтыс – қоғам құбылысына, өмір ағымына дер кезінде үн қосатын әрі пәрменді әсер ететін ақындық поэзияның өте беделді жанры. Өмірлік шындығын, қоғам көрінісін, халықтың тыныс-тіршілігін жеріне жеткізе айтып беруде айтыстың мүмкіндігі мол. Әрине, кемшілікті көрсетуде, сынды күшейтуде айтыстың маңызы зор болды. Ұлы жазушы Ғ. Мүсіреповтің «... Көркем сөз, көрікті ой, көңіл сенетін байлам – айтыс ақындарының ат байлар алтын қазығы, міне, осы» [54, 3] деуі бекерден-бекер емес екенін ескермеске болмайды. Өйткені, айтыстың тартымды, көркем болуы оның көтерген проблемасы мен ұсынар идеясына ғана қатысты болмай, сонымен қатар тіліне, бейнелі сөздерді шығармашылық ұстанымына қарай тиімді қолдануына байланысты болса керек. «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» тартымдылық қасиеті болмаса, қанша жердегі

терең ой, салмақты пікір айт десек те ондай айтыстың көркемдігі, әдеби маңызы төмен тартып, бәсеңдейтіні анық. Көркемдігі келіскен, шымыр шумақтармен шырайланған айтыс көпшіліктің көкейіне қонады, ауыздан-ауызға тарап, ұзақ уақыт есте сақталады.

Айтыста екі ақынның бір-біріне жұмбақ жасырып, сұрақ қою арқылы қарсыласының тапқырлығын, білгірлігі мен ойға жүйріктігін сынауы жұмбақ айтыстың негізгі ерекшелігі болып табылады. Қазақтың жұмбақ айтысы ертеден етек алып кең жайылған. Ұлттық әдебиет тарихында Сапарғали мен Нұржанның, Әсет пен Ырысжанның сөз қақтысулары жұмбақ айтыстың озық үлгілерінің бірінен саналады. Ұлытау-Жезді өңірінде айтыстың осы бір күрделі түрін жаңғыртқан ақындардың бірі – Иманжан Жылқайдарұлы еді. Оның Тайғарамен жұмбақ айтысы көркемдік талап тұрғысынан керемет дүние болмаса да, тәрбиелік-танымдық мәні жағынан айтуға тұрарлық туынды. Қолдағы деректерге қарағанда, айтыстың кейбір бөлімі ел арасына жазбаша таралып мәлім болған. Кейін екі ақын кездесіп айтысқа түсіп, шығармашылық шеберліктерін сынға салады. Айтыстың ерекшелігі сол – үнемі жұмбақты Тайғара жасырып, Иманжан шешуін айтып отырады. Сол кезеңдегі елдің мәдени-әлеуметтік өміріне қатысты әр алуан тұрмыстық заттар жұмбақ болады. Мұндай заттардың жұмбақталуы қалыпты ұғым-түсінікке ешқашан жат дүние болып көрінбейді.

Сонымен қоса, Иманжан да, Тайғара да метафоралық салыстырулар арқылы астарлап отырады. Айгалық, құмырсқа илеуінің жұмбақталуы да өте қызық, осыған орай Иманжан шешуі әрі қысқа, әрі нұсқа болып шыққан.

Бұл құмырсқа байтақтағы,
Адамға түсінбеген шатақтағы.

Ол көп болғанмен ел шаппайды,
Нәпақа теріп жейді қаптап тағы [55, 6].

Иманжан мен Тайгараның жұмбақ айтысын көркемдігі кемел, осы жанрдың керемет үлгісі дей алмаймыз. Әйтсе де, Ұлытау-Жезді өңірінде айтыстың осы бір қиын да күрделі жанрын дамыту жолында шығармашылық ізденістер жасағанын құптап қолдануға лайық. Сол себепті бұл айтыс Иманжанның шығармашылық лабораториясынан лайықты орын алатын туынды болып табылады. Жұмбақ айтыстың осы ерекшелігі жөнінде Ш. Керім: «Айтыс ақындары жұмбақты мазмұндық жағынан байытты, олар нақты заттарды бүкпелеп айтумен бірге абстракциялық мәндегі құбылыстарды да жұмбақтауға дендей бой ұрады. Халық жұмбағында бірнеше зат пен құбылыс арқау болғанда, олардың қызметі мен мекені ыңғайлас, шектес болса, ақындардың бір жұмбақ ішінде өзара алшақ жатқан құбылыстарды топтап беруі, шешімін табуды қиындатып салмақтандыра түскен деп тұжырым жасайды» [56, 6]. Ұлы жазушы М. Әуезов жұмбақтың ерекшеліктерін сөз ете келіп «Жұмбақ ақындықтың ұрығы-дәні тәрізді» [57, 17] – дегенді айтады. Иманжан өзінің суырыпсалма өнерді игерумен қатар, өре деңгейі мен танымал тереңдігі арқасында жұмбақ айтыстың дамуына үлес қосты.

Зерттеу тақырыбымызға өзек болған ақындардың айтыс өлеңдерін талқылай-талдай келе байқағанымыз мынау – ол айтыстың қоғамдық-әлеуметтік мәні, атқаратын шығармашылық қызметі әрі жанрлық түрі де әр кезеңде бірдей болмағандығы. Қожабайда ру намысы күштірек көзделген сияқты. Мұны біз Қожабайдың Құлтума, Есенбайлармен қағысуларынан жақсы аңғарамыз. Иманжан, Болмандардың айтыстарында Қожабайдай ата намысын жырту, ру таласын айту жоқ

болғанымен, жершілдік (өз обл., өз ауд.) мәселесі басты тартыс болғанын жоққа шығара алмаймыз.

Әсіресе, Болманның Шашубаймен, Иманжан Қалқамен күні бұрын сөз сайысына түсетін қарсылас акындарының облыстарын, аудандарын, өндіріс орындарын аралап, кемшіліктерін көзбен көріп қайтуға арнайы барған. Өйткені олар әріптесінің ауданындағы, шаруашылыққа, қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге қатысты орын алып отырған олқылықтарды нақты фактымен дәлелдеп көрсете алса, жеңіске жететіндіктерін жақсы түсінген. Осы жайт Иманжан, Болмандардың айтыстарынан жақсы аңғарылады.

Қорыта келе айтарымыз, Қожабай, Иманжан, Болмандардың айтыстары өзінің табиғи қалпымен, болмыс-бітімімен ғасырлар бойы халқымызбен бірге жасап келген дәстүрлі өміршең өнердің заңды жалғасы болып табылады. Әрине, қоғам құбылыстарына, замана алмасуларына орай айтыста түр, мазмұн жағынан елеулі өзгерістерге ұшырағаны анық. Алайда, өзінің қоғамдық-әлеуметтік сипатынан, идеялық-эстетикалық мәнінен мүлдем қол үзіп қалған жоқ. Айтыс әлі күнге халыққа шығармашылық қызмет атқарып, оның рухани талап-тілектеріне толығымен жауап беріп келеді. Осы қасиеттер айтыстың өміршең, өз құнын жоймас мәңгі жасайтын өнер екенін дәлелдеп қана қоймай, оның болашаққа халқымызбен бірге жасап, оған мәңгі қызмет ете беретініне ешкім күмән келтірмейді. Бұл ойымызды фольклоршы-ғалым О. Нұрмағамбетованың мына пікірі қуаттап қолдайды: «Халықтың ауыз әдебиеті, оның ішінде айтыс жанры бәсеңдеу процесінде емес, даму процесінің жаңа сатысына, биік белесіне көтеріліп келеді» [58,72], – дейді.

Акындардың өлең-толғау, жыр-дастандарына назар аударсақ, олардың теңеу, айқындау және ауыстыруларды

көркемдік бейнелеу тәсілі ретінде көп қолданғанын байқау киын емес.

Иманжанның өлең-толғауларының тілі айшықты болуының бірден-бір себебі осы қасиетінде болса керек. Бұл, ең алдымен оның жасынан ауыз әдебиеті мен жыраулар поэзиясынан мол сусындап, тағылым алғанына байланысты. Сөздің қыры мен сырын талғап, орнымен қолдануды үйренген Иманжан сол байлықты өз шығармаларында молынан пайдаға асырды. Соның нәтижесінде, Иманжан өз өлеңдерінде бейнелі сөздерді құлпыртып қолданарлық дәрежеге көтеріді. Оның өлеңдерінен казак өмірінің шаруашылық кәсібіне, төрт түлік малға, наным-сенімдеріне катысты туған геңеулер мен баламалар жиі кездеседі. Мәселен «Атандайын», «Бурадайын», «Тасындай», «Шудадайын», «Таңындай», «Шамындай», «Сағымдай», сонымен қатар ақын өлеңдерінде «Айбынды елдің туындай», «Аққу құстын мойнындай», «Қасы құндыздай» секілді дәстүрлі геңеулер мол ұшырасады. Ауыз әдебиетінің дәстүрін игерс отырып, ақын сөздердің жаңа сәйкестігін табуға ұмтылады.

Айнадай жарқырайды,
Суы жайнап.
Көл суы балдан тәтті,
Қардан суық.
Шымырланып, көбіктеніп,
Бұрқ-бұрқ кайнап.
Айнала жасыл шалғын,
Көк шөл құрақ.
Ну, ағаш, қалын біткен,
Сыртын орап.
Күзеткен өлкелерді,
Жасақшыдай.
Қисайып жатыр көлбеп,
Арша сұлап. [48, 7].

Бұл ерекшеліктер өлең жолдарының әуезділігін, көркемдігін арттырады. Теңеу, метафора, эпитет сияқты кесте-өрнектерінен де Иманжанның ақындық ізденістері жақсы байқалады.

Академик Қ. Жұмалиев: «Синтаксистік ойдың бітуіне қарай шумақ та әртүрлі болады. Ол екі жол өлеңмен бітсе, екі тармақты шумақ, үш жол өлеңмен бітсе, үш тармақты шумақ, төрт жол өлеңмен бітсе, төрт тармақты шумақ деп аталады... онан да көп бола береді. Ол айдың бітуіне қарай» [59, 73], – дейді.

Қалмаққа қарсы барғанда,
Жол болып алды ашылды.
Жабыла тартқан мергендер,
Аяқта қалып басылды. [48, 48]

Ақын өлеңдерінде ой көбінесе төрт тармақты шумақпен бітеді. Оның өлеңдерінен мұны анық көруге болады. Ақын өлеңдерінде өзіндік ізденістерімен қатар ғасырлар бойы халықтың санасына сіңген сөз өрнектерін қолдану жақсы байқалады.

Қожабайдың да өлең-толғаулары кестелі сөзге мейлінше бай. Қоғам қайшылықтарын терең толғаған ақын өлеңдерінде өмір құбылыстарын нақты көрсетіп береді. Адам сезіміне әсер беретін сөз орамдары, бейнелі өлең жолдары ақын шығармашылығында басты орын алады. Негізінен тілдің көркемдегіш тәсілдері болып табылатын эпитет, теңеу, метафора, т. б. түрлері Қожабай өлеңдерінде жиі кездеседі. Өлеңнің мәні мен әрін көрсететін сөздің бірі – эпитет. Ол көңіл-күйге және бейнеленер құбылысқа нақты бағытталып қашанда ақынның жан тербенісінен хабар береді.

Қожабай өлеңдерінде айтқалы отырған құбылысты әрлеп айқындау үшін оларды басқа бір құбылыспен

алмастырып ауыстырады. Сөз егіп отырған нәрсеге бейнелі балама тауып қолдану арқылы Қожабай ақындық ойын тереңдетіп, оған тың мазмұн үстейді, өлеңнің әсерлілігін күшейтеді.

«Дүние – арық, пенде – киік қарғып өткен»

Үзіндіде дүниенің, өмірдің даму заңдылығы, өткіншілігі жөнінде ой пікір айтылады. Бұнда айтылған ойдың дәлдігі мен әсері сәтті алынған метафораларға қатысты болып отыр. Фәни жалғанды ағынды суға, адамды сол судан қарғып өткен киікке балап сөйлейді. Халық ұғымында қалыптасқан түсінікті Қожабай осы жерде ұтымды пайдаланады. Сонымен бірге, адам бейнесін сомдауда Қожабай екінші бір нәрсеге балап айтып, салыстыра көрсетудің үлгісін жасайды.

Бабасы қамал бұзып ту ұстаған,

Айбарлы арыстанның баласы еді, [17, 48] – деген өлең жолдарында Сандыбайдың ерлік қимылы, жау қолына төтеп берген табандылығы жырланады. Батыр көрсеткен қаһармандық іс, оған тән қайрат-жігерді арыстанға теңеу арқылы бейнелейді. Қожабайдың өлең-толғауларында метафораның мол түрі кездеседі. Ақын метафораны өзінің түпкі көздеген мақсатына бағындырады. Сондықтан, ақынның метафоралары бірде ой-қиялы ерлікке, батырлыққа шақырса, бірде қоғамдағы келенсіздіктерді мінеп-сынауды мақсат етеді.

Қожабай өлеңдерінде көп тармақты өлең түрлері де кездеседі. Өлеңдерінің көп тармақты болып келуі Қожабайдың ой-қырының орасан молдылығымен байланысты болса керек. Мұның өзі ақынның өлең өрудегі шеберлігін байқатады. Сонымен қатар, ақынның кейбір өлеңдерінде айтпақ болған ой-пікір бейнелі, астарлы тұспалмен жеткізіледі. Ондай өлеңдерінде өмір

шындығынан ой түйіп, байлам жасау бірден көзге шалынады.

Қожабай өлеңдерінде эпитет, теңеу, әсірелеу, ауыстыру мағынасында қолданылатын фигура өзара байланысты түрде де жиі ұшырасады. Бұлардың өзара бірі мен бірінің байланыстары ақынның сөзге шеберлігін көрсетеді. Бұл жағынан алып қарағанда да Қожабайдың айтулы сөз зергері болғандығын аңғарамыз.

Жалпы, қоғамдағы өзгерістер тилдік қорымызға әсер етпей қоймайды. Жаңа қоғамдық құбылысқа, шаруашылыққа, саясатқа қатысты пайда болып, қолданысқа кіреді. Мұндай ерекшеліктерді Болманның өлеңдерінен жақсы байқаймыз.

Байлығын шынар терек күнге еркелеп,

Самсаған он саусақтың саласындай [15, 7] – деген теңеулер қазақтың ұлттық ұғым-түсінігіне лайық әрі ауыз әдебиетінде әбден үйреншікті, дәстүрлі баламалар екені анық. Міне, осындай сөз маржандарын теріп, орынды пайдалануы ақын өлеңдеріне көркемдік сипат дарыта түскен. Болман ауыз әдебиетінде, әсіресе, ертегі-аңыз әңгімелерінде қолданылатын көркемдеу тәсілдерін де ұтымды қолданады.

Сияқты қиыр шығыс хор сарайы,

Мызғымас көк сауыттай құрыш киген.

Түстігім қазынанын гүрған кілті,

Алады қалағанын қолы тиген [15, 7], – деген өлең жолдарынан мұны айқын көруге болады. Болман ауыз әдебиетінде орныққан тіркестерді тауып, шығармашылық ұстанымына қарай тиімді пайдаланады.

«Қайнаған құрыш, ақ алмаз», «Болғанда үзгі алтын, түндігі мыс», т. б. эпитеттер ақын өлеңдерінің көркемдік сапасын арттыра түскен.

Қара тұмсық, қанды ауыз,
Қанға тоймас жалмауыз.
Зытты бір күн сытылып,
Отқа үйіткен мысықтай,
Сүтке тиген күшіктей [15, 7].

Көркем эпитет, өткір теңеу, ұнамды метафора, орынды әсірелеу, міне, мұның бәрі де Болман өлеңдерінің негізгі ерекшеліктері. Бұл қасиеттер ақын өлеңдерін көркемдік тұрғыдан байыға түскен. Образды сөздердің бейнелеу тәсілдерінің өлеңдерінде мол көрініс беруінен Болманның ақындық қабілетін көреміз. Ойымызды түйіндей келе айтар болсақ, өлең-толғауларында теңеп, балап айту мен астарлы тұспалдардың көптігі Болманның айтулы ақын болғандығын дәлелдейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Түйіп айтқанда, Ұлытау-Жезді өңірінде қалыптасқан ақындық мектептің ерекшеліктеріне, даму заңдылықтарына талдау жасау арқылы әдеби дәстүрдің қайнар-бастаулары ауыз әдебиетінде жатқанын айқындадық. Сол себепті, ақындық мектеп пен ауыз әдебиеті арасындағы сан ғасырларға созылып жатқан көркемдік дәстүр жалғастығы бір сәтке де үзілген емес деген тұжырымға келдік.

Өз дәуірінің үні мен сөзі болған Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара сияқты қазақтың айтулы жыраулары өздерінің айтып-ұсынарын абстракты түрде емес, олар шешілуі қиын түйінді мәселелерді батылдыкпен көтеріп, шындыққа суарылған ақиқат сөздерін жасканып-жалтақтамай ашық айта білген. Жыраулар поэзиясындағы осындай ерекшеліктердің ақындар шығармашылығынан мол ұшырасуы кездейсоқтық емес еді. Бұл ақындық мектеп өкілдерінің жыраулар поэзиясынан қаншалықты дәрежеде үйреніп-үлгі алғандығын дәлелдеп бере алса керек. Демек бұл ақындық мектептің дамып-жетілуінде жыраулар поэзиясының әсер-ықпалы ерекше болды деген сөз.

Адам бойындағы имандылықтың басты көрінісі мейірімді, қанағатшыл, өзгелерге қамқорлық жасау болып табылады. Адам табиғатына тән осындай тамаша қасиеттер турасында жыр толғаған Шортанбай, Дулат, Орынбай, Шөже, Базар және тағы басқалардың әдеби дәстүрін Қожабай, Иманжан, Болмандардың ақындық ізденістер

жолында жалғастыра білуі де шығармашылық тұрғыдан шындалудағы кезекті бір талпыныс еді.

Бұл зерттеуде өзек болған тағы бір нәрсе – ол дидактикалық сарындағы халық поэзиясының көрнекті өкілдері Жамбыл, Доскей, Нұрпейіс, Нұрлыбек, Төлеу, Шашубай, Кенен, Саяділдердің ғибратқа толы өлең-жырларының үлгі-өнегелік қасиеті өзінің мән-маңызын жоғалтпай ақындардың шығармашылығында бар сипат белгісімен көрініс беруі дер едік. Дәлірек айтсақ, бұлардың өлең-жырларында айтылған ой-пікірлер, ғибрат сөздер Қожабайдың, Иманжан, Болмандардың шығармашылығында жалғасын тапты. Сонымен қатар, халықтық поэзия мен ақындық мектеп өкілдері арасында үзілмей келе жатқан дәстүр жалғастығы бар екенін жоғарыда келтірілген нақты деректерден айқын көруге болады. Мұндай көркемдік дәстүр жалғастығы негізінен өлең-толғаулардың тақырыбына, бейнелеу құралдарына, композициясына, тіліне, тағы басқаларына катысты болып келетінін аңдадық.

Ақындық мектептің қайнар көзі, үйренген қазынасы да халық поэзиясы деп танысақ, ол белгіні бір-екі құбылыстан іздемей, ақындар өлеңдерінің өн бойынан, түгел-тұтасынан табуымыз керек. Ақындар өлеңдерінің қасиеті осы тұтастығында болар. Ол тұтастымен, барлық ең-белгілерімен түгелденгенде ғана ақындық мектептің өзіндік ерекшеліктерін толық танытады.

Айтыс – сыншыл әрі шыншыл жанр. Жалпы, айтыс өнерінің халықтың тұрмыс-тіршілігіне қаншама сіңісті болып кеткенін дәлелдеп жатудың қажеті болмас. Қазақ қоғамында ауылдың алты ауызы мен қонақ-кәделердің айтысқа ұласып кеткен кезеңдері де аз болмаған. Айтыс өнері әсіресе, ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында ерекше қарқын алып дамыды. Орталық Қазақстанда айтыс өнерінің қоғамдық-әлеуметтік сипат ала

дамуына ақындық шеберліктерімен қарқынлы үлес қосқан Жанак, Есенбай, Құлтума, Доскей, Кемпірбай, Шашубай, Маясар, Қайып, Тайжан, Жолдыкей, Нияз, тағы басқалардың ақындық мектеп өкілдерінің арасында етене шығармашылық байланыс орнауы да осы бір киелі өнердің Ұлытау-Жезді өңірінде ерекше екпін алып дамуына себепкер болғанын зерттеу еңбегімізде барынша нақтылап беруге тырыстық. Айтыс ақындары адалдық пен адамшылықты, елдік пен ерлікті әспеттеп, бұқарашыл сипатымен бір үлгінің ақындары болып саналады. Осы айтылғандардан ақындардың өз айтыстарында қоғамдық-әлеуметтік мәні зор проблемаларды орынды көтере білгенін байқауға болады. Аталған ерекшеліктер ақындар айтыстарының халықтық сипатын танытумен қатар, ақындық мектептің бағыт-бағдарын да анықтап бере алады.

Сонымен қатар, Ұлытау-Жезді өңіріндегі ақындық орта дәстүрінің негізгі заңдылықтарын ғылыми жүйелеп бағалау, ақындық мектептің табиғатына тән ерекшеліктерді пайымдаудың өзекті мәселе екенін ұғындырды.

Шығармаларында замана шындығы, уақыт тынысы қаншалық айқын көрінсе, соншалық олардың ақындық тұлғасы зорайып, қоғам алдындағы жауапкершілігі айқын танылады. Ақын өзі өмір сүрген дәуірдің перзенті, оның дауысы өз уақыты тынысымен үндес келуі де заңдылық. Ақындар шығармашылығын қарастырғанда олардың азды-көпті заманына үн қосып отырғанын емес, уақыт тынысын танытқандай ерекше табыстарына баса назар аудардық.

Қазақтың эпикалық жырларының идеялық мазмұны ғана емес, сюжеті күрделі болып келеді. Эпикалық жырлар да қазақтың басынан өткізген тарихи-әлеуметтік жағдайдың негізінде туған. Жалпы алғанда, Қожабай, Иманжан, Болмандардың дастандарын өмірдің өзінен

алынған, соның шындығынан туған реалистік шығарма деп қарастырсақ қана, дiттеген мақсатымызға жететiнiмiздi жақсы түсiндiк. Сондықтан да Қожабай, Иманжан, Болмандардың дастандарын өмiр тарихымен, замана жағдайымен байланыста туған басқа да халық ақындарының эпикалық дастандарымен сабақтастықта, әдеби жалғастықта алып қарастырғанда ғана олардың бiр-бiрiнен айырым белгiлерiн ақындық iзденiстер жасаудағы мүмкiндiктерi мен ерекшелiктерiн толық танып бiле алатынымызды ұғындық.

Ұлытау-Жездi өнiрi ақындарға кенде болмағаны белгiлi. Кезiнде өлең, жырымен де сусындатқан Қожабай, Иманжан, Болмандардың өмiрбаяны мен өнерпаздық қырлары туралы деректер, мағлұматтар берiлгенiмен, олардың әдеби мұралары жайлы зерттеу еңбектер жоқтың қасы деуге болады. Сол себептi бiз де өз кезегiмiзде халық поэзиясының дамып-жетiлуiне ақындық мүмкiндiгiмен зор үлес қосқан Қожабай Токсанбайұлы, Иманжан Жылқайдарұлы және Болман Қожабайұлының шығармашылық өмiрбаяны мен әдеби мұраларын шама-шарқымыз жеткенше зерттеп-зерделеудi мақсат еттiк.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сүтжанов С. Мәшһүртану курсы. – Павлодар, 2006. – 91 б.
2. Қасқабасов С. Мәдени мұра – рухани жаңғырудың негізі. Егемен Қазақстан, 2 желтоқсан, 2003 жыл.
3. Ахметов Қ. Ұлы даланың Ұлытауы. – Астана, 2003. – 308 б.
4. Федоров В. И. Литературные направления в русской литературе XVIII века. – М., 1979. – 285 с.
5. Кулешов В. И. Натуральная школа в русской литературе XIX века. – М., 1982. – 220 с.
6. Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Арыс, 2006. – 251 б.
7. Қирабаев С. Талантқа құрмет. – Алматы, 1988. – 268 б.
8. Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы, 1956. – 340 б.
9. Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. – Алматы, 1960. – 482 б.
10. Адамбаев Б. Алтын сандық. – Алматы, 1989. – 200 б.
11. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті: дәуірлеу, жанаша пайымдау. Егемен Қазақстан, 1999, 16 шілде, № 148–149, б. 3, 4.
12. Қазақ әдебиетінің тарихы. 4-том. – Алматы: 2005. – 432 б.
13. Дастанов А. Аппақ ишан. «Сарыарқа» Жезқазған қалалық газеті. 2003, 18 тамыз. № 120. – 3 б.
14. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. – Алматы: 1989. – 360 б.
15. Жармұхамедов М. Айтыстың даму жолдары. – Алматы, 1976. – 168 б.

16. Құлманов Т. Жыр түйғыны. – Алматы, 2001. – 282 б.
17. ҚР. ҰҒА. М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры. № 701, 4-папка.
18. Шайкы А. Ақын Болман. – Жезқазған, 1932. – 48 б.
19. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. (Генезис, стилистика, поэтика). – Алматы, 2001. – 335 б.
20. Қабдолов З. Жебе. – Алматы, 1977. – 380 б.
21. Мырзахметов М. Абай және Шығыс. – Алматы, 1995. – 240 б.
22. Смағұл Ғ., Оспан Ж. Сөз асылы. – Қарағанды, 2005. – 202 б.
23. Тимофеев Л. И. Основы теорий литературы. – Москва.
24. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы, 1991.
25. Кәкішев Т. Сын сапары. – Алматы, 1971. – 203 б.
26. Нарманбет. – Қарағанды: Болашақ-баспа, 1998. – 356 б.
27. Негимов С. Өнерпаздық өрнектері. – Алматы, 1996. – 84 б.
28. Орманбетұлы Н. Кер заман. – Алматы: Алаш, 2004. – 320 б.
29. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 2005. – 432 б.
30. Төрекұлов Н. Қазақ совет халық поэзиясының жанрлық ерекшеліктері. – Алматы, 1979. – 168 б.
31. ҚР. ҰҒА. М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. № 742-папка, 5-дәптер.
32. Қазақ айнасы. (Өлеңдер жинағы). – Алматы, 2003. – 294 б.
33. ҚР. ҒА ОГК қолжазба қоры. № 701, 6-дәптер.
34. Әбілқасымов Б. Телқоңыр. – Алматы, 1993. – 167 б.
35. Жезқазған қалалық архиві. № 28 папка, 1-дәптер.

36. Тұрысбек Р. Ұлт мұраты және руханият. – Астана, 2008. – 627 б.
37. ҚР. ҰҒА. М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. № 701-папка, 5-дәптер.
38. Нарымбетов Ә. Уақыт шындығы – көркемдік кепілі. – Алматы, 1989. – 184 б.
39. Тебегенов Т. Халық ақындары шығармашылығындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. – Алматы, 2001. – 332 б.
40. Бес гасыр жырлайды. 3-т. – Алматы, 1989. – 384 б.
41. Сейітов С. Қазақ поэзиясындағы Маяковский дәстүрі. – Алматы, 1966. – 137 б.
42. Нұршайықов Ә. Ұлттық тәрбие. (Егемен Қазақстан). – 2003. – № 167. – 3 б.
43. Токмағанбетов А. Таңдамалы шығармалары. (Өлеңдер, поэмалар). – Алматы, 1956. – 310 б.
44. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы, 1995. – 340 б.
45. Арутюнов Л. Н. Пафос современной поэзий (художественные искания современной советкой поэзий многонациональной литературы). – Кишинев, 1976. – 220 с.
46. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы, 1999. – 296 б.
47. Әзірбаева Б. Қазақтың діни дастандары. – Алматы, 2002. – 420 б.
48. Қабдолов З. Арна зерттеу-эссе. – Алматы, 1988. – 320 б.
49. ҚР. ҰҒА. ОККҚ. № 702, 8-дәптер.
50. Ғабдуллин З. Қазақ халқының әуыз әдебиеті. – Алматы, 1967. – 321 б.

51. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20–40 жылдарында. – Алматы, 1994 – 250 б.
52. Әлтай А. Қазақ әдебиетіндегі Ағыбай батыр бейнесі: автореферат. Диссертация, филол. ғыл. кан. – Алматы, 2001. – 30 б.
53. ҚР. ҰҒА. М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. № 202, 9-дәптер.
54. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1961. – 542 б.
55. Мүсірепов Ғ. Суреткер парызы. (Әдеби-сын сибектері). – Алматы, 1970. – 350 б.
56. Жезқазған қалалық архиві. № 28-папка, 1-дәптер.
57. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы, 1962. – 320 б.
58. Кәрім Ш. Жұмбақ айтыстарының көркемдігі. Көкейкесті әдебиеттану. – Астана: Күлтегін. – 2003.
59. Нұрмағанбетова О. Қазақ эпосын айтушы жыршы, жыраулар. Кітапта: Фольклор шындығы. – Алматы, 1990. – 264 б.
60. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы, 1960. – 364 б.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
Ақындық орта дәстүрі.....	7
Дәстүр жалғастығы және ақындық ізденістер.....	38
Қорытынды.....	134
Пайдаланылған әдебиеттер.....	138

Мейіржан Абдіқадырұлы ТАПАШЕВ

ҰЛЫТАУ АҚЫНДАРЫ

ЖАЛҒАСҚАН ДӘСТҮР

Зерттеу

Жауапты редакторы Р. Ж. Әбдірахманова
Техникалық редакторы Д. Д. Секенова
Корректоры Г. Шаймерген

Басуға 22.098.2010 ж. қол қойылды
Пішімі 84 × 108 1/32. Шартты баспа табағы 9,0
Тапсырыс № 557. Таралымы 100 дана

«Келешек–2030» баспасында басылып шығарылды
020000. Көкшетау қаласы, М. Горький к-сі, 17а
тел. (8-716-2)-31-33-49, факс 31-33-51
E-mail: Keleshek_red@mail.ru, <http://www.keleshek.kz>

